

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

*2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді*

Бас редактор

Алуа Жолдыбалина,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ-дің бас ғылыми қызметкері

Шығаруға жауапты:

А. Арзықұлов

Редакция мекенжайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 4
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20

Факс (7172) 75-20-21

E-mail: office@kisi.kz

www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

ISSN 2414 - 5696

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

ҚБ «ҚСҚ» «Бұланды» ҚФ

басылып шығарылды.

Макинск қ.,

Громов көш., 73,2.

Таралымы 500 дана.

**Қоғам &
Дәуір**

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Жанна Қыдыралина
Алаш зиялыларының мұрасы және тәуелсіз
Қазақстанның құндылықтары..... 6

Берік Әбдіғалиұлы
Жетісу майданындағы Алаш әскері..... 14

Қайрат Әлімғазинов
Евгения Чиликова
Тарихи жады кеңістігіндегі Алаш қозғалысы
(Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің
материалдарына деректанулық және
археографиялық шолу)55

Қайырбек Кемеңгер
Алаш білімпаздарының еңбектерінде
түркітану мәселелері.....72

Дінмұхамед Абдраханов
Ахметтану. Ахмет Байтұрсынұлының тарихи
тұлғалық ерекшеліктері.....81

Меліс Сатаев
Тәуелсіздік толғауы.....89

Құндызай Ерімбетова
Қазақстандағы ғылыми мекемелердің қалыптасуы:
тарих ғылымы.....97

СОДЕРЖАНИЕ

Жанна Кыдыралина
Наследие алашской интеллигенции и ценности
независимого Казахстана.....6

Берик Абдығалиұлы
Алашское войско на Семиреченском фронте..... 14

Қайрат Алимғазинов
Евгения Чиликова
Движение «Алаш» в пространстве
исторической памяти (источниковедческий
и археографический обзор по материалам
Архива Президента Республики Казахстан).....55

Қайырбек Кемеңгер
Вопросы тюркологии в трудах просветителей
«Алаш».....72

Динмұхамед Абдраханов
Ахметтану. Особенности Ахмета Байтурсынова
как исторической личности.....81

Мелис Сатаев
Сага о независимости.....89

Құндызай Ерімбетова
Формирование научных учреждений в Казахстане:
историческая наука.....97

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының
Президентінің Қаулымен
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

CONTENTS

Zhanna Kydyralina Heritage of Alash Intelligentsia and Values of Independent Kazakhstan.....	6
Berik Abdygaliuly Alash Army at Semirechensky Front.....	14
Kayrat Alimgazinov, Yevgeniya Chilikova Alash Movement in Historic Memory: Historiographic Overview of Sources from President's Archive of Kazakhstan.....	55
Kaiyrbek Kemenger Issues of Turkology in Writings of Members of the Alash Enlightenment Movement	72
Dinmukhamed Abdрахanov Akhmettanu; on Akhmet Baitursynov as Historical Figure.....	81
Melis Sataev Independence Saga.....	89
Kundyzai Erimbetova Establishment of Scientific Institutions in Kazakhstan: Historical Studies.....	97

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

- Ерлан ҚАРИН** – Редакциялық кеңестің төрағасы,
«Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма төрағасы,
саяси ғылымдарының кандидаты
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – Бас редактор, ҚР Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер
институтының бас ғылыми қызметкері, Ph.D
- Гүлназ ҚАСЫМОВА** – редактор, ҚР Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер
институты Әлеуметтік-саяси зерттеулер
бөлімінің ғылыми қызметкері
- Уямо ТОМОХИКО** – Хоккайдо университеті жанындағы Славян
зерттеулер орталығының профессоры
(Жапония), Ph.D
- Уильям ФИЕРМАН** – Индиана университетінің профессоры
(АҚШ), Ph.D
- Сон ЮНХУН** – Ханкук университетінің профессоры
(Оңтүстік Корея), Ph.D
- Буркитбай АЯГАН** – ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы
институтының директоры, тарих
ғылымдарының докторы, профессор
- Казбек ИСАЕВ** – ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның
стратегиялық зерттеулер институтының
ғалым хатшысы
- Мейрам ҚАЖЫКЕН** – Қазіргі заманғы қоғамды зерттеу
институтының директоры, экономика
ғылымдарының докторы
- Ботагоз РАКИШЕВА** – «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының
жобалар директоры, әлеуметтану
ғылымдарының кандидаты
- Айгуль САДВОКАСОВА** – ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік
басқару академиясының Орталық
Азия өңіріндегі этносаралық және
конфессияаралық қатынастарды зерт-
теу жөніндегі орталықтың басшысы,
әлеуметтану ғылымдарының докторы

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Ерлан КАРИН** – председатель Редакционного совета, председатель правления АО «РТРК Казахстан», кандидат политических наук
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – шеф-редактор, главный научный сотрудник Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Ph.D
- Гульназ КАСЫМОВА** – редактор, научный сотрудник отдела социально-политических исследований Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК
- Уямо ТОМОХИКО** – профессор Центра славянских исследований Университета Хоккайдо, Ph.D (Япония)
- Уильям ФИЕРМАН** – профессор университета Индиана, Ph.D (США)
- Сон ЮНХУН** – профессор Ханкукского университета, Ph.D (Южная Корея)
- Буркитбай АЯГАН** – директор института истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук, профессор
- Казбек ИСАЕВ** – ученый секретарь Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК
- Мейрам ҚАЗЖЫКЕН** – директор Института исследований современного общества, доктор экономических наук
- Богагоз РАКИШЕВА** – директор проектов исследовательского института «Общественное мнение», кандидат социологических наук
- Айгуль САДВОКАСОВА** – руководитель Центра по изучению межэтнических и межконфессиональных исследований в Центральноазиатском регионе при Академии государственного управления при Президенте РК, доктор социологических наук

THE EDITORIAL BOARD

- Yerlan KARIN** – Chairman of Editorial Board, CEO of “Kazakhstan” Broadcasting Corporation, Candidate of Political Sciences
- Alua ZHOLDYBALINA** – Chief Editor, Chief Research Fellow of Kazakhstan Institute for Strategic Studies under President of Kazakhstan (KazISS), Ph.D
- Gulnaz KASIMOVA** – Editor, Research Fellow of Department of Social and Political Analysis of KazISS under President of Kazakhstan
- Uyamo TOMOHIKO** – Slavic-Eurasian Research Center, University of Hokkaido (Japan), Ph.D, Professor
- William FIERMAN** – Department of Central Eurasian Studies, Indiana University Bloomington (USA), Ph.D Professor
- Song YONGHONG** – University of Hankuk, Ph.D (South Korea), Professor
- Burkitbai AYAGAN** – Director of Institute of History of State, Ministry of Education and Science of Kazakhstan, Doctor of History, Professor
- Kazbek ISAYEV** – Secretary for Research and Academic Affairs of KazISS under President of Kazakhstan
- Meiram KAZHIKEN** – Director of Institute of Contemporary Societal Studies, Doctor of Economics
- Botagoz RAKISHEVA** – Projects Director, “Public Opinion” Research Institute, Candidate of Sociology
- Aigul SADVOKASOVA** – Head of Center of Inter-ethnic and Inter-confessional Studies in Central Asia, Academy of Public Administration under President of Kazakhstan, Doctor of Sociology

ҒТАМР
03.06.55

Жанна Қыдыралина
*Мемлекет тарихы институты
директорының бірінші орынбасары,
тарих ғылымдарының докторы*

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРДЫҢ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Аңдатпа. Мақала Алаш зиялыларының қалдырған идеялық мұрасының қазіргі заман үшін қаншалықты құнды екендігін талдауға арналған. Алаш басшылары өз заманының талаптары бойынша еуропалық либералды-демократиялық құндылықтарға сәйкес демократиялық, құқықтық, зайырлы, әлеуметтік мемлекет идеясы, мемлекеттік және өзін-өзі басқару бастамалары, президенттік және парламенттік институттар, қоғамды саяси, әлеуметтік және экономикалық жаңарту мәселелерін көтерген. Өз заманының талабы тұрғысынан ұлттың сапалық жаңаруы мен прогреске деген серпіліске шақырды.

Түйін сөздер: Алаш зиялылары, Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтары, мемлекеттілік, қоғамның идеалдары, ұлттық сана сезім.

Жанна Қыдыралина **НАСЛЕДИЕ АЛАШСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ И ЦЕННО-** **СТИ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА**

Аннотация. Статья посвящена анализу исторического значения идейного наследия алашской интеллигенции для современности. Алашскими лидерами на уровне передовых требований своей эпохи, европейских либерально-демократических ценностей были выдвинуты принципы демократического, правового, светского, социального государства, идеи системы государственного управления и самоуправления, институтов президентства, парламентаризма, экономической, социальной и политической модернизации общества. В контексте своего времени они призывали к качественному обновлению нации, рывку к прогрессу.

Ключевые слова: алашская интеллигенция, ценности независимого Казахстана, государственность, идеалы общества, национальное самосознание.

Zhanna Kydyralina

HERITAGE OF ALASH INTELLIGENTSIA AND VALUES OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN

Abstract. The author analyses the historical significance of the ideological heritage of the Alash intelligentsia in the present context. The leaders of the Alash movement, following the European liberal democratic traditions, thought about the independent Kazakhstan as being based on the principles of democracy, rule of law, secularism, and welfare. They developed their vision of the system of government including the institute of the presidency and parliamentarism as well as economic, social and political modernization. The Alash intelligentsia called for a qualitative modernization of the entire nation, for comprehensive progressive renovation of the whole fabric of the society.

Key words: Alash intelligentsia, values of Independent Kazakhstan, statehood, social values, national self-awareness, national self-determination.

XX ғасырдың басында өмір сүрген ұлттық зиялылардың қоғам алдындағы жауапкершілігі, отансүйгіштігі мен ұлттық мүдде тұрғысынан туындайтын биік мақсаттары бүгінгі ұрпаққа жақсы өнеге. Олар біздер үшін халық алдындағы адалдықтың, рухани кемелдіктің, ұлтжандылықтың үлгісі іспетті. Алаш Орда көсемі Ә. Бөкейханов өзінің еңбектерінің бірінде: «Мен тірімін, дем аламын, туған елімнің ауыр жүгін арқалап өмір сүремін және мен үшін отанымының жарқын болашағынан асқан бақыт жоқ... Оны ойлағанда түн ұйқым төрт бөлінеді», – деген болатын [1, 510]. Алаш қайраткерлері халықтың рухани және ұлттық санасын ояту жолын тандап, қазақтың мемлекеттігі жолында аянбай тер төкті. Олар өзінің халқын азаттықта көруді армандап өтті. Қазақ зиялылары елдің дамуын Жапония сияқты Азия құрлығының ең дамушы мемлекеттерінің қатарына қосуды мақсат етіп қойған. Тарихтан бізге белгілі болғандай, алашордашылардың осы мақсаттарын Кеңес

үкіметі желеу етіп, оларға «жапон тыңшылары» деген жалған айып таққан болатын.

1904-жылы Санкт-Петербургтегі Әскери-Медициналық академи-ясына оқып жүрген кезінде Халел Досмұхамедов өзінің жерлесі, сол кездегі Гурьев уезінің тумасы Ғұбайдолла Бердиевке жазған хатында: «...Өзіңнен басқа да қазақтардың жоғары білім алып жатқанын көргенде бұл халықтың да еңбекке деген ынтасы бар екенін және күндердің күнінде екінші Жапония бола алатынына сене бастайды екенсің...» [2, 119]. Қазақ зиялылары өзінің елін дамыған, өркениетті мемлекет кейпінде көруді мақсат етіп, жерлестерін шылым шегу, ішімдік ішу, ұрылық-қарылық сияқты жаман қылықтардан бас тартуға шақырды.

Алаш қайраткерлері ұлттық сана-сезімді мемлекеттік деңгейге көтере білді. Алаш партиясы сол қиын уақыттардағы тығырықтан шығуға бағытталған шешімдер жиынтығын ұсына білген қазақ даласындағы алғашқы саяси ұйым еді. Алашшылардың негізгі ұраны осы күнге дейін өзінің өзектілігін жоғалпаған елдің береке-бірлігі болды. Алашордашылар заман ағымына сай өздерінің позициясын табандылықпен қорғап қана қоймай әккі саясатты да ұстана білді. Алаш қозғалысының басты мақсаты мемлекеттік басқару жүйесін құру, елдің даму жолын таңдауда ұлттық болмысқа ден қою, Ресейдің ішкі губернияларынан қазақ жеріне шаруаларды жаппай қоныстандыруды доғару, әлемдік озық тәжірибелерді негізге ала отырып қазақ қоғамын жаңғырту болды.

Тарих Алаш партиясының және Алаш Орда үкіметінің халықтың бірлігіне негізделген қазақ мемлекеттілігін құру және нығайту бағдарламасының жүзеге асуына мүмкіндік бермеді. Көпшіліктің білімсіздігі, саяси күрес орталығынан алшақ болуы, қоғамдағы бытыраңқылық және де саяси күрестің нақты бағдарламасының болмауы, алаштықтардың большевиктермен болған саяси күресінде жеңіліске әкелді. Кеңес үкіметінің жеңісіне байланысты Алаш Орда қайраткерлері оның билігін мойындауға және большевиктердің мемлекет аппаратында қызмет атқару ұсынысын қабылдауға мәжбүр болған, бірақ соған қарамастан олар кеңес үкіметіне ұлттық сипатты беріп, байырғы халық пайдасына жақындатуға тырысқан.

Алаш қайраткерлері ғылымның әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану салаларында терең білімі бар, жоғары білімді, әрі шынайы эрудит адамдары болған. Алаш қозғалысының көптеген басшылары тек құқық қорғаушы, саяси және қоғам қайраткерлері ғана емес сонымен қоса ірі ағартушы, публицист, газет-журнал шығарушы,

ойшыл, ақын, педагог, ғылыми зерттеулердің, кітаптардың және оқулықтардың авторы ретінде тарихқа танымал. Алашордалықтар мен оның қолдаушылары және басқа да қазақ зиялылары ұлттық идея шеңберінде ғана шектеліп қалған жоқ, керісінше олардың барлығының танымы көп қырлы, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар болатын. Олардың барлығы Ресейдің алдыңғы қатарлы оқу орындарын және де шетел оқу орындарын (Германия, Польша, Түркия және т.б.) бітірген. Алаш Орда үкіметінің баспа органдарын – танымал газет-журналдарын баспадан шығарып үздік публицист ретінде тарихта қалды. Алаш қайраткерлері – жүзжылдықта бір рет дүниеге келетін феномен. Олардың әрқайсысы халық үшін жарқын болашақтың шамшырағы болды деуге болады.

Өткен тарихты зерделей отырып кеңес кезеңіндегі қайшылықтардың жетістіктері мен кемшіліктерін, жақсы-жаман қырларын, сондай-ақ адамның ар-ожданы мен қоғам құқығы аяққа тапталғанын айтуымыз парыз. Қоғамның әлеуметтік бірлігі жолындағы күрес ұлттық сананы жаншу мен жергілікті мәдениетті жою арқылы жүзеге асырылмақ болды. Партия жергілікті халықтардың дәстүрлі мәдениеті мен рухани тамырына балта шауып, идеологиялық ұрандар арқылы санасын түбегейлі өзгертуді көздеді. Қазақ зиялылары халқымыздың мәдениетін, салт-дәстүрін, тарихын зерттеу мен насихаттауда көп еңбек атқарды. Отарлық саясаттың бұғауынан құтылған халықтардың ұлттық мүддесін көздейтін кез-келген әрекет тоталитарлық үкімет тарапынан ұлтшылдық я буржуазияшылдық ретінде бағаланды.

Кеңес билігі қазақ зиялыларының маңдайға ұстар жақсыларын атап айтқанда: Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышпаев, Х. Досмұхамедов, Ә. Ермеков, коммунистер Т. Рысқұлов, С. Сейфуллин, С. Сәдуақасов, Н. Нұрмақов, Ж. Мыңбаев және тағы басқа қоғам және мемлекет қайраткерлерін қудалауға ұшыратты. Бір кездері Алаш Орда үкіметінің белді мүшесі болған, түркістан ұлттық қозғалысының серкесі Мұстафа Шоқай да шетел асып кетуге мәжбүр болды. Сонау алмалы-төкпелі заманда өмір сүрген олардың әрқайсысы өзіндік ойы мен ұстанымы бар жеке тұлға болғанына қарамастан туған халқы алдындағы азаматтық парызына адал болды. 1930 жылы абақтыға қамалып, екі жылдай уақытын тергеуде өткізген алашордашылардың қатарында Мұхтар Әуезов та болатын. Сталиндік режим А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, М. Әуезов сияқты дарынды ақындарымыздың әдеби еңбектерін қатал сынға алып, оларға ұлттық-буржуазиялық сарындағы жазушылар деген жала жапты. Орталықпен жүргізген күрес нәтижесінде коммунистер С. Қожанов,

С. Сейфуллин, С. Сәдуақасовтар алашордашылардың сыбайластыры ретінде айыпталғаны да біздерге тарихтан белгілі.

Шын мәнінде, қазақ интеллигенциясының көшбасшылары сталиндік идеология түсіндіргендей, өз халқына қарсы қастандық ойлаған емес, керісінше, қарапайым халықтың жағдайын жеңілдетуге тырысты. Алаш интеллигенциясының басты игі мақсаты – халыққа қызмет қылу туралы – 1929 жылы қаңтарда Бутырка түрмесінен жазған «Ұрпаққа хат» атты хатында Міржақып Дулатов былай деді: «Мен құлға айналған, қаналған халқыма бұл құлдық жағдайдан құтылуға көмектесуді өз борышым деп білдім... Қазіргі кезде саясат саласында кеңестік билікке қарсы күрес ретінде көрсетіліп жүрген оқиғаларды алдын-ала болжап білдім деп айта алмаспын, менің бар қалауым қазақ ұлтының дербес, тәуелсіз, бақытты болғаны» [3].

«Тәуелсіздік таңын ұрпақтарымыз көреді», деп – армандады Алаш көшбасшылары. 1939 жылы эмиграцияда жүріп, «Яш Түркістан» газетінің мерейтойлық жүзінші санын шығарарда Мұстафа Шоқай, өз арманына сеніп, өз халқын бірлікке және тәуелсіздікке шақырды: «...Тәуелсіздік пен бостандықтың күні атады, және біз, қарапайым күрескерлер,... туған жерімізде, туған халқымыздың ортасында боламыз» [4, 187]. Бүгін, Тәуелсіздік жағдайында, Мұстафа Шоқайдың: «Ұлттық бостандық ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рух болса, ұлттық бостандық пен тәуелсіздік болғанда ғана өсіп өз жемістерін береді» [4, 213] деген дана сөздері ерекше мағынада қабылданады.

Алаш көшбасшыларының армандары орындалды. XX ғасырдың басында қазақ интеллигенциясы ұсынған идеялар мен арман-мұраттар, ережелер мен принциптер, өз мағынасын қазіргі таңда да жойған жоқ. Сыртқы және ішкі қауіп-қатерлер, өркениеттік құндылықтардың дағдарысы жағдайында заманның жаңа қатерлі сын-қауіптеріне ойдағыдай төтеп беріп, ұлтымыздың мүддесін сақтап қалу бүгінгі ұрпақтың міндеті. Әр уақыт жаңа міндеттер қойса да, Алаш идеялары өмір сүруін жалғастырып, елдің түбегейлі өзгерістері кезеңінде де өзі туралы еске салуда. Бұл: тең құқықтық, қоғамдық келісім және бейбітшілік, ұлттың мәдени прогресі, меритократия, мемлекеттік тіл, мемлекетті басқару ісіне элитамен қатар, қалың бұқараны да қатыстыру. Алаш көшбасшылары өз заманының алдыңғы қатарлы талаптары еуропалық либералды-демократиялық құндылықтар деңгейінде демократиялық, құқықтық, зайырлы, әлеуметтік мемлекет, өзін-өзі басқару және мемлекеттік басқару жүйесінің идеялары, президенттік, парламентаризм институттары, қоғамның экономикалық, әлеуметтік және саяси модернизация принциптері

ұсынылды. Өз заманы жағдайында олар ұлттың сапалы жаңғыруына, өрлеуге ұмтылуға шақырды. Бүгінгі таңда өткен ғасырдың 20-30-шы жж. интеллигенция буынының тарихтан белгілі намыс пен қаһармандық талап етілуде. Қазіргі қоғам жаңашыл идеяларға және дүниетанымдық бағдарларға, жаңаша ойлай алатын және ерекше шешімдер жасай алатын көшбасшыларға мұқтаж.

Қазір, Тәуелсіздік жағдайында, біз өткен ғасырдағы тұңғыш қазақ интеллектуалдарының идеяларымен бүгінгінің арасындағы сабақтастықтың өзара байланыстын көріп отырмыз. Орталықазиялық одақ бірлігі идеясын алғаш көтерген Мұстафа Шоқай болғаны тарихшыларға мәлім. Бабаларымыздың түркі халықтарының бірлігі идеясы бүгінде 2009 жылы құрылған Түркі тілдес мемлекеттер кеңесі қызметінде көрініс табуда. Алаш қайраткерлері білімді ұлт жөнінде армандаған еді. Бүгінде сол идеялар жиырма жыл төңірегінде «Болашақ» бағдарламасында орындалуда.

Қазақ зиялылары әрдайым ұлттың ұлттық, туған тілі туралы, мәдени ғана емес, сондай-ақ саяси ерекшелігі ретінде де мән беріп, қамқорлық жасады. Бүгінде, мемлекеттік тіл мен басқа да тілдердің дамуы мәселесі жүз жыл бұрынғыдай тәуелсіз Қазақстан үшін маңызды болып қалуда. Кезінде Ахмет Байтұрсынов Қазақстанға басқа халық өкілдерінің көптеп келуі жағдайында, «біздің алдымызда қырғыз (қазақ – Ж.Қ.) халқының дербес өмір сүруі мәселесі туындауда. Өз дербестігімізді сақтап қалу үшін, біз бар күшімізді ағартуға және жалпы мәдениетке салуымыз қажет; ол үшін біз алдымен, туған тілдегі әдебиетті дамытумен айналысуымыз қажет. Біз ешқашан мынаны естен шығармауымыз керек, дербес өмірге тек өз тілінде сөйлейтін және әдебиеті бар халық қана таласа алады» деп ерекше атап өткен болатын [5, 255]. А. Байтұрсынов «орыс мектептері мен татар медреселерінде білім алған, сол кездегі қырғыз интеллигенциясының қырғыз тілін менсінбей бастауы, орыс және татар тілдерінде өзара тілдесуі, хат алмасуы қатты алаңдатты. ... Егер біз бұны қаламасак, бұл мәселені түбірімен шешуіміз қажет, және осы кезден қырғыз тілі мен әдебиетін жетілдіруге көшуіміз керек» [5, 255]. Осы идеядан ол ешқашан да артқа шегінген емес.

Ахмет Байтұрсыновтың сыни ескертулері қажетті әрекеттерге әкелді. Бұл туралы Міржақып Дулатовтың А. Байтұрсыновтың 50-жылдығына арналған биографиялық очеркісіндегі келесі сөздері куә: «А. Байтұрсыновтың арқасында, іс жүзінде, еріксіз болса да орыстанған және татарланған қырғыз интеллигенциясының бір бөлігі, лезде өз қателіктерін түсініп, оларды түзеуге кірісті. Тіпті кейде,

мынадай күлкілі оқиғалар да орын алып жатты. Кейбір орыс оқу орындарында білім алып жатқан жастар қырғыз тілінің тазалығын сақтау мақсатында, өзара міндетті түрде қырғызша сөйлеуге келісті, ал бұл ережені біреу бұзатын болса, әр қырғыз емес сөзге оқушылар үйірмесі пайдасына 35 тиын айыппұл төледі» [5, 255].

XIX–XX ғғ. шебіндегі қазақ зиялылары көптілді болды. Әлімхан Ермековтің немересі Олег Ермековтің сөзінше, оның атасы бес тіл білген екен. Мұстафа Шоқай орыс тілімен қатар, ағылшын, француз, неміс, поляк және түрік тілдерін білген.

Бүгінгі күнде де алаш интеллигенциясының мемлекеттік басқару кадрларына қойған ар-намыс және міндет принциптері талап етілуде. Шоқайдың аппарат қызметкері, шенеунікке байланысты айтылған мына ойлары әлі де болса, өз маңызын жойған жоқ: «Ұлттық кадр», біз үшін ең алдымен, ұлттық борышын біреудің бұйрықтары бойынша емес, керісінше, өз ар-ожданы алдында орындайтын ұлттың қызметшісі» [4, 196]. Қазіргі таңдағы қазақстандық мемлекеттік қызмет өзекті мәселелерінің бірі меритократия (еңбегіне қарай көтермелеу) принциптерін бекіту болып табылады. Осы орайда, қазіргі басқарушы буынға алаш интеллигенциясы тарихынан келесі ғибратты мысалды айтпай кету мүмкін болмас.

Алда атап өтілген, Х. Досмұхамедовтың Г. Бердиевке жазған хатында далада орын алып отырған қоғамдық әділетсіздік пен заңсыздықтар туралы мәліметтер келтіріледі. Студент Х. Досмұхамедов өз досына жазған хатында далада етек алған қиянатшылық, тонаушылардың теріс қылықтары, паракорлар мен түрлі алаяқтардың, өз халқына адамгершіліксіз, жүрексіз және қатал, алауыздық пен келіспеушілік тудырып, қолының сұғы бар шенеуніктер туралы, олардың бүкіл жерде жасап жүрген бассыздығы жөнінде жан күйінішпен жазады. Хат авторы «бұйрық арқылы», «қайырымдылық мақсатында Қызыл крест үшін байлардан 1 қой, жарлылардан 1 рубль жинауды ұйымдастырып, жиналған сомадан басшылыққа 100 рубль қалдырған» осындай әкімшілерді сынға алады. Х. Досмұхамедов осындай оқиғалардың сайлауда да орын алатынын атап өтеді. Ол досымен екеуіне де туған округ болып табылатын болыс басшыларының кандидатуралары жөнінде ақылдасып, «халыққа жексұрын Гадучев компаниясының саясатын жүргізушісі» Жұмақұлдың орнына басқа балама кандидатты қарастырды [2, 120]. Жұмақұл Халелге туыс болып келді. Бұл туралы қазіргі зерттеушілер қазақ газеттерінің беттерінде бірнеше рет жазған. Бұл мысалдан біз, Халел Досмұхамедовтың студенттік кездің өзінде қарапайым халықтың құқықтары мен қызығушылықтарының

қорғаушысы, туыскандыққа қарамастан, ешқашан да ақиқат пен әділеттік принциптерінен бас тартпайтын толыққанды азаматтық ұстанымын көрсеткенін байқаймыз.

Жас буынға тарихтағы өз халқына шынайы қызмет ету мысалдары туралы үздіксіз айтып отыру керек. Алаш қайраткерлері туралы қанша ұзақ есте сақтасақ, сонша әділеттілікке, аяушылыққа, рақымшылыққа деген құлшыныстағы түңілудің ащы дәмін сирек татып, әр қайсымыз өз айналамызда болып жатқан оқиғаларға жеке жауапкершілікпен қарап, жалғанға, парақорлыққа қарсы тұрып, басқалар есебінен баюға, пайдакүнемдік пен ашкөздікке берілуге ұшырауға негіз болмайды. Алаш қозғалысының оның қайраткерлерінің өнегеге толы тарихын ұғыну бізді рухтандырып, биік, игі сезімдермен толтырады.

XX ғ. басында дүниеге келген алаш идеясы Тәуелсіз Қазақстанның мүдделеріне қызмет етуде. Уақыт өтіп, жаңа ұрпақ келіп, Алаш интеллигенциясының өнегелі де ғибратты қоғамдық ойлары, рухани тәжірибесі жылдар өте, ғасырлар өте тарих толқынындағы қазақ ұлтын демеп тұрары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әліхан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1866-1937). Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. Полное собрание сочинений в 7 томах. – II том. – Астана: «Сарыарқа» БҰ, 2009. – 566 б.
2. Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Трехтомник. Том 1. - Алматы: ФФ «Ел-шежіре», 2011. – 428 с .
3. Дулатов М. Ұрпаққа хат // Дала дидары. – 1991. – 8 мамыр.
4. Шоқай М. Таңдамалы. - Т. 1. – Алматы: Қайнар, 1998.
5. Алаш қозғалысы. Мәселенің зерттеу тарихынан. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1918-2007 жж. Движение Алаш. Из истории изучения вопроса. Сборник документов и материалов. 1918-2007. – Алматы: Ел шежіре, 2008. Т. 4. – 472 б.

ҒТАМР
03.06.55

Берік Әбдіғалиұлы
*ҚР Президенті жанындағы КСЗИ кеңесшісі,
саяси ғылымдарының кандидаты*

ЖЕТІСУ МАЙДАНЫНДАҒЫ АЛАШ ӘСКЕРІ

Аңдатпа. Мақала тарихта 1918–1920 жж. «Азамат соғысы» деген атаумен қалған соғысқа қазақтардың қатысуы, оның ішінде «Алаш» әскерінің қатысуы мәселесіне арналған. Қазақстандағы азамат соғысының тарихы қажетті деңгейде зерттелмей, әлі күнге дейін «ақтаңдақтарға» толы күйінде қалып отыр. Әсіресе, қазақтардың «Азамат соғысына» «Ақ әскер» жағында қатысуы ғылыми зерттеулерде қажетті деңгейде зерттелмеді, өйткені кеңестік тарихнама бұл қақтығысты «қызылдар мен ақтардың өзара соғысы» ретінде қарастырып, оған ұлттық қосындардың қатысуы – «Алаш полктерінің» Орал мен Жетісу майдандарындағы әрекеттерін жария етпеуге тырысты немесе жағымсыз жағынан көрсетуге талпынды.

Түйін сөздер: *азамат соғысы, ұлттық қосындар, «Алаш полктері», Жетісу майданы.*

Берік Абдығалиұлы АЛАШСКОЕ ВОЙСКО НА СЕМИРЕЧЕНСКОМ ФРОНТЕ

Аннотация. Статья посвящена проблеме участия казахов, в частности формированию «Алаш», в Гражданской войне 1918–1920 гг. в Казахстане. История Гражданской войны на территории Казахстана до сих пор изучена недостаточно и полна «белых пятен». Участие казахов в Гражданской войне на стороне «Белой армии» не получило еще должного отражения в научных исследованиях, так как советская историография в основном делала акцент на противоборстве «красных» и «белых», фактически замалчивало или показывало только в негативном виде участие национальных формирований, а именно «Алашских полков», в Уральском и Семиреченском фронтах.

Ключевые слова: *гражданская война, национальные формирования, «Алашские полки», Семиреченский фронт.*

Berik Abdygaliuly**ALASH ARMY AT SEMIRECHENSKY FRONT**

Abstract. The article deals with the problem of participation of the Kazakhs, in particular the “Alash regiments”, in the 1918-1920 Civil War in Kazakhstan. The author’s research interest has been mainly prompted by the fact that history of the Civil War in Kazakhstan has not been sufficiently studied and the numerous gaps have not been filled. The participation of the Kazakhs in the Civil War on the “White Army” side has not yet become an adequate part of historic studies. The Soviet historiography was mainly focused on the confrontation between the “Red” and the “White” and deliberately silenced or distorted the history of the national military units, namely the “Alash regiments” at the Urals and Semirechyensky fronts.

Key words: *Civil War, national military units, “Alash regiments”, Semirechyensky front.*

Қазақстан аумағында 1918–1920 жылдары болған азаматтық соғыс тарихы әлі күнге шейін толық зерделенбеген және көптеген «ақтаңдақтарға» толы. Тарихта «азаматтық» деген атпен белгілі болған бұл соғысқа қазақтардың «Ақ әскер» жағында қатысуы осы мәселеге арналған ғылыми зерттеулерде тиісті сипаттамасын алған жоқ. Ал қазақтардың тұрақты әскер құрамында соғысқа қатысу деректері мүлдем ашылмай отыр. Кенес тарихнамасы, негізінен, бұны «қызылдар» мен «ақтардың» өзара күресі ретінде ғана қарастыруы, қазақтардың, атап айтқанда «Алаш полктерінің» Орал мен Жетісу майдандарында қатысуы жөнінде айтылмайды немесе жағымсыз түрде көрсеткен.

1918–1920 жылдары большевиктермен тікелей күреске қатысқан Алаш құрамдарына алғаш рет ғылыми тұрғыда тек коммунистік идеология ыдырағаннан кейін ғана назар аударыла бастады. Алаш қозғалысының тарихы К. Нұрпейісов, М. Қойгелдиев, Т. Омарбеков, Д. Аманжолова, Т. Жұртбай [1] сияқты және басқа да ғалымдардың еңбектерінде зерттелді. Қазақ ұлттық қарулы күштердің қалыптасуы негізінен Алашорда үкіметі және «Алаш автономиясын» жариялауымен тығыз байланысты. Сібірлік казак әскерлер тарихын зерттеу барысында С.М. Исхаков, Д.Г.Симонов, В.А. Шульдяков, В.И. Шишкин, М.Н. Ивлев сияқты ресейлік ғалымдарының еңбектерінде Алаш әскері де аталып өткен [2].

Орынбор қаласында өткен (1917 ж. 21–26 шілде) Бірінші жалпы қазақ съезінде қаулы қабылданып, 14 басты қарардың бірі – «халық милициясын ұйымдастыруға» арналды. Алаш партиясының 1917 жылғы 21 қарашада жарияланған 10 тармақтан тұрған бағдарламасы жобасының 6-тармағы әскер құруға арналды: «Халықты қорғау үшін, қазіргідей емес, өзге бастамалармен құрылған әскер болу қажет. Тиісті жасқа жеткен жастар тұрғылықты жерлерде оқу оқиды және қызмет өткереді: әскери бөлімдер бойынша бөлу туыстық байланыс негізінде жүргізіледі. Қазақтар атты әскер милициясы түрінде қызметін өткеруде» [3].

Қазақ бөлімдері мен милициясын құру жөніндегі аталған ресми құжат 1917 жылғы желтоқсанда Орынбор қаласында өткен 2-жалпы қазақ съезінің бағдарламалық құжаттары болып табылады, мұнда басқа да тарихи шешімдерден бөлек делегаттар «халық милициясын» ұйымдастыру туралы қарар шығарды.

Билікке коммунистердің келуімен Алашордашылар большевиктерге қарсы лагеріне өтті және олардың жақын одақтасы казактар болды. Орал, Орынбор және Сібір казактарымен уағдаластыққа қол қойылды. Бірінші кезде казактар Алашорданың құрылып жатқан милиция жасағы үшін нұсқаушы болды. 1918 жылдың басында Семей қаласында 200-ден астам адамнан тұратын Алаш милициясы құрылды, нұсқаушылар болып жергілікті казактар есаул Машинский тағайындалды. Алашорда ақ гвардияшылар сияқты астыртын жұмыс істеді. Алашорда үкіметі астыртын әскерге толық қолдау көрсетуге шешім қабылдады. Мамыр айының соңында Алашорданың облыстық кеңес мүшесі Б.С. Сәрсенов арқылы офицерлік астыртын ұйымының басшысы А.И. Зубарев қажеттілігі үшін 35,0 мың руб. алды. Бұдан басқа оның басқаруына шамамен жүз жігіт бөлінді, олардың міндетіне астыртын күрес жүргізушілер арасында байланысты қамтамасыз ету болды.

Семей қаласында большевиктер билігін құлатудың сәтсіз әрекетінен соң Алаш жасағы 17 мамыр күні Сор шатқалына көшті. Қажетті қару-жарақты алу мүмкіндігі болмаған жағдайда астыртын әскер, сірә, Алашорда үкіметінің ұсынысы бойынша қазақ ауылдарына орын ауыстыру туралы шешім қабылдады. 23 мамырда алаштықтар астыртын ұйымның жасырын жүрген 35 офицерінің қазақ даласына қашуына жәрдем жасады, олар Алаш жасағын дайындау жұмыстарымен айналысты.

Бұл жөнінде В. Сорокин «Русская армия» газетінің беттерінде бы-

лайша суреттеді – «Алаштар бұл тұрақты Сібір әскерлерінің бөлігі болып табылатын қазақ*¹ атты әскері». Семей ауданында большевизм кезінде қалыптаса бастады. Алғашқы қазақ әскерлерінің құрылу тарихы мынадай. Өткен жылдың мамырында Семейдегі большевиктер «Ақ гвардияшылар бүлігінен» құтылудың жолы ретінде барлық офицерлерді заңнан тыс тұрғандар деп жариялады. Көптеген офицерлер осыдан кейін далаға қашып, қазақтар ішінен кеңес үкіметіне қарсы күреске қажетті қолайлы жағдай кездестіріп, дайындала бастады. Офицерлердің қазақ зиялылары арқылы күреске шақыруы қолдауға ие болып, кейіннен даладан жігіттер жинала бастады. Олардан жаяу бөлім құру туралы ой да болмады. Кішкентай кезінен қазақ ат үстінен түспейді, барлық көшпелі халық сияқты, олар да грек жазушылары ерекше адамдарға, ат-адам центаврларға теңеп, аттан бөлек елестете алмаған біздің ата-бабамыз – сақтар сияқты. Қазақтар да осы дала центаврлары болып табылады. Сондықтан да олардан атты әскер құрылды. Жиналған жігіттерге дұрыс атты сапта жүру және қару қолдану үйретілді. Жаттығулар сәтті болды» [4].

Бір ай ішінде кадрлық офицерлер Алаш жасағының жігіттерін оқытты. Жасақ үш жүздікке, жүздік взводтарға бөлініп, командирлер тағайындалды. Жасақ түзеліп, полк құрылымына айналды. Семей қаласында билікті қолға алуға дайындық жүрді, белгіні ғана күтті. Жасақ командирі болып Омбы қаласынан келген, кадрлық офицер, бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысушысы капитан Хамит Тоқтамышев² тағайындалды, ал қалған командалық және нұсқаушы лауазымдарына астыртын ұйым мүшелері ие болды.

10 маусымда Семей коммунистері өз жағдайының нашарлауын сезініп, Барнауылға эвакуацилануды шешті. Келесі күні қалада

¹ Мәтін бойынша «қырғыздар» деп көрсетілген. Мұнда және бұдан әрі «қырғыздар» дегеннің орнына қазақтарды деп көрсетіп, сол жерлері жұлдызшамен (*) белгінеледі.

² Хамит Тоқтамышев Нығметоллаұлы (? – 1919 ж. желтоқсан, Семей уезінің Көкпекті ст.). Семей облысында туылған. Сібір кадет корпусындағы (1908 ж.) курсты және Константинов артиллериялық училищесін аяқтады. 1909 жылы 8-Сібір артиллериялық атқыштар бригадасының подпоручигі. Бірінші дүниежүзілік соғысына қатысқан. 1916 жылы капитан. 1918 жылғы маусымнан бастап әскери бөлім меңгерушісі болып, «Алашорда» үкіметінің әскери министрі міндеттерін атқарды және қазақтар қатарынан Алаш әскерін құрумен тікелей айналысқан. Әскери бөлім Әскери министрлік функцияларын атқарған Алашорда жанындағы Әскери кеңестің жұмысшы органы болып табылған. 1-ші Алаш далалық атты әскер полкінің командирі (1918, маусым), Қырғыз жеке атты әскер бригадасының командирі (1919, маусым), полковник (1919, тамыз). Семей қаласынан шегіну кезінде 1919 жылғы желтоқсанда қаза болды.

есаул П.И. Сидоров пен капитан Н.Д. Виноградов бастаған басқа астыртын ұйым мәлімдеме жасады. Бұл туралы «Свободная речь» газеті былай деп жазды: «Осы күндері Семей қаласына нұсқаушылар – орыс офицерлері бастаған қазақ* жасақтары келді. Сәрсенбі күні, 6 (19) маусымда шамамен кешкі сағат 6-да жасақтар қалада болды. Никольск шіркеуі қасындағы алаңда оларға салтанатты кездесу ұйымдастырылды. Полк штабы басшысының көмекшісі Папин, адъютант капитан Виноградов, Уақытша Сібір үкіметінің уәкілі Давыдов және т.б. сөз сөйледі. Кездесу кезінде алаңға белгілі ұлттық қайраткер Бөкейханов келді, оның құрметіне Тоқтамышевтың ұсынысы бойынша атты әскер «Алла» деп жар салды. Ақ түсті жалауларда қырғыз тілінде мынадай ұрандар жазылды: «Жасасын Бүкілресейлік және Сібірлік Құрылтайшы жиналыстар!», «Жасасын Отанымыздың адал ұлдары!» Кездесуде айтылған сөздерден патриотизм сезілді» [5].

Семейге келген соң, жасақ Семей Облыстық Әскери Штабының құрамына енді. Штаб бастығы болып есауыл П.И. Сидоров тағайындалды. 19 маусымда Жасақ атқыштар взводоммен, пулеметші командасымен бірге есауыл А.П. Машенскийдің жалпы қолбасшылығымен Семейден Барнауыл майданына шегінген қызылдардың ізіне түсуге жіберілді.

23 маусымда Штаб жанындағы мұсылман бөлімінің мүшелері болып Тоқтамышев пен Ахмет Байтұрсынов тағайындалады. 6 шілдеде Алашорда үкіметі атынан өкіл болып Әбікей Сәтбаев тағайындалды [6].

«Сарыарқа» газеті былай деп жазды: «Алтай губерниясы бағыты бойынша большевиктердің ізіне түскен алаш жасағы 17 шілдеде сәтті оралды. Осы жасақ 52 қазақ* бен 21 офицерден тұрды. Жасақ басшылары Тұрағыл Абаев, Бидахмет Сәрсенов, Қаражан Үкібаев, Тоқтар Бегметов, Ғабдолла Қаскеев және басқа да мырзалар болды. Батыл дала жастары көптеген большевиктермен бірнеше рет күреске шықты, соңғылары қысымға шыдай алмай, қаша бастады. Тұрағылдың айтуы бойынша, қазақ* жастары күресе алған, қорықпаған. Күрес кезінде «Алаш» сөзін айтқанда, өз өмірлерін ұмытқан. Большевиктер жағынан үшеуі өлтірілген, екеуі жараланған, 11-і қамауға алынып, бізде 8 ат, шамамен ақшалай 100 рубль және көп қару қалған. Қамауға алынғандар арасында Қазиді өлтірген большевик бар. Жігіт Момынжан деген большевиктің басын шапқан. Алаш жасағы бір адамды жоғалтқан. Қайта оралған жасақтың рухы көтеріңкі» [7].

1918 жылғы тамыз бен қыркүйекте Алаш жасағы полк мәртебесін

алып, әскери даярлықпен, оқумен, саптық даярлықпен белсенді түрде айналысты. Сонымен қатар полк негізінде білімді қазақтар қатарынан кіші офицерлердің (вахмистрлердің) даярлығы өтті. Кіші офицерлердің жетіспеушілігінен «Свободная Речь» газетінде мынадай хабарландыру шықты «1-ші Алаш атты әскер дала полкіне»: «Вахмистрлер мен взвод командирлері лауазымдарына вахмистрлер (артиллерия фельдфебельдері), кавалерия және артиллерия унтер-офицерлері қажет. Вахмистр жалақысы айына 300 руб. Аға унтер офицеріне 250 руб., кіші унтер офицеріне 200 руб., отбасына деген үлес айына 100 руб. Полк штабына хабарласыңыз: Алаш қаласы⁴, Береговой және Ертіс көшесінің қиылысы» [8].

Алашорда мен Уақытша Сібір үкіметінің арақатынасының толық анықталмағанына байланысты, нақтырақ айтқанда, соңғысының Алашордаға сенім білдірмеуіне байланысты Алаш полкін ұстау және жана полкті ашу мәселесі созыла бастады. Өз әскерін құруды Алашорда былай түсіндірді: «үкімет Уақытша Сібір үкіметімен бірлесіп, большевиктермен күресуді және елді Бүкілресейлік Құрылтайшы жиналысқа дейін жеткізуді шешті. Бұл ретте Алашорда полкі үстінен бақылауды сақтап қалуға («Қазақ* әскері барлық қатынастарда өз штабына тікелей бағынады»), полк атауын «Алаш» деп қалдыруға және келісім бойынша, өздері полк командирін тағайындауға тырысты («Командалық лауазымдарға тағайындауды қазақ* әскери штабы жүргізеді») [9].

Қаржыландырудың жоқтығына байланысты Тынышпаев тамыз басында Омбыға Ә.Н. Бөкейхан пен Х. Тоқтамышевқа телеграфпен хабарласты «Алыс жатқан болыстардан, тіпті, басқа уездерден келіп жатыр. Екінші полк құруға, екі полкті бұйрық бойынша өткізуге қол жеткізіңіз, әйтпесе, индентант барлығынан бас тартады; қаражат бітті. Бұдан әрі қаражат бөлуді жергілікті штаб тоқтатты. Бірінші Алаш полкін тарату мәселесі тұр. Күн сайын жаңа шақырылушылар келіп жатыр. Амалсыз жағдай орнығуда. Дереву телеграфпен хабарласыңыз» [10].

Осы кезеңде Жетісу майданында Алашорда белсенділері өзін-өзі қорғау жасақтарын құрды, олар кейіннен «алаш жүздіктері» деген мәртебеге ие болды. Әскери тәжірибесі және дағдысы жоқтылар қатарынан жиналған жүздіктер қару-жарақ пен әскери даярлыққа мұқтаж болды. М.Т. Тынышпаев 13 тамызда Омбы қаласына Уақытша

⁴ Семей қаласы сол жағалауының атауы (Заречная Слободка).

Сібір үкіметіне телеграфпен хабарласты: «Жетісу большевиктерден тез арада босатылуға мұқтаж болып отыр, үшінші жыл қан төгілуде, Алашорда Уақытша Сібір үкіметінен: біріншіден – басынан бастап Алашорда ұсынғандай он мыңнан астам большевиктер қаруланған Жетісуға аса мұқияттылық танытуды; екіншіден – Жетісу майданына қатысу үшін Алаш жасағына қару-жарақ беруді жылдамдатуыңызды сұрайды» [11].

Дегенмен, Омбы мәселені шешуге асықпады. Шілде айында Корпус басшылығы Алаш бөлімдері туралы Жетісу жасағының бастығы полковник Ярушинге тікелей телефонмен сөйлесу кезінде, «Алашорда жүздерін құруға аса абай болыңыз. Себептері туралы ақпараттандырылған жеделхат аласыз. Қазіргі уақытқа дейін Алашорда қазақ* бөлімдерін үкіметтік қалыптастыруға рұқсат етілген бізде шарттар жоқ. Сіздің жағдайыңызда қазақтарды* катал офицерлер басшылығымен орыс бөлімдеріне ерікті түрде қабылдауыңызға ғана рұқсат етемін» [12] дегенді айтқан.

Ә. Бөкейхан ақ басылым беттерінде қазақтардың қызылдарға қарсы қолдарына қару алу ниеттерін қолдауға шақырып, бірнеше рет сөз сөйледі. Бұл ретте, Алашорда көшбасшылары да, Жетісу жасағы қолбасшылығы да Алаш бөлімдерін қаржыландыруды талап етті. Бұған олардың алаш жүздерін құру қажеттілігі туралы хат алмасуы куә болады. Жетісу жасағы штабының бастығы подполковник Лиханов үкіметтік әскерлердің жоқтығы мен қызылдардың қатты қысымы алаш жасақтарының көмегін пайдалануға мәжбүр болғанын мойындады – «қазақтар* қызметі барлау саласында, тіпті күрестерде де пайдасы туралы жасақтарымыздың бастықтары да айтқан, Сібірден келетін әскердің аздығы жағдайы 2-ші алаш жүздігін қалыптастыруға мәжбүрледі» [13].

Бұдан басқа орыс офицерлері алаш әскери бөлімшелерін қолдау

⁵ *Матковский А.Ф. (17.03.1877, Херсонская губ. — 08.06.1920, Омбы). Генерал-лейтенант (15.06.1919). Михайловский артиллериялық мектебін, (1897), Бас штаб академиясын (1903) аяқтады. Бірінші дүниежүзілік соғысына қатысқан, Құрама кавалериялық корпусы штабының бастығы болып тағайындалған (11.08.1914). 12-уландық Белгород полкінің командирі. 1-гвардиялық кавалериялық дивизия штабының бастығы. 5-кавалериялық корпусы штабының бастығы (1917 ж. 05.05 бастап). Білікке большевиктер келгеннен кейін 1919 ж. 30.08. Уақытша Сібір үкіметінің әскери министрлігінің басқарушысы жанындағы қызметке тағайындалды. 2-Сібір далалық жеке корпусының командирі (1918 ж. 06.09-13.11.). 1918 ж. 17-26.09. бастап Сібір үкіметі әскери министрлігінің басқарушысы лауазымын атқарды. Сібір әскерінің қолбасшысы, (1918 ж. 13.11.-1918ж.25.12.), Омбы ӘО және Омбы гарнизоны әскерлерінің қолбасшысы міндеттерін уақытша орындады. 1920 ж. қаңтарда атылды.*

қажеттілігі идеясын белсенді түрде ілгері жылжытты, олардың жауынгерлік сапасын баспа беттерінде жоғары бағалады. Орныққан жағдайға байланысты Уақытша Сібір үкіметі 2-ші Дала Сібір корпусының командирі генерал-майор Матковскийді⁵ 1918 жылғы 12–22 қазан аралығында Жетісу майданына бөлімдерді қарау және алаш әскери бөлімдері мен бөлімшелері бойынша соңғы шешім қабылдау үшін арнайы жіберді. 12 қазанда Семей қаласына ағылшынның төтенше уәкілі сэр Элиотпен бірге келді: «1) қазақ* атты әскер полкі корпусы командирінің көрінісіне қатысты. Атты әскер саппен екі эскадрон шығарылды. Қалған екеуі қала сыртында аттарды бақты. 2) гарнизон әскері корпусы командирінің көрінісі: 19-шы Петропавлдық Сібір атқыштар полкі – 6 рота (Сергиопольға⁶ аттанады), 5-ші Сібір атқыштар кадр полкі және 3-ші Сібір казак полкінің оқу командасы. Қазақ* эскадрондары қарусыз, погондары бар орыстың нысанды киім-кешегінде шығарылды. Орнында және салтанатты марш жүру кезінде саптық бөлім дайындығы бар; оқытылғанымен, толық емес. Сэр Элиоттың болуы Корпус Командирі оның дайындығын егжей-тегжейлі тексеруден бас тартуға мәжбүр болды». Генерал Матковский 16 қазанда Сергиопольдегі алаш бөлімшелерін де қарап шықты [14].

Жергілікті басшылықтың пікірін есепке алып, Корпус командирі 1-ші Алаш полкін 5-ші Сібір атқыштар дивизиясына қосуға, бұл ретте полк атауын «1-ші Қазақ* атты әскер полкі» атауына өзгертіп, Дивизия басшылығына толық бағындыруға шешім қабылдады – «Қазақ* атты әскер полкі жақын күндері майданға аттандыру және дивизиялық атты әскер ретінде жұмыс атқару үшін 5-ші Атқыштар дивизиясына уақытша қосылды. Оларды күтіп-ұстауға қаражат өзін-өзі қорғау

⁶ Сергиополь – кейін Қазақстанның Шығыс Қазақстан облысындағы Аягөз қаласы. 1831 жылы Аягөз бекінісі ретінде негізі қаланды. 1847 ж. – Аягөз бекінісі, 1860 жылы Сергиополь қаласы болып қайта аталды.

⁷ Гулидов В.П. қазанда 1876 жылы туған, Одесса. Генерал-майор (28.03.1919). Одессаның юнкерлік училищесін аяқтаған. (1897). 1914 жылы 30 Сібір атқыштар полкінің оқу командасының бастығы. 1918 жылы көктемде полковник, Красноярскте құпия офицерлік ұйымды басқарды, 1918 жылғы 18 маусымнан бастап Красноярск гарнизонының бастығы, ал 20 маусымнан бастап бір уақытта Енисей ауданы әскерлерінің қолбасшысы. 1918 жылғы 16 маусымда 2 Дала Сібір атқыштар дивизиясының бастығы, ол кейін 26.08.1918 жылы 5-ші Сібір атқыштар дивизиясы болып, 2-ші Дала корпусында қалды. 1918 жылғы 6 қыркүйектен бастап 20 қазан аралығында Семей қаласы гарнизоны бастығының лауазымын атқарды. 1919 жылғы жаздың соңында дивизия атаман Анненковтың Партизандық дивизиясымен бірге Жетісу фронтында қызмет етті. 0.12.1919 жылдан бастап Минусинский фронтының қолбасшысы болып тағайындалды 1920 жылғы 7 қаңтарда Красноярскте Қызыл әскердің қатарына қосылды, ал қаңтарда қамауға алынды.

бөлімдері туралы ережеге қатысты бөлінеді. Мұндай шешім, полкті қанағаттандыра отырып, алдағы операция басшыларының ниеттеріне сәйкес келді». 23 қазанда 5-ші Сібір Атқыштар Дивизиясының бастығы полковник Гулидовтың⁷ бұйрығымен дивизия құрамына енгізілді, бұдан басқа «большевиктермен күресу үшін Семей қаласы мен Жетісуда құрылған қазақ* жүздіктері корпус құрамына енгізіледі, Қазақ* атты әскер полкі атанып, Сібір казак полкінің штаты бойынша өзін-өзі қорғау бөлімдері деңгейінде күтіліп-ұсталуы қажет». Осы бұйрыққа сәйкес – «Саратов-Ақсу ауданында қызмет ететін Ақсу, Сарқан және Сергиополь қазақ* жүздіктері – Қазақ* атты әскер полкінің құрамына енгізіледі. Аталған полк командирі аталған жүздерді орнықтыруға, оларды дұрыс ұйымдастырып, оларды барлық қажетті заттармен жабдықтау үшін шара қабылдауға дереу кіріссін» [15].

Полк командирі болып Тоқтамышевтың орнына әскери старшина Н.Д. Кольц⁸ тағайындалды. Эскадрон командирлері болып: 1-ші эскадронда – штабс-капитан Е.Г.Попов. 2-ші эскадронда – штабс-капитан М.А. Рыбин тағайындалды. Рыбинді ауыстырғаннан кейін командир болып А.М.Зароастров тағайындалды. 3-ші эскадронда – корнет Вишняков болды.

5-ші Сібір атқыштар дивизиясында 1919 жылғы 16 қазанда Алашорда әскери кеңесінің белсенді қатысуымен қазақтар қатарынан 2-ші Қазақ* атты әскер полкі құрылды, басшы болып бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, Жетісуда туылған подполковник Ғали Самұратбеков⁹ тағайындалды.

Жаңадан келген атаман Б. Анненков¹⁰ басқаша әрекет етті. Ол,

⁸ Кольц Николай Дионисьевич – 1877 ж. 30 қазанда туылды. Ақмола облысының шаруалар қатарынан. 1902 жылдан бастап қызметін өткерген. 1-Сібір казак полкінің әскери старшинасы. 1918 ж. тамызда Сарқан ст. қорғаныс басшысы, 1918 ж. 9 қыркүйекте партизан жасақтарының басшысы, кейіннен Сергиополь алаш жезуінің командирі, 1919 жылдан бастап 1-ші Қырғыз атты әскер полкінің командирі (1919, қаңтар). Полковник (1919 ж. 28 наурыздан бастап). 1922 жылы Қытайға кетіп, 1938 жылы Шанхайда қайтыс болды.

⁹ Самұратбеков Ғали (? - 1928, Семей қаласы), сұлтан тегінен және тұқымды дворяндардан шыққан, Верненский ерлер гимназиясының толық 8 сыныпты курсы аяқтады. 5-ші Батыс-Сібір атқыштар батальонының подпоручигі (Қапал қаласы, 1909ж.). 1915 жылғы сәуірде 21-Түркістан атқыштар полкінің поручигі, контузия алып, сапта қалған. 1916 жылғы маусымда капитан атанған, қатты жараланған. 1919 ж. қазанда подполковник, 5-Сібір атқыштар дивизиясының 2-ші Қырғыз атты әскер полкінің командирі болған.

¹⁰ Анненков Борис Владимирович (1889, Курск губ. – 25.08.1927, Семей). Генерал-майор (25.11.1918). Мәскеуде Александровский әскери мектебін аяқтаған (1908). Хорунжий шенінде «Ермак Тимофеевич» атындағы 1-Сібір полкіне

керісінше, өз жасағын кез келген толықтыру мүмкіндігін жібермеді. Оның жасағында татар және башқұрт бөлімшелері және 2 қытай ротасы мен 2 ауған және парсы ротасынан тұратын шетел батальоны болды. 28 қыркүйекте Анненков жасағы партизан полкіне (3 жаяу әскер батальоны, 2 атты әскер жүздері, 2 батарея) кеңейтілді. Ал 1918 жылғы 23 қазанда бұйрықпен 2-ші Дала корпусы бойынша полк атаман Анненков атындағы Құрама Партизандық дивизияға өзгертілді.

Семейде ол Алашорданың қазақ бөлімдерін құру туралы ниетін қолдап, бастамашылықты өз қолына алды. Капитан Тоқтамышевқа «Қазақ* атты әскер полкін», бірақ «партизандық» мәртебесімен құру тапсырылды. 5-ші Сібір дивизиясының 1-ші Қазақ* атты әскер полкінің құрамына кірмегендерді Тоқтамышев өз жасағына алды. «Сарыарқа» газетінде (№ 65) тиісті бұйрық мәтіні жарияланды – «атаман Анненковтың батыл жігіттер қатарынан 1-ші Қазақ* полкін құру туралы № 180 бұйрығы. 3-тармақ. Менің басқаруыма келген артиллерия капитаны Тоқтамышевқа айбынды Қазақ* полкін құруды бұйырамын, оған, бірінші кезекте, орыс тілін меңгерген қазақтар* кіру қажет, сондай-ақ офицерлік мектеп ұйымдастырсын. Осындай полк құру майдан күшін толықтыру үшін аса қажет. Сонымен бірге қазақтардың* жалынды ниеттерін орындауға кез келді, себебі олардың майданға, өз кеуделерімен туған жерін қорғауға, жауын жоюда батылдығын көрсетуге деген ұмтылысын бәрі де біледі. Олар Жетісуда большевиктердің күл талқанын шығаруға дайын.

Бірінші Қазақ* полкі бұйрыққа сөзсіз бағыну, тәртіптілік ұстанымен ұйымдастырылады. Оқыту – казак үлгісі бойынша. Батыл жігіттер қызметтен бас тартпауы қажет, ал ауылдардағы ақсақалдар

қызметке тағайындалған, жүзді басқарған. 1915–1917 жж. қарсылас тылында барлау және диверсиялық міндеттерді орындау үшін құрылған Сібір казак дивизиясының жеке партизандық жасағын басқарған. Омбыда Уақытша Сібір үкіметі құрылғаннан бастап, Сібір әскерінің 3-ші Орал армия корпусының құрамына кірген. Алтай өңірінің Славгородский уезінде көтерілістерді басуға және жазалау акцияларына қатысты. 1918 ж. 23 қазанда Жетісуда басып кіруге дайындығына байланысты Анненков жасағы Партизандық дивизияға өрістетілді. 1918 ж. желтоқсан басында Анненковқа жетісу тапсырылды. 1919 ж. 26 қарашада генерал Ефтин өз бұйрығымен барлық корпуссты қаруды Анненковқа тапсырды. 1919 ж. соңында 2-ші Сібір далалық корпусының және Дутов құрамаларының негізінде құрылған Жетісу жеке әскерін басқарды. 1920 ж. 27 наурызда Анненков жасағы қытай шекара маңында Алатау арқылы өтпеліде орналасты, ал 10 мамырда қытай шекарасынан өтіп, өкіметке берілді. 1921 ж. наурызда Гученде қытайлықтарға ұсталып, Үрімші қ. түрмесіне отырғызылды. 1924 ж. ақпанда босатылды. 1926 ж. 10 сәуірде, күтпеген жағдайда, Анненков өзінің үзеңгілестерімен Моңғолия арқылы Кеңес Ресейге жіберілді. 1927 жылы болған соттан кейін Семейде атылды.

мен мырзалар олардың шайқасқа баруына қарсы болмауы қажет» [16].

Командир болып Тоқтамышев, орынбасары болып «Алаш Дала жасағы» 3-ші эскадронының бұрынғы командирі штаб-ротмистр Высоцкий тағайындалды. Жүздік командирлері: 1-ші жүздіктің – командирі хорунжий Мартемьянов, 3-ші жүздіктің – командир поручик Спаский, 4-ші жүздіктің – подпоручик Сайфуллин Құрбанғали, міндетін атқарушы поручик Бобырев, шаруашылық бөлімнің бастығы прапорщик М.Г. Шидловский болып тағайындалды.

Бірінші полк үшін қаражатты Семей қаласының барлық мұсылман бөлігі жинады. Бұған полк командирі Х. Тоқтамышевтың «Новое слово» газетіне хаты куә болады (№11, 1919 ж. 13 наурыз) - «1918 жылғы желтоқсан айында атаман Анненков бастамасы бойынша Семей қаласының татар және қазақ* халқы арасынан 1-ші Партизандық Қазақ* атты әскер полкінің қажеттілігі үшін ақша жиналды. 13 800 рубль сомасындағы ақшаны полк алды және полк бойынша 1919 жылғы 1 қаңтардағы №25 бұйрығының 2-тармағымен және 18 ақпандағы №73 бұйрығының 6-тармағымен кіріске алынды. Полк атынан, атаман Анненковтың жинаушысы ретінде партизан Жармұхамед Макинге, сол сияқты полк мұқтаждығы үшін көмекке келген халыққа да шексіз алғыс білдіруге парызым деп санаймын» [17].

1919 жылғы 11 маусымда Партизан дивизиясы бойынша бұйрықпен 1-ші Партизандық казак полкінің базасында 2-ші алаш полкі құрылды – «қазақтармен жасақталуымен 2-ші Қазақ* атты әскер партизан полкі деп атаймын». Командир болып есаул Николаев қалдырылды. Өкінішке орай, осы полк бойынша құжаттар әлі табылмаған.

1919 жылғы 11 маусымдағы сол бұйрықпен Алашорда көшбасшылары армандаған 1-ші және 2-ші Қазақ* партизандық атты әскер полктерінен Алаш атты бригадасы – «Қазақ* жеке бригадасы» құрылды. Бригада командирі болып капитан Тоқтамышев, ал «1-ші Қазақ* партизандық атты әскер полкінің» командирі болып штаб-ротмистр Высоцкий¹¹ тағайындалды. Бригада штабы Семей қаласында болды [18]. Кейіннен Тоқтамышевқа полковник атағы берілді.

1919 жылғы қыркүйекте «3-ші Қазақ* партизандық атты әскер

¹¹ *Высоцкий Сергей Григорьевич, штабс-ротмистр, 1918 ж. маусымынан бастап 1-Алаш далалық атты әскер жасағының (полкінің) 3-эскадронының командирі болды. 1918 ж. қазанда 5-Сібір атқыштар дивизиясына кірді. 1-Партизандық Қырғыз атты әскер полкі командирінің көмекшісі (1918, желтоқсан). 1-партизандық Қырғыз атты әскер полкінің командирі (1919, маусым).*

полкі» құрылды. Командирі болып Үшарал гарнизонының басшысы, алаш жүздігінің командирі поручик И.Л. Белянин¹² тағайындалды. Полк командирінің көмекшісі болып есаул Мартемьянов, 1-ші жүздік командирі болып С.В. Сололихин тағайындалды.

2-ші Өскемен партизандық казак полкінің құрамында полковник П.И. Виноградскийдің басшылығымен «4-ші казак* жүздігі» (3 офицер, 145 казак) қызмет етті. Осы жүздік станица қоғамы тарапынан казактар қатарына қабылдаған және өздерінің жеке аттарымен, ер-тоқымдарымен, қаруымен ерікті түрде полкке қосылған қазақтармен жасақталған¹³. Полк атаман Анненковтың Партизандық дивизиясының құрамына енген және Жетісу майданына белсенді қатысып, атаманмен бірге Қытайға шегінді.

Бұдан басқа «Құлжа жеке бригадасын» құру үшін Құлжаға іссапарға жіберілген полковник Сидоров жасағында Бригада Штабының бастығы болып кадр офицері, Нарын уезінің бұрынғы комиссары, Алашорда үкіметінің мүшесіне кандидат капитан Бекімов Молданияз¹⁴ тағайындалды.

Ақ әскерлер құрамында полк молдасының болуына ресми түрде рұқсат етілгенін атап өткен жөн, бұл жөнінде Корпус бойынша арнайы

¹² Белянин Иван Лаврентьевич, поручик, 22-Түркістан атқыштар полкі (1917) 4-дәрежелі Св.Георгий ордені иегері (1917). Стефановский (Үшарал) гарнизонының бастығы, алаш жүзінің командирі (1919, нарыз), 3-Қырғыз атты әскер полкінің командирі (1919, қыркүйек). 1920-1921 жылдары полковник атағымен Лепсі уезінің аумағында жасақтарды басқарды. Жетісу бойынша жорық кезінде бірнеше офицерлерімен бірге чекистер алып қашқан, ал оның жасағы 1921 жылғы мамырда таралып, жартылай Қытайға кеткен. Атылды.

¹³ В.А. Шульков. атаман Анненковтың Партизан дивизиясының 2-Өскемен партизандық казак полкі // ЭСТК-2011. XII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Сб.ст. Барнаул, 2011).

¹⁴ Бекімов Молданияз 1882 жылғы 9 қыркүйекте Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданында дүниеге келді. 1902 жылы Орал қалалық мектебін, 1905 жылы Қазанда әскери-юнкерлік жаяу әскер мектебін бітірген. 1905–1906 жылдары 6-Либавенский жаяу әскер, 130-Херсонский полкінде, Закаспийский атқыштар полкінде, 1-Ташкенттік резервті батальонында қызметін атқарды. 1906–1908 жылдары Түркістан әскери округінің штабында, 1-Түркістан атқыштар дивизиясында қызмет істеді. 1910 жылы Жаркентте 21-Түркістан полкі ротасының командирі болып тағайындалды. 1913 жылы 5 қарашада штабс-капитан атағын алды. 1914–1915 жылдары 1-дүниежүзілік соғысына қатысты, 1915 жылғы 21 қаңтарда қатты жараланды. 1915–1917 жылдары Талдықорған орыс гарнизонының бастығы болды (Синьцзянның қытайлық Памирінде). 1917 жылғы жазда Жетісу облысының комиссары О. Шкапскийдің қаулысымен Нарын уезінің комиссары болып тағайындалды, сондай-ақ Жетісу босқындарына жәрдем беру бойынша комитетте жұмыс істеді. 1917 жылғы 5–13 желтоқсанда Екінші Бүкілқазақтық съезде Алашорда мүшесіне кандидат болып сайланды. 1918 жылы Қытайдың Құлжа қаласында болды. 1919 жылдан бастап подполковник атағын алып, Сидоров бригадасы штабының бастығы болды. Этнограф, аудармашы.

бұйрық қабылданды: «Қазақ* полктері жігіттерінің діни-нанымдық қажеттіліктері үшін дін басыларын (молдаларды) қазынадан күтіп-ұстауға қаражат бөле отырып, оларды шақыртуға рұқсат етемін».

Қазақтар әскери жасақтарға ғана емес, көлік батальонына қызмет етуге де тартылды. 2-ші Сібір жеке дала корпусының №171 бұйрығына сәйкес әскери Түйе-артпалы көлік батальонына қызмет көрсету үшін «еріктілер ретінде төлем жасалып және адамдарға, аттарға да қазынадан азық-түлік бөліп, жеке аттары мен ер-тоқымдары бар қазақ* халқы» тартылды [19].

1919 жылғы желтоқсанда Колчак сол кездегі Жетісу майданындағы барлық әскерлерді бір Жеке Жетісу әскері құрамына біріктіру, оның қолбасшысы ретінде генерал-майор Анненковты тағайындау туралы бұйрық шығарды. Әскер құрамына Жетісу майданында қызмет еткендердің бір бөлігі: атаман Анненковтың партизандық дивизиясы, Жеке Жетісу бригадасы, 5-ші дивизия, атқыш полктер: 17-ші Жетісу, 18-ші Сергиополь, 19-шы Петропавл және 20-шы Зайсан полктері, сондай-ақ көмекші бөлімдер мен бөлімшелер кірді. Сонымен қатар әскер құрамына атаман Дутовтың Оренбург әскерінің бір бөлігі кірді. Әскерді басқарған генерал Анненков 3 Қазақ* атты полктерінің және Алғашқы Іле тараншы полкінің негізінде Жергілікті дивизияны құруды жоспарлаған [20]. Сонымен қатар полковник Яо Тай Джу басқарған Манжур атты әскер бригадасының құрамына Қазақ*-Қалмақ атты әскер полкі кірді (Құлжадағы қазақтар мен қалмақтардан құралған).

Алаш жүздіктерінің құрылу тарихы

Жетісу облысының аумағында 1917 жылдың соңынан бастап Жетісу казак әскерінің қарулы құрамасы мен қызыл жасақтар арасындағы күрес жалғасып жатты. 1918 жылғы мамыр айының соңында қызылдар Верный қаласымен түйіскен казак ауылдарында «контрреволюциялық ошақтарды» жойды. Бірақ жекелеген көтерілісшілер топтары Қытай аумағында жасырынып немесе солтүстік Жетісуға өтіп үлгерді. Төніп келе жатқан қауіпке байланысты 1918 жылғы тамыз айының басында жергілікті жерлерде өзін-өзі қорғау жасақтарын құру белсенді

¹⁵ Әлжанов Отынышы. 1873 жылы Семей облысының Зайсан уезінде туған. Зайсанның орыс-қазақ училищесін (1887), Омскідегі мұғалімдер семинариясын (1894) бітірген. 1894–1895 жылдары – Генерал-губернатор кеңесінің іс жүргізушісі болған. 1895–1907 жылдары – Ақмола облыстық сотының аудармашысы болған. Ал 1907–1909 жылдары – Көкпекті қаласында қазақ-

түрде жүргізілді, оларды құруды қамтамасыз етумен Алашорда айналысқандықтан, оларды «Алаш әскері» деп атады.

Солтүстік Жетісудағы «контрреволюцияны» толықтай жою үшін 1918 жылғы маусым айының басында Верный қаласынан 1,2 мың қылыштан тұратын И.Е. Мамонтовтың қызыл гвардия жасағы жіберілді. Жергілікті казактар мен Алаш орда өкілдері Үржар бекетінде Құтқару комитетін құрды, олар келе жатқан жауға қарсы тұруға ұмтылды. 1918 жылғы 29 маусымда Құтқару комитетінің мүшелері Отыншы Әлжанов¹⁵ және Иван Суменко Дала Сібір корпусының штабына, Жетісу әскер атаманына және Алашордаға мынадай телефонограмма жіберді: «Верный уезінде Малая, Большая, Қаскелең, Тастақ ауылдары, қазақтардың* және байырғы қоныстанғандардың бірқатар ауылдары мүлдем жойылды. Тұрғындардың көпшілік бөлігі жынысына, жасына қарамастан большевиктер тарапынан өлтірілді. Босқындарды жолда атып тастады. Облыстық кеңестің жарлығы бойынша казактар атауынан, жерінен және қоғамдық құқықтарынан айырылды және қазақтардың* құқықтары шектелді» [21]. Олар Үржарға қарсылық көрсетуге бара жатқан Мамонтовтың жасағына қарсы тұруға жедел көмек көрсетуді сұрады.

Сонымен қатар Үржар ауданында «жанадан қоныс аударғандардың» ішінен өздерін «Тарбағатайдың тау қырандары» деп атаған қызыл партизандық жасақтар құрылды. Атаман Анненков сот кезінде «Үржарға келген кезде «тау қырандарын» герман қызметі бойынша бұрынғы вахмистр Егор Алексеев басқарғанын еске алды. Мен онымен хат алмастым және оның большевиктерге қалай келгенін және кімге қарсы күресіп жатқанын сұрадым? Ол уақытша Үкіметке де, большевиктерге де емес, казактар мен қазақтарға* қарсы шығып жатқанын айтқан» [22].

«Русская армия» газетінде «Е.С.» деген редакциялық атпен автор алаш жасақтары туралы мақала жариялаған, онда ол алаш жүздігін ақ бөлімдердің құрамына кіргізу қалай болғанын жазады. «Жетісудағы әскери іс-қимылдардың басынан, тіпті осы жорықтың басынан бастап большевиктерге қарсы күреске жергілікті казактар* қатысты. Ол жаңа әскерлер капитан Виноградов тобы Сергиопольді алғаннан

орыс училищесінің жетекшісі болған. Босқындардың еркіне қарсы шыққан, 5 жылға Жетісу ауданының Лепсі уезіне айдауға кеткен. 1917 жылы Лепсі уезі комиссарының көмекшісі болып тағайындалды. 1917 жылы 5–13 желтоқсанда Алаш орда үкіметінің мүшесі болып сайланды. Большевиктермен соғыста қаза тапты.

кейін пайда болды және алғашқы кезде көп күлкіге ұшырады. Олар бір қызықтай көрінді. Осы бір ортақ жауға қарсы шыққан ерікті әскерлерді, олардың сурет әлеміндегідей бастарына киген шошақ тымақтарын, қарапайым, бірақ өте төзімді және жорыққа арналған арнайы аттары бар жауынгерлерді тек сол заман ғана қалыптастырған деуге болатын еді.

Сергиопольді жаулап алғаннан кейін қазақтар* өздерін жақсы жағынан көрсетті. Әрине олар шабуылшылар қатарындағы жауынгер бола алмады. Себебі қолында қаруы жоқ олар қайтсын. «Сойыл» (сойыл – жарақ түрі: ұшында тырманың тісі немесе темір жанышқышы бар таяқ) басқа ештеңе болған жоқ. Олар шабуылға шыға алмады, бірақ барлығы емес, кейбіреулері капитан Виноградовтың жасағында ерікті-қазақтар* болғанын растайды. Олар Сергиопольді жаулап алғаннан кейін қашып кеткен қызылдарды ұстаумен айналысты. Олардың көпшілігін капитан Виноградовтың алдында алып келді, ал далада қалғаны қаншама. Үкіметтік әскерге көмектесе отырып, қазақтар* қызылдардан көрген барлық азабы үшін өштерін алды. Сергиопольді жаулап алған кезде қазақтар* біздің жасақтың артынан жүріп, мүмкіндігінше көмектесті, олар Мақаншы түбіндегі соғысқа қатысты, онда капитан Виноградов қаза тапты, одан әрі Бақты түбіндегі соғысқа қатысты. Барлық жерде сол сойылмен. Соңында оларға назар аудара бастады. Осы жаңа әскердің не істей алатынын көрді» [23].

Жетісу жасағы штабының бастығы подполковник Лиханов былай деп түсіндіреді «жергілікті тұрғындар арасында Алаш жүздігінің құрылуы Верныйдан келе жатқан қызылдардың зорлық-зомбылығына қарсы қорғаныс ретінде қалыптасты, өйткені олар өз жолындағы қазақтарды* өлтіріп отырды, олардың малдарын айдап әкетіп, басқа да мүліктерін тонады. Ұйымдасқан топтарға біріккен қазақтар* алдымен бақаннан жасалынған темір ұшты сойылмен қаруланып қызылдарға өздігінен қарсы шықты, бірақ кейін Жетісу казактары Кеңес билігіне қарсы шығуына орай қазақ* жасақтары біртіндеп оларға қосылып, суық немесе отты қару-жарақты ала бастады.

Осылайша, біртіндеп қазақтарда* жүздіктер пайда болды. Үкіметтік әскердің жетіспеуі және қызылдардың қатты қысымы сол жылдың маусымында қазақтардың* қызметін пайдалануға мәжбүрледі. Қазақтардың* барлау саласындағы және тіпті соғыс кезіндегі пайдалы қызметін біздің жасақтардың бастықтары атап өтті, Сібірден келетін әскердің аздығы 2-ші алаш жүздігін – Сергиополь және Бақты және

Үржар елулігін құруға мәжбүрледі, енді Қапал жүздігі құрылуда» [24].

Ақ әскердің басшылығы қазақтарды олардың еріксіз әскери қызметке жұмылдыру 1916 жылғы көтерілістің қайталануын сипаттайтын салдарға алып келуі мүмкін екенін түсінді. Әрі қазақтардың басым көпшілігі барлығына, оның ішінде «ақтар» мен «қызылдарға» сенімсіздікпен қарады. Қазақтар өздерінің жергілікті интеллигенция өкілдерін, Алашорда үкіметінің өкілдеріне құлақ асты. Олар өз тегінен болса көбірек сенетінін де мойындамауға болмайды. Орыс офицерлердің өздері де «қазақтарды* міндетті шақырту жолымен әскери қызметке тартпаған жөн» деп мойындаған; бұл 1916 жылы Түркістанда болған түсініспеушілікке алып келуі мүмкін. Қазақтар* арасында еріктілер аз болған жоқ, әсіресе оларға ақша төлеп, жағдайын жасаса, бірақ бастаманы қазақтардың* өздері жасауы тиіс болды. Қазақтарда* өз арасынан шыққан, құрмет пен атаққа ие халық көшбасшылары мен беделді тұлғалар бар» [25].

Қазақтардың әскери дайындығы өте қиын жағдайда өтті. Кейбір әскери нұсқаушылар шақыртылған жігіттердің әскери қызметке сәйкес келмейтіні жөнінде шағымданған. Мәселе нұсқаушылардың қазақ тілін білмеуіне және тиісінше қызметке шақырылған жігіттердің орыс тілін білмеуіне байланысты ушыға түсті. Оның үстіне алаш бөліміндегі қызмет әрқашан дерлік халықтың қызығушылығын тудырмады. Бақты өзін-өзі қорғау жасағының бастығы, прапорщиктің 1918 жылғы 19 тамыздағы Жетісу жасағының командирі полковник Ярушинге жазған хатында өз қарамағындағыларға былай деп шағымданады «алаштықтардың біздің мақсаттарға сәйкестіктері аз, себебі олар барлық болыс өкілдерінің ұсынуымен іріктеусіз алынды, олар алашқа ең кедейлерді және ештеңеге қабілеті жоқ, қару-жарақтарды меңгермеген, мысалы «қойшы» деп аталатын қойды бағып жүрген адамды немесе 43-тен бастап 50 жас арағындағы шалдарды жіберген, олардың менде үшеуі бар». Ол одан «оларды басқаруға қазақ* тілін білетін екі урядникті жіберуді сұраған», себебі «мен оларды мүлдем түсінбеймін, содан оларды басқара алмаймын және қажетті мақсаттарға қол жеткізе алмаймын». «Егер ол мүмкін болмаса, мені осы лауазымнан босатып, большевиктерге тікелей қарсы әрекет етіп жүрген жасақтарға жіберуді сұраймын» [26].

Алаш әскери жасағын құрумен Жетісу облыстық Алашорда кеңесі Шәуешек қаласында Сібір үкіметінің консулы Долбежев және Жетісу облыстық басқарушысы Балабановпен бірлесе отырып айналысты. Тікелей әскери қызметке шақырумен жергілікті болыстық атқарушы

комитет арқылы жергілікті уездік кеңес айналысты. Жұмылдыруға жататын жігіттер толық киім-кешегімен, ал аттар толық ат әбзелімен қабылдау пунктіне ұсынылуы тиіс болды. Жүздіктер құрылғаннан кейін еріктілер ретінде жұмылдырылғандар ақ әскердің үнемі және партизандық қосындылардың құрамына «Сібір казак полкінің штаты» бойынша кіргізілді және барлық ризық түрлері (азықпен, шаймен, темекімен және ақшалай қамтамасыз ету) берілді. Еріктілер ретіндегі жүздіктегі қызметке бойдақтарға айына – 60 рубль, үйленгендерге – 160 рубль төленді.

Қазіргі таңда мұрағаттан алынған құжаттардан біз Жетісу майданында құрылған алғашқы Алаш жүздігінің келесі командирлер тізімін анықтадық: Н.Д. Кольц, әскер старшинасы, «Сергиополь жүздігінің» командирі, Гилев, подъесаул, «3-ші Сергиополь Алаш жүздігінің» командирі, Ступин, прапорщик, «Алаш жүздігінің» командирі, Полторацкий, есаул, «1-ші Бақты Алаш жүздігінің» командирі, Легостаев, хорунжий, «2-ші Үржар Алаш жүздігінің» командирі, Лютик, штабс-капитан, «Ақсу Алаш жүздігінің» командирі, И.Л. Белянин поручик, Үшарал алаш жүздігінің командирі, Хлыновский, аға урядник, «Сергиополь алаш жүздігінің» командирі.

Жүздікті құру тәртібі жоғарыда көрсетілгендей келесі тәртіппен белгіленген: «Әскери кеңес құру туралы» Алашорданың 1918 жылғы 11 маусымдағы қаулысына сәйкес өңірлерде облыстық және уездік әскери кеңестер құрылды, «оларға большевиктермен күресу үшін жігіттерді әскерге шақыру тапсырылды». Алашорданың облыстық кеңестері «Алаш әскерін құру үшін жігіттерді әскерге шақыруға» уәкілеттік етті. Семей және Жетісу өңірінде алаш жүздігін құрғаннан кейін Алаш партиясының көшбасшылары мен белсенділері – Отыншы Әлжанов, Садық Аманжолов, Ибрагим Жайнақов, Рамазан Марсеков, Базарбай Мәметов, Нүсіпбек Жакыппаев, Жұмахан Күдерин, Қожамсейіт Ниязов, Мырзахан және Керімбай Төлебаевтар, Кеңсеба Үмбетбаев және басқалар белсенді түрде жұмыс істеді.

Жетісудағы Алаш құралымдары

Әскери бағыныштылықпен қамтылмаған және қатардағы бөлімдерде қызмет өткермеген жас қазақтардың көпшілігі үшін милициядағы қызмет жат болды. Милицияда, сол сияқты әскери алаш бөлімдерінде қызмет ету қажеттілігі туралы шақыртумен Алашорда партиясының белсенділері айналысты. Арнайы парақшалар басылып,

патриоттық әндер, өлеңдер шығарылды, «Қазақ» және «Сарыарқа» газеттеріне мақалалар жарияланды.

Алаш бөлімдері қатысушыларының тізімінің бір бөлігі Қазақстан мен Ресейдің мұрағат қорларында табылған құжаттар негізінде қалпына келтірілді. Олардың ұрпақтарының көпшілігі ата-бабалары қолына қару алып, өз жерін большевиктерден қорғаған Алаш әскерінің жауынгерлері болғанын білмейді. Қазақтың жас жігіттері Алашорда көшбасшыларының және белсенділерінің шақыруы бойынша Алаш идеясына және өз көшбасшыларына сеніп барды. Әскери қызметке «қызыл лаңкестен» сақтану мақсатында, жаңа биліктен қорыққандарынан әскери қызметке барып жатты. Кейбіреулері қызыл жасақтардың қолынан қаза тапқан жақындарының өлімі үшін кек алу ниетімен, басқалары ақша табу үшін материалдық мүддемен барып жатты. Әскери қызметтен жалтару және жұмылдырудан бас тарту жағдайы да болды. Дұрыс тамақтанбау, киім және аяқ-киімнің болмауы, ауру мен жоқшылық жігіттердің жасақтардан өз ауылдарына қашуға мәжбүрледі. Алашорда оларды қайтаруға және алғашқы жұмылдыруды қамтамасыз етпеген болыстардан қайтадан жұмылдыруды жүргізуге билік етті [27].

«Ақ әскер» мұрағаты қорында әскерлер мен офицерлердің тізімі көрсетілген Алаш бөлімдері құжаттарының шамалы ғана бөлігі сақталғанымен, жігіттерді әскерге кім шақырғаны, бөлімдерді кім қалыптастырғаны жөнінде ешбір мәлімет жоқ. Белгіленген тәртіпке сәйкес және Алашорда мен Сібір үкіметі арасындағы уағдаластық бойынша жұмылдырумен және бөлімдерді құрумен тікелей Алашорда көшбасшылары және белсенділері айналысқан. Әр алаш жүздігін, эскадронын, жасағын, полкін құру басында кім тұрғаны туралы құжаттарды іс жүзінде білмейміз. Тек сол кездегі газеттерден жекелеген үзіндісі, құжаттардағы естеліктер мен сирек шолулар ғана бар. Жетісудағы жекелеген алаш бөлімшелері бойынша сталиндік репрессия кезіндегі қылмыстық іс материалдары, жекелеген мақалалар мен естеліктер ақпарат көзі болып табылады.

Жетісудағы Алаш полкінің тарихы да барлық өңірлердегідей милиция жасақтарын құрудан басталды. 1918 жылы Верный қаласындағы алғашқы Жетісу облыстық қазақ съезінде милиция жасақтарын құру мәселесі қаралды. Алашордалық милицияны құру И. Жайнақовқа, О.Әлжановқа және С. Сатылғановқа тапсырылды. О. Әлжанов, уездік комиссардың орынбасары ретінде Лепсі уездік милициясын құру үшін қаражат бөлу туралы өтінішпен Шкапскийге ресми түрде жүгінген. М.

Дулатовтың естелігінде Шкапский қазынадан 500 000 бөлгенін, оны Әлжанов Лепсі қазынашылығына тапсырып, оны кейін большевиктер ұрлап алып кеткенін айтады [28].

Отыншы Әлжановтың басшылығымен Лепсі уезінің милиция жасағы базасында шамамен құрамында 300 әскері бар Алаш жасағы құрылды. Алайда қару-жарақ пен әскери киім-кешектің жетіспеуіне байланысты жасақ Момонтовтың жасағымен тікелей ұрысқа шықпай Мақаншы мен Бақты жаққа шегінген. Жасаққа сол сияқты жас қазақ гимназисттері, орыс тілін білетін мұғалімдер тартылған, бірақ әскери нұсқаушылар болмаған. Әлжанов өз жасағымен Бақтыға келген, онда жергілікті казактардың қолдауымен жауынгерлік дайындықтан өткен. Шәуешектегі консул Долбежев¹⁶ Құлжадағы консул Любаға¹⁷ былай деп хабарлаған: «Үржар ауданында қазақтар*, казактар және шаруалар Лепсі уезінде большевиктерді жою және Верныйдан большевиктердің келуін болдырмау үшін қарулы күш ұйымдастырып жатыр», Жайнаков пен Дүйсебаевқа – «Әлжанов Бақтыға келді, онда большевиктермен соғысқа белсене араласып жатыр», деп айтыңыз». 9 шілдеде қызылдар Бақтыны жаулап алды, осыған байланысты барлық жасақтар шекарадан Қытайға өтіп, шекара маңына жайғасты.

Шәуешектегі консул Долбежев Сібір үкіметін қалыптасқан жағдай туралы ақпараттандырып әскери құрамаларды ұстау үшін қару-жарақты сұратты – «Артиллерияның болмауына және Комитеттің офицерлік құрамының жетіспеуіне байланысты большевиктер жасақтарымен соғыстан құтқарылу үшін кейін шегінді. Казак жасақтары өз күштерін жұмсамай, Сібір казактарынан және Семей

¹⁶ В.В. Долбежев (1873–1958) – Шәуешекте патшалық Ресейдің консулы. Азаматтық соғыс кезінде көмек көрсетіп, Директорийге, Колчакқа қол ұшын берген. АҚШ-қа жер аударылған

¹⁷ В.Ф. Люба (1861–1928, Харбин) – 1886 жылы Петербург университетінен кейін Дала өлкесі генерал-губернаторы жанында аудармашы болып қалған. ІІМ 1888: жылдан бастап қызметте болған 1907–1909 – де бас консул, 1911–1913 – Үргедегі миссияда бас елші, 1913–1916 – Қобдадағы бас консул. 1917–1920 – Құлжада уақытша үкіметтің басқарушы елшісі. 1920 жылдан бастап КВЖД қызмет еткен.

¹⁸ Ф.Г. Ярушин (1867 жылы туған). Генерал-майор (01.11.1918). 1-ші әскери Павлов училищесін бітірген (1888). 21-ші Түркістанның атқыштар полкінде қызмет еткен. 1-дүниежүзілік соғыстың қатысушысы, 21-ші Түркістанның атқыштар полкінің полковнигі. Азаматтық соғыс жылдары 1918 жылғы 4 шілдеде Жетісу жасағының бастығы. 1919 жылғы 19–27 қараша аралығында 5-ші Сібір атқыштар дивизиясы штабының бастығы лауазымын уақытша атқарған, одан кейін Жетісу әскеріндегі бригада командирі болған. 1920 жылғы мамырдан бастап Қытайға жер аударылған. 1921 жылғы мамырда Шәуешекте большевиктер ұстап алған және Ресейге жіберген, кейін атылған.

жасақтарынан көмек күтіп Тарбағатай тауларына қарай кетті, қазақ* жасақтары әртүрлі бағытта таулар жаққа ығысты».

Сібір әскерінің қолбасшысы Даладағы Сібір корпусының бөлімдері алдына жетісу казактарына көмек көрсету жөнінде міндет қойды. 6 шілдеде корпус командирі полковник Ф.Г. Ярушинге¹⁸ құрамында 5-ші Дала полкінің екі ротаның кемінде біреуінен, 3-ші Сібір казак полкінің жүздеген әскерінен, капитан Ушаковтың жеке ротасынан, прапорщик Ступин жетекшілік еткен 1-ші Алаш далалық атты әскер взводынан тұратын жасақты ұйымдастыруды және 19 жүк және 2 жеңіл автомобильмен Сергиопольге шығу, Үржар–Бақты ауданында тұрған жасақтармен және Шәуешектегі Ресей консулымен байланысу міндетін алға қойды. Сондай-ақ ол Үржар мен Бақтыға 700 берданка мен 42 мың патрон тапсырған болатын [29].

7 шілдеде Сергиополь тарапына подьесаул Г.П. Люсилин басшылық еткен Семейдің атты жасағы жіберілді. Жасақ құрамына 3-ші Сібір казак полкінің жүз адамы, партизан казактар мен санитарлық жасақтың елу адамы кірді, барлығы 6 офицер мен 175 казак, 2 пулемет пен бір жеңіл көлік болды. 18 шілде кешке Виноградов бастаған авангард Алтын-Құлат пикетіне жетті, онда подьесаул Люсилин жасағымен және Көкпекті мен Үржар жерінің казактарымен бірікті.

14 шілдеде ақтар бекінісі нығайғаны туралы мәлімет алғаннан кейін қызыл әскерлер Бақтыны қалдырып, Мақаншы арқылы үлкен жүкпен Үржарға кетті. Барлық үш ауыл қирады. 15 шілде таңертең Құтқару комитеті шекарадан өтіп, аудан халқын және мекемесін Қытайға қалдырып, Бақтыға келді. Ярушин былай деп мәлімдеген «Мақаншы, Бақты, Үржар барлығы большевиктер тарапынан талқандалды; большевиктер көшіп үлгермеген сол маңайдағы казактарды* жас нәрестесінен бастап өлтіріп кетті» [30].

20 шілдеде капитан Виноградов Сергиопольді жаулауға аттанды. Соғыс 36 сағатқа созылып, 21 шілде түнде толықтай ақтардың жеңісімен аяқталды. Қаланы қорғаған қызылдар жасағы 200 ден аса адамын жоғалтты, қалған 400 адам қару-жарағын тастап, Үржар жаққа кетті. Ақтардың жеңіс нәтижесінде қолға түскен олжасы бір зеңбірек пен «Максим» жүйесіндегі үш пулемет болды, олардан 7 адам қаза тауып, 20 жарақаттанып, контузия алды. Сергиополь штурмына прапорщик Ступиннің алаш взводы да қатысты. «Сибирская речь» газеті былай деп жазған – «Алашорда басқармасының қазақ* еріктілерінің іс-қимылдары туралы қазіргі уақытта Омск қаласында тұрған қазақ* премьер-министрі Ә.Н. Бөкейхан үнемі хабарлап

тұрады. Мәселен, оларға Арқаттан мынадай телефонограмма келген: «Мұса Сергиопольді жаулаған кезде өзі қатысып, тоғыз қызылдың басын шауып алды. Большевиктер Үржарға қашып кетті. Олардың артына Габдиханов жасағы жіберілді».

Аталған взвод негізінде «Алаш жүздігі» қалыптасты, ол туралы «Свободная Речь» газеті былай деп жазды: «1-ші Алаш полкінен бөлінген, «Алаш жүздігі» деп аталатын жасақ» прапорщик Ступиннің басшылығында тамыздың басынан бастап Жетісу фронтында үздіксіз соғыста жүр. Жүздік «қызылдармен» Андреевкада¹⁹, Үржарда, Лепсі түбіндегі Ново-Андреевкада, Сарқанд мен Покотиловкада күресті. Жасақ ішінде өлгендер мен жараланғандар да болды. Қазақ*-кавалеристері соғыс кезінде ылғи алға ұмтылады, әсіресе барлау кезінде мықты» [31].

Сергиопольді қызылдардан босатқаннан кейін, облыстық Жетісу кеңесінің Алашорда басшылығы алаш қарулы құрамасын құру туралы өтінішпен ақтар басшылығына жүгінді. Облыстық Алашорда кеңесінің төрағасы Жайнақовтың²⁰ тапсырмасы бойынша О.Әлжанов пен С.Аманжолов²¹ Бақты мен Шәуешектегі алаш жасақтарын үйлестіру мақсатында Виноградов жасағымен бірге Үржар-Мақаншы-Бақты бағыты бойынша жіберілді. 26 шілдеде капитан Виноградов жасағы Үржар бекетін жаулап алды және шабуылын жалғастырып 28 шілдеде Мақаншы ауылының түндігіне келді. Қырғын соғыс кезінде ақтардың 40-тан астам адамы өлді; капитан Н.Д. Виноградов ауыр жарاقات алды. Осы соғыста О. Әлжанов қаза табады, С.Аманжолов

¹⁹ Андреевка (1992 жылдан бастап. – Қабанбай) – Қазақстанның Алматы облысы Алакөл ауданындағы ауыл. Қабанбай ауылдық округінің әкімшілік орталығы.

²⁰ Жайнақов Ибраим Жайнақұлы (1855жылы туған) – Жетісу облыстық басқарманың аудармашысы. Жетісу облыстық қырғыз комитетінің төрағасы (1917–1918). Облыстық қырғыз Алаш орта кеңесінің төрағасы. Жетісу жасағының штабына іссапарға жіберілген, коллеждік ассесор (майор шеніне сәйкес келген). Құлжада тұрған. 30 жылдардың соңында қытай билігімен қамалуға алынып, атылған.

²¹ Аманжолов Садық. 1889 жылы Жетісу облысы Верненский уезінің Бақай маңында туған (кейінгі Шелек ауданы). 1898 жылдан бастап 1907 жылдар аралығында Верный қаласындағы ерлерге арналған гимназияда оқыған. 1912 жылы Қазан университетінің заң факультетін бітірген. Верненский округінің сотында кіші кандидат, кейін Сарқанд қаласындағы арбитраждық судья лауазымына ауысқан. 1917 жылы Жалпы қазақ съезінде Алашорда үкіметінің құрамына сайланған. 1918–1920 жылдары облыстық кеңестің мүшесі. Қытайдың Құлжа қаласында болған. 1923 жылғы наурыздан бастап Жетісудың атқару комитетінде, 1924 жылы Жетісу облыстық сотының мүшесі болған. 1930 жылға дейін Халықтық әділет комиссариатында әртүрлі лауазымдарда болған. 1930 жылы Қазақстаннан кетіп, Мәскеуде, Бішкек пен Ташкентте жұмыс істеген. 1941 жылы Ташкентте қаза болған.

ауыр жаракат алады. Қызылдар шашамен 100 адамынан айырылады, оның ішінде өздерінің командирі И.Е. Мамонтовтан айырылады.

Жетісу казактарының бұрынғы атаманы полковник Н.Н. Вяткиннің басшылығымен біріккен казактар шілденің соңында Бақты шекаралық бекінісін жаулап алды. 2 тамызда 450 қарулы және 120 қарусыз әскері, 4 пулеметі бар Вяткин жасағы сол күні кешке Мақаншыға орын тепті. Ауылды тастап шыққан қызыл әскерлер тарапынан толықтай өртелген болатын. 16 тамызда Жетісу жасағының бастығы Ярушин басшылыққа былай деп баяндама жасаған, Сергиополь-Шәуешек жолы бос, ал Мақаншы бос емес, себебі адамдардың өлі денелеріне толы, тіпті құдықтардың ішінде де, сондықтан Мақаншыға жақындауға болмайды. Телеграф қалпына келтірілді», почталық қозғалыс «тек қазақ* аттарымен ғана мүмкін болып отыр».

Ярушиннің жоспарында Сергиопольде, Үржар мен Бақтыда үш алаш жүздігін құру болды, олар тұрақты әскер бөлімдермен қатар шабуылды өрбіту керек болды. 1918 жылғы 30 тамызда ол телеграмманы Үржарға, капитан Ушаковқа жіберді – «Консул арқылы Шәуешектегі жағдайды мынадай сөздермен жеткізді: «облыстық комиссар Балабанов²² және облыстық Алаш төрағасы» Тергеусізовке²³. Сіз екеуіңізге облыстық Алаштың келісімімен Бақтыда есаул Захаровтың және Хорунжий Попелявскийдің бұрынғы жүз елу жігітінен және жетіспейтінін Барлы, Емен, Көктай, Қатынсу болыстық қоғамдастықтар қатарынан толықтырып, алғашқы алаш жүздігін құруға өкілдік беремін. Бір аптаның ішінде Бақтыға жинау бойынша шұғыл шара қабылдандар. Адамдарды болыстардан талап етіндер, винтовкамен кеткен жігіттер міндетті түрде солай қайтіп келсін. Жүздіктің командирі ретінде есаул Полторацкийді тағайындаймын.

²² Балабанов Василий Васильевич (1873—1947) – эсер, Уақытша үкіметтің комиссары. 1873 жылы Бахмут қаласында туған. Жетісу облысы комиссарының көмекшісі, облыс басшысының көмекшісі (желтоқсан 1917). Басқарушы (Сібір үкіметімен тағайындалған және А.В. Колчак болып танылған), орталық – Сергиополь, Лепсі, Үржар. 1920 жылы Қытайға кеткен. 1926 жылы Канадаға жер аударған. 1947 жылы Ванкуверде қаза тапқан.

²³ Тергеусізов Иса 1882 жылы Жетісу облысы Верненский уезінің Күрті облысында туған. 1892-1897 жылдары Верненский гимназиясында оқыған. Ұзынағаш болысында облыстық писарь, Отар учаскелік приставының аудармашысы болған. 1908 жылғы қазанда Жетісу облысының Әскери губернаторының бұйрығымен мемлекеттік қызметке кеңсе қызметшісі болып тағайындалып, Верненский уезі басқармасына уақытша жазбаша аудармашы міндетін атқарушы лауазымына іссапарға жіберілген. 1918 жылы облыстық Алаш орда кеңесіне, Верненский уездік жер басқармасына және Алаш орданың уездік кеңесінің мүшесі сайланды. Қытайға жер аударылды, Құлжа қаласында тұрған.

(...) Осыған ұқсас жүздік Сергиополь мен Үржарда құрылады және олардың барлығы Семейден келген Алаш атты әскер полкіне қосымша әскер болып тағайындалды. Жүздікті бастаған Легостаев Үржарда екінші Алаштың командирі болып тағайындалды». Сонымен қатар Ярушин: «Денсаулығы мықты, аттарда жақсы отыратын, өз киімдері бар биік әрі нар жігіттер болуы тиіс, оларға барлық казак иелігіндегі қазынадан айына 60 рубль жалақы берілсін» деп атап өткен [32].

Ушаков жасағы 2-ші қыркүйекте Покатиловканы қоршауға алды. Олармен қосылу үшін Лепсіге Полторацкийдің алаш жүздігі жіберілді. Келесі күні қызылдардың басты күші Абақұмнан²⁴ Сарқандты айналып Покатиловкаға²⁵ кетті. Сарқанд жасағы мен алаштықтарға қарсылас тереңінен кірген жағдайда тауларда тасада тығыла тұру, ал Сарқандқа кейінгі қозғалысы кезінде – оның қорғанысын қамтамасыз ету тапсырылды. Покатиловкадағы соғыстан кейін қызылдар тау жаққа кетті. Олардың таудағы тасасына жіберілген ақтар мен алаштықтар олардың екі мың отар қойын тартып алды, 8-ші қыркүйекте Покатиловкада орын теуіп, Лепсі, Ақсу және Гавриловка²⁶ жаққа қарсыластың ізіне түсті. Осы соғыста алаш жүздігі белсене араласты. Мәселен, Гавриловкада олар «шегініп бара жатқан қызылдарға... түнде шабуылдады, шашамен 10 адам өлтіріліп, көптеген малдарын тартып алды». Жүздеген Алашордалық Полторацкий басшылығымен капитан Залевскийге тапсырылды және Стефановкада болып, Андреевка, Герасимовка²⁷ және Колпаковск²⁸ түбінде болған шайқасқа қатысты, сондай-ақ Алакөл және Ұялы өзендерінен өту кезінде көмекке келді [33].

1918 жылғы қазан айының басында алаш жүздігі Қызылағашта қызыл әскерлермен соғысқа түсті. Жүздіктің командирі Жетісу жасағының командиріне былай деп жеткізген: «Қызылдар мені Қызылағаштан шығарып тастады». Олардың тарапынан 1 зеңбірек

²⁴ Абақұмовка –1965 жылғы дейін Қазақстанның Алматы облысы Ақсу ауданындағы Жансүгір ауылының атауы.

²⁵ Покатиловка (1993 жылдан бастап. – Екіаша) – Жетісу облысы Лепсі уезінің орыстардың қоныс аударған ауылы. Кейін Қазақстанның Алматы облысы Сарқанд ауданындағы ауыл. Еңбекшіқазақ ауылдық округінің әкімшілік орталығы. Сарқанд қаласынан шығысына қарай шашамен 17 шақырымында тұр.

²⁶ Гавриловка – Алматы облысы Талдықорған қаласының бұрынғы атауы.

²⁷ Герасимовка (2010 жылдан бастап – Сапақ) – Жетісу облысы Лепсі уезінің қоныс аударған ауылы. Кейін Алматы облысы Алакөл ауданындағы ауыл. Әкімшілік орталығы Герасимовский ауылдық округі.

²⁸ Колпаковск (кейінгі атауы – Тоқжайлау) – Алматы облысы Алакөл ауданындағы ауыл. Тоқжайлау ауылдық округінің әкімшілік орталығы.

пен 2 пулеметі, 300 жаяу әскері мен 200-ге дейін кавалеристі болды. 7 қазанда оларға көмек ретінде жіберілген Алашорданың 300 еріктілерінен және барлаушылар тобы қызылдарға шабуыл жасап, оларды Гавриловкаға ығыстырды. Сол күні алаш взводын Саратовтан келген 150 қызыл әскер талқандады, бірақ кейін 2-ші алаш жүздігі оны қайта жаулады. Қызылағашта 3-ші Алаш жүздігінің қолында болды.

21-ші қазанда қызылдар тағы да оған шабуыл жасады. Үш жақтан кенеттен шыққан олар Қарағашқа 150 казакпен кеткен, ал қалғандары Абақұм және Ақсу жолдарына қадағалау үшін қойылған патрондары жоқ жүздікті ығыстырып тастады. Ол кезде 170 алаштық пен 200 казак 2 пулеметпен Черкаскті қоршауға алған еді [34].

Верный, Қапал мен Лепсі уездерінің үлкен бөлігін қызылдар басып алуына байланысты Жетісу облысының облыстық басқармасы Верный қаласынан алдымен қытайдың Шәуешек қаласына, ал ақтар келгеннен кейін облыс орталығы ретінде Колчактың Сібір үкіметіне бағынатын Сергиополь қаласы болды. Облысты басқаратын облыстық комиссар ретінде В.В. Балабанов бекітілді.

Жетісуды большевиктер жаулап алғаннан кейін Алашорда Жетісу облыстық кеңесінің көшбасшылары Шәуешек қаласына баруға мәжбүр болған, Сергиополь ауданын босатқаннан кейін Үржарға қайтып келген, 1918 жылғы 10-нан бастап 31 тамыз аралығында облыстық кеңестің 2-ші съезі болды. Негізгі қаралған мәселелердің бірі әскери жасақтарын құру, олардың әскери дайындығы мен оларды оқыту, оларды қамтамасыз ету (киім-кешегі, қару-жарағы, азық-түлікпен қамтамасыз етілуі) болды. Әскери жасақтарды одан әрі пайдалану мәселесі талқыланды. Облыстық кеңестің мүшелері мыналар болды: төраға – «Ыбраим Жайнақов (Үржар ст.), мүшелері – Сатылған Сабатаев (Үржар ст.), Төлебай Дүйсебаев (Үржар ст.), Нүсіпбек Жақыппаев (Үржар ст.), Базарбай Маметов (Романовская кенті), Біләл Сүлеев (Ақсу кенті), Иса Тергеусізов (Үржар ст.), Садық Аманжолов (Сергиопольская ст.)». Жаңартылған құрамға М. Тынышпаев (Семей қаласы) енгізілді.

Жетісу өңірінде беделді адамдардың бірі облыстық Алашорда кеңесінің төрағасы Жайнақов Ыбраим болды. Жетісуда әскери іс-қимылдар басталғаннан бастап Лепсі уезінде болды. 1918 жылғы тамызда Жетісу облыстық Алашорда кеңесінің төрағасы ретінде Жетісу жасағының штабына коллеждік ассесор ретінде қызмет атқарады. Уездік және облыстық басқармалармен өзара байланысты, Алаш бөлімінің жұмысын қалыптастыру бойынша жұмысты үйлестірді.

Жетісу жасағы штабының бастығы подполковник Лихановтың телефонограммасы куәландырғандай, Үржар Алаш жүздігін Жайнақов қалыптастырған, оған Нүсіпбек Жақыпбаев²⁹ көмектескен. 1918 жылғы тамызда облыстық Алаш орда кеңесі Иса Тергеусізовті Бақтыда «жүз елу адамнан» тұратын алғашқы Алаш жүздігін қалыптастыратын уәкілетті тұлға ретінде іссапарға жіберген. Ол жөнінде 1918 жылғы 30 тамызда Жетісу жасағының бастығы полковник Ярушин айтып өткен.

Алаш бөлімдерін құруға, сондай-ақ оларды қайта құру мен қызыл әскер жағына өтуде белсене ат салысқан М.Тынышпаевқа қатысты материалдар бағалы болып табылады. М.Тынышпаевтың айтуынша «800 жігіттен асатын (фронтта барлығы 1000 аса адам)» алаш жасағын құрумен Отыншы Әлжанов (қаза болған), Садық Аманжолов (ауыр жарақат алған), Жетісу облыстық Алашорда кеңесінің мүшесі Дүйсебаев Төлебай (екі рет жарақат алған), Қапал уездік Алаш орда кеңесінің төрағасы Мырзахан Төлебаев, Қапал уездік Алашорда кеңесінің мүшелері Қанатхан Сыртанов, Біләл Сүлеев, Лепсі көмек комитетінің төрағасы Базарбай Мәметов, Лепсі уездік Алашорда кеңесінің мүшелері Қожамсейіт Ниязов («жартылай қаруланған жігіттерді жеке басқарған») және Х. Күдербеков айналысқан.

Тынышпаев Алаш полкінің құрамындағы жас білімді қазақтар туралы айтып өткен – «гимназист-қазақтар алғашқы алаш полкіне кіреді және қатардағы жауынгерлер секілді соғысады», бұл Қанатхан Сырттанов, Үмбетбаев Кеңсебай, Төлебаев Керімбай. Үржар ауданының Мақаншы ауылынан өлкетанушы Рамазан Нүсіпов жинаған естеліктерде Бақтыда әскери жасақтарды құрумен және оларды оқытумен айналысқан «Керімбай» және «Кеңсебай» атты алаш офицерлері туралы айтылады [35]. Атаман Анненковтың 1919 жылғы 9 қарашадағы бұйрығымен «Кеңсебай Үмбетбаев қызметке деген ынтасы және адал қарым-қатынасы үшін вахмистрден подхорунжий болып қайта аталды». Негізінен «Керімбай» және «Кеңсебай» деген аттардың астарында «гимназистер» Төлебаев Керімбай мен Үмбетбаев Кеңсебай болуы мүмкін. Белгілі болғандай, Алаш бөлімдерінде кіші командалық құрамның жетіспеуіне байланысты «орыс тіліне сауатты»

²⁹ Жақыпбаев Нүсіпбек, 1890 жылы Үлкен Алматы облысында, Верненский уезінде дүниеге келген. Верненский ерлер гимназиясын (1911), Киве университетінің медициналық факультетін (1916 жылы) бітірген. Үржарда дәрігер болып тағайындалған (1916). 1918 жылы «Алаш орда» Жетісу облыстық кеңесінің мүшесі болып сайланған. 1923–1924 жылдары Жетісу облысы денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің орынбасары, 1924–1926 жылдары Жетісу губерниясы бөлімінің меңгерушісі болған. 1932 жылы қаза тапты.

қазақтардан унтер-офицерлерді және вахмистрлерді даярлау белсенді түрде жүргізілді

Ішкі істер министрлігінің басқарушысы А.Н. Гаттенбергер 1919 жылғы ақпанда Колчактың атына жазған өз хатында «қазақ* офицері және оның көмекші орыс офицерлері басшылық ететін Алаш қаласындағы (Семейге қарама-қарсы Ертістің басқа жағалауында) оқу командасы туралы» атап өткен. Онда орыс грамматикасын білетін 27 қазақ* дайындықтан өтіп, кейін олар атты, партизан полкін құру үшін Семей облысына аттануы тиіс болды, оған 280 адам ерікті түрде жазылған» [36].

Алаш полкі құралымдарының басында тұрған алаш белсенділерінен Жұмахан Күдеринді атап өту қажет. Тынышпаев өзінен сұрақ алу кезінде олар (Тынышпаев, Мырзахан Төлебаев және Жұмахан Күдерин) 1919 жылы атаман Анненковпен кездесуді талқылағанын айтады. Басқа ақпарат көзі болмағандықтан, біз қылмыстық іс және сұрақ алу материалдарын, сол оқиғалардың куәгерлерін тыңдауға мәжбүрміз. 1937 жылғы 7 қыркүйектегі Ораз Жандосовтан сұрақ алу хаттамасынан біз «Күдерин Анненков бандасына белсене қатысқан Алашордалық екенін білеміз. «Қаракерей» руының іс жүзіндегі билеушісі, атаман Анненков жанындағы Алаш орданың төрағасы Тынышпаевтың жақтасы. Анненков бандасы жойылғаннан кейін Күдерин ұзақ уақыт бойы Қытайға қашуды және Кеңес билігіне кінәсін мойындап баруды ойлап ауылда жасырынған. Кейін соңғы нұсқаға тоқталып, басқа адамдар арқылы менімен байланысқа түсті».

Жандосов хаттамасында Керімбай Төлебаев туралы былай деп жазған «К. Төлебаев патша кезеңінде орман шаруашылығынң шенеунігі, уақытша үкімет кезеңінде алашордалық Тынышпаевтың жақын көмекшісі, Қоқан автономиясы авантюрасының қатысушысы, 1918–1919 жылдары Қожановпен, одан кейін анненковтармен байланыста болған, шекарадан өткен. Өзінің ағасы алашордалық Төлеубаев Мырзаханды іздеудемін деген желеумен Құлжада болған» [37].

Алаш орданың Лепсі уездік кеңесінің мүшесі Қожамсейіт Ниязов туралы «Русская армия» газетінде материал жарияланған, онда алаш жасағын Жетісу жасағына қосу қалай болғаны туралы айтылады: «... осы жылдың 25 тамызында офицерлік жасақтың командирі капитан Деркшевичке қазақтар* арасында үлкен құрметке ие, өзінің текті әулет өкілі Қожамсейіт Ниязов келді және ол өзі құрған Лепсі уезінің ерікті қазақтарды* қатарына қосуды ұсынды».

Капитан Деркшевич жүздікті қабылдады және оны «1-ші Жетісу»

деп атады. Ниязов құрған жүздікте тек бар болғаны төрт Бердан³⁰ болды. Тағы да жиырмасы жіберілді, бірақ ол да жеткіліксіз болды, бірақ ол кезде одан көп табу мүмкін болмады. Өз жасағынан капитан Деркшевич қазақ* жүздігіне екі офицерді тағайындады. Екі күннен кейін жаңадан құрылған жауынгерлік бірлікке Саратовқа қарай бет алу және капитан Ушаков жасағымен байланысқа түсу тапсырылды³¹. Олар үйренген қалыпты құрылым болған жоқ. Оған уақыт та, жағдай да, әскери қордың бары да мүмкіндік бермеді. Екі винтовка, оған патрондар ал да, соғысқа кірісіп кет! Барлық қалғаны кейін. Қандай да бір жүзеге асушылық орын алды. Әскери тәртіппен, әскери іспен таныс емес іркін қазақтардан* құрылған Ниязов жүздігі билікке жеткізетін белгілі бір рөлі бар нақты әскери билікке бағынысты нақты бір бірлікке айналды.

Уақыт өте келе тағы да екі жүздік құрылды. Сол үш жүздіктің екі жүздігі «Алаш дивизионы» деп аталды, оларды штабс-капитан Лютик қарамағына қабылданды. Дивизия құрамына кірмеген қазақ* жүздігіне біздің алдыңғы шепте белгілі бір учаскелер берілді. Олар қандай да бір күтпеген жағдайға, шабуылдаған жағдайда олар өз учаскелерінде операция кезіндегі іс-қимылдарға арналды.

«Алаш дивизионы» әскери іс-қимыл күнделігі қызылдар үшін қазақтар* қандай жау болғаны айтылады. Мүлдем үйретілмеген, киім-кешексіз, қару-жарақтары нашар бола тұра қызметін өткерген. Алаш дивизионы құрылған уақыттан бастап оны Семейде құрылған 1-ші Қазақтың* атты әскер полкіне қосқан күнге дейін ол қызылдармен қырықтан астам ұсақ қақтығыстар және бірнеше шайқасқа түседі» [38].

Нияз батырдың ұрпағы – Қожамсейіт Ниязов Бақалы (Сарканд ауданы) жеріненде туылған. Туған-туыстарының еске алуы бойынша Верный гимназиясында М.В. Фрунземен бірге оқыған. Қызылдармен соғыста қаза тапқан.

Ақ гвардияның баспа беттеріндегі Алаш құралымдары

Алашорда көшбасшыларының ниетін қолдай отырып, қазақтармен бірге тікелей орыс офицерлерінің өзі соғысты. Олар қазақ бөлімдерінің әскери мүмкіндіктеріне көз жеткізіп, газет беттерінде қазақтардың

³⁰ Бір атар мылтық. Америкалық әскери инженер Бердан конструкциясы бойынша 1870 жылдары жасалған.

³¹ Саратовка – (1992 жылдан – Қызылқайын) – Қазақстанның Алматы облысы Алакөл ауданындағы ауыл. Көлбай ауылдық округінің құрамына кіреді.

жауынгерлік ерлігі туралы, оларды дұрыс бағаламағанын айтқан, қазақтардың өмірі, салт-дәстүрлері, психологиясы туралы өз ойларын сөз еткен.

«Русская армия» газетінде Е.Ф.Б. деген автор (№53, 15 наурыз, 1919) былай деп жазады: «Сібірде большевиктермен күресте іске орасан пайдасын әкелетін ірі әскери күш пайдаланылған жоқ немесе аз пайдаланылды. Бұл күш – қазақтар*, олар үшін большевизм бітіспейтін жауға айналуы тиіс, өйткені ол орыстарға қарағанда қазақтардың* барлық тұрмыстық қалпына қайшы келеді. Қазақтар* атты әскері Сібірдің, Жетісу мен Түркістанның далалық облыстарында большевиктерге қарсы керемет күш болды; егер осы атты әскер тиісті түрде ұйымдастырылғанда, онда олар большевиктерді қорқытатын мықты партизандардың бірнеше ондаған полкін қалыптастыратын еді.

Қазақтар* қорқақтар, пушканың бір атысынан ақ қашып кетеді дейді. Бірақ бұл шындық емес. Мұны әскери іспен таныс емес адамдар айтады. Ұйымдастырылмаған, оқытылмаған және тәртіпке келтірілмеген кез-келген әскер де қашып кетеді. Қытайлықтар сияқты өлімге жиіркенішпен қараған халық жоқ, алайда осы қытайлықтарды жапондықтар қойларды айдағандай қуған, себебі оларда тәрбие мен тәртіптің негізін қалайтын тәжірибелі командирлер, ынтымақ-бірлік болмаған.

Қазақтар* қорқақтар емес, керісінше өте қызу қанды, оларды соғысқа итермелеудің орнына, шайқасқа деген талпынысын барынша тежеп, тоқтатып отыру қажет. Бірақ бұл рух сәтсіздік кезінде қорқынышқа, энергия мен рухтың жоғалуына алып келеді, бұл барлық қызу қандыларға тән. Оларға ішкі тәртіпті, жақсы басшыларды берсеңіз олар бірігей біртумалар болады».

Кейде дала жауынгерінің романтикалық бейнесін қалыптастыруға тырысып, оларды ойдан ойлап тапқан кентаврлармен және Солтүстік Американың әйгілі жауынгерлерімен салыстыруға тырысады. «Орыс әскері» былай деп жалғастырады: «Көздері қырағы, жергілікті жерлерді бес саусағындай біліп күндіз де түнде де адаспай жол табатын, желдей жеңіл және жел сияқты қуып жете алмайтын, шаршап-шалдықпайтын центаврлар – қазақ* барлаушыларына тең келетіндер жоқ, көліктерге және тылға шабуыл кезінде қазақтар* Солтүстік және Оңтүстік штаттардың Америкалық соғысындағы Стюарттың әйгілі атты әскеріне теңеледі. Қазақтар* өте төзімді, тамақ талғамайды және жол жүруден шаршамайды: олардың аттары сондай, тәулігіне жүз-жүз елу шақырым жүре алады. Қазақтар* тәртіпке тез көнеді, оларда

достық сезімі қатты дамыған, ал әзілқой және көңілді мінездері әскери қызметті жеңіл әрі шытырман ретінде қабылдауға немесе әр жігіттің намысы шындалатын міндет ретінде қабылдауға жақындатады».

Ақ баспа материалдарын зерделей келе олардың Сібір үкіметінің басшылығын және Сібір әскерінің командалық құрамын, жалпы орыс халқын қазақ бөлімдеріне қолдау көрсетуге сендіруге тырысқан деген шешімге келуге болады. «Русская армия» газетінің «Е.С.» атты авторы (20 мамыр, 1919) газетінде былай деп жазады «Қазақтар* әскерилерді жігіттер деп атайды. Жігіт сөзінің қысқаша мағынасы – белгілі бір жасқа жеткен батыл ер азамат. Жігіт жауынгер ретінде тек атты әскерді ойлайды. Олар атсыз болса, жауынгерлік бірлік ретінде түкке тұрмайды. Жаяу жүрсе епсіз, ауыр және күлкілі әскер, ат үстінде епті адамға айналады. Аттың құлағында ойнайды. Олар үшін ат – ол барлығы! Жаяу жүру ол үшін өзінің беделінен төмен болып саналады. Ол қашықтық қандай жақын болса да ол атпен барғанды қалайды. Жаяу жүргенді жігіт қаламайды және атсыз өтетін барлық жаттығулар олар үшін қызықсыз. Ол үшін жаяу жүру және жүгіру ауыр. Себебі оған ол үйренбеген және тез шаршап қалады. Бірақ атпен шабу, құйындай жүйткү ол үшін түк емес. Ол барлауда немесе ізге түсіп жүруде сөзсіз керемет. Әскери істі жігіт жақсы көреді және әскери атағын құрмет тұтады. Оның арманы – солдатқа тиесілі барлық құрметке ие болу. Оған әдемі киім кигізіп, кавалеристке тиесілі қару-жарақ ұстатсаң ол сіздің қарамағыңызда болады. Кез келген ауылда оған құрмет көрсетіледі. Ол былай деп ой түйіндейді: кез келген адамға форма кию және қару-жарақ ұстау құқығы берілмеген. Әскери болу – ерекше құрмет! Полкке жіберілген жігіттер үшін ол үлкен қуаныш. Бірақ берданка оған ұнамайды. Оның арманы – үшжелілік винтовка алу. Жігіт бастықтарын және өзінен жоғары тұрған барлығын қатты құрметтейді. Туғанынан бастап үлкендерге құрметпен қарайды. Оған бір нәрсе тапсырылса, оны ол бұлжытпай орындайды».

В. Сорокин «Орыс армиясы» газетінде (1919, №138, 2 шілде): «Мен алаштықтарды алғаш рет біздің Үржар бекетіндегі қозғалыста көрдім, олар Сібір жүздігінің бірімен бірігіп, біздің әрекет етуші отрядты қуып келе жатты» деп жазады. Ол туралы менің жорықтағы күнделігімде былай жазылған:

- Тура сағат 9-да, отряд бастығының бұйырығына сәйкес, жолға шығуға белгі берілді. Диспозиция бойынша отрядтың басында түгелге жуық аттылар жүруі қажет. Бірінші болып жүрген казак полкі Сібірліктер; олар қаз қатар тізілген қатарлармен, өзінің әсери келбетімен, тәртіптілігімен және жинақылығымен ерекшеленеді; оларға

қарап өзінді орыс халқының күш-қуатын қайтадан жинақтағандай сезінесің. Сібірліктердің артынан алматылықтар, үржарлықтар, партизан жүздігі еріп келеді; олар әркелкі киінген, қарулануы да әрталай, олардан партизандар екені сезіледі. Атты қатардың артында алаштықтар келеді. Барлығы осы орыс армиясының жаңа әскери бөліміне ерекше ықыласпен көңіл аударған. Олар біркелкі біздің киімді киген, сапта тұрғандай тіп-түзу, арқасынан үшжелілі асылған, сызғышпен сызылғандай, түзу қатармен, салтанатты шерудегі сияқты қозғалып келеді және шебер аттыларға айрықша әсер қалдырады; тек сүйегі шығыңқы беттері ғана олардың қай ұлт екенін танытады. Шын мәнінде, жақында ғана өздерінің жүйрік аттарымен жылқы қуып жүрген, дала адамдары тұрақты әскерге қалай жылдам айналып кетті. Біздің қосын елдің ішіне тереңдей ене бастаған соң, жан жақтағы жақын таулардан атты қазақтар* келіп қосылып, қатарымыз арта түсті, арта түсті».

«Алаштар үлкен құрметке ие болды, Қазақ* тұрғындарының мақтанышына айналды. Қазақтардың* шығыстық, әсерлендіргіш табиғаты халықтың қиялынан безендірілген аңыздар тудырды, осыған дейін қазақ* халық эпосының батырлары ғана болған дала батырларын қайтадан жандандырады. Олар туған өлкесін, оның салты мен дәстүрлерін керемет біле отырып, аса көп байқағыштығы, айлакерлігі, тапқырлығы, тамаша шабандоздығымен ерекшеленіп, байырғы қазақ* тұрғындарымен далалық аумақтарда таптырмас барлаушылар болып келеді». «Свободная Речь» газетінің (8 қазан 1918 ж., №250) «Қазақ* аттылары» мақаласында «Жетісу майданындағы ұрыста жараланған 1-ші Алаш дала аттылар полкінің жігіттері Жетісу майданынан көшірілді. Прапорщик Ступинаның қол астындағы «Алаш жүздігі» деген атаумен 1-ші Алаш полкінен бөлінген отряд тамыз айының басынан бастап Жетісу майданында үзіліссіз ұрысып келеді. Жүздік Андреевка, Үржар, Лепсі маңындағы Ново-Андреевка, Саркан және Покотилровкада «қызылдармен» ұрысты. Отряд арасында өлгендер және жараланғандар да бар. Қазақтар* - атты әскерлері шабуыл кезінде айрықша көрінеді, әсіресе барлауда ерекше таптырмайтын халық» деп көрсетеді.

«Свободная речь» газетінде «Е. С.» редакциялық атпен шыққан автор 1919, №335, «Новое слово», 1919, 13 наурыз, 30 сәуірде «Қазақтар* қалай соғысады» атты мақала басып шығарады, онда қазақ әскерлерінің ерліктері туралы «1-ші Қазақтар* полкі өмірінің суреттері» тақырыбымен суреттейді.

Қазақ әскерлерінің батырлықтары туралы «1-ші Қазақ* полкінің тіршілігінен суреттер».

«Қазақтар* қалай соғысқанын білу кімге болмасын қызықсыз емес? Біздің жалпы іс үшін соғысады. Оның сұр, еленбейтін жауынгерлер қатарында да батырлар бар. Тек бұл батырлардың атағы әлі шықпаған, олар туралы туған даладан алыс жерлерде айтпайды. Оларды осы даладан басқа ешкім де білмейді. Ал олардың арасында нағыз батырлар да бар. Атам заманғы берданкемен күтілгеннен артық әрекеттерге бара алады...

(...) Бірнеше мысалдар келтірейік.

29-ші қазан, қызылдар Саратовқаға кірген кезде, біздің жүздіктің бір жігіті, Балтабай Бейсебеков, бұрынғы барлаушы, «Аязбай» (Саратовкадан 7 км) бауынан алыс емес жерде қалдырып кеткен қыстақтың ауласын қарап шығу үшін кіреді.

Сол жерде байқамай дұшпанның торуылына түседі. Екі қызыл оған тап беріп, ол есін жиғанша, олар оның атының жүгенін ұстап үлгереді. Құтылып кету мүмкін емес сияқты, бірақ... мүлде ебедейсіз қазақтың күтпеген, өте тамаша жылдам қимыл-қозғалысымен, жігіт жүгенді аттың тұмсығынан лақтырып жіберді де, бір қызылды винтовкамен дүмбісімен кеудесінен ұрып үлгерді. ... Тақымға алған ат шаба жөнелді де алып қашты. Сасып қалған қызылдар қашқынға оқ атты. Бірақ оқ көздеген жерге тимеді. Жігіт бөлімшені тосқауыл туралы алдын ала сақтандырды.

Мынадай оқиға болды: Андреевка ауылына біздің жүздіктің шапқыншылығы кезінде, Ахметғали Орманбаев атты жігітке ауылдың солтүстік шетінен 20 шақты жігітпен келіп әрекет ету тапсырылған болатын, ал жүздіктің қалған бөлігі оңтүстіктен кіруі қажет еді. Орманбаев жігіттерімен ауылға қатты құйынмен баса көктеп кірді. Үрейлі топалаң шығарды да сонымен жүздікке берілген тапсырманың орындалуына ықпал етті.

Тағы бір мысал: 29-ші қазан, қазақ* дивизионы Саратовкадан өзінің тұрағына қарай кері шегіну кезінде бүкіл оқ қорларын атып тауысқан, жарты взводпен қалған Қағазбек Дүшкенов атты жігіт біздің шегінуімізді қамтамасыз ету үшін ізімізге түсуге тырысқан қызылдардың 150 адамын бір жарым сағат кідіртті. Осыдан кейін дивизион еш қиындықсыз, адамдарын жоғалтпай өтіп кетуге мүмкіндік алды. Осындай мысалдардың көпшілігі жақсы нәтижелер берді.

Сол жылғы 29-ші қазан, Саратовка маңы, Мұхамеди Сабабаев атты жігіт бөлімшенің сол жақ қанатында болып, Черкасский қапталынан 400 адамға дейін күші бар қызылдардың қозғалысын айналып өту жолын тапты. Айналып өтпекші болған қарсыласын бақылай отырып,

дәл уақытында бұл туралы хабарлады және ұрыс біткенше орнында қалды. Сол күндегі кері шегіну уақытында ол аты өліп, қызылдар қоршап алуға таяу қалған взвод командирін оқтан алып шықты.

1919 жылғы 11-ші қаңтарда Райыс Тұғонасов атты жігіт большевиктердің ауылы Гавриловскийге кіріп кетті. 14-ші қаңтар күні ол жүздікке қайтып оралды, Гавриловскийдегі қызылдардың бар күші, олардың орналасуы, қарулануы және дайындап алған азық-түлігі туралы, күзет шаралары туралы, түнгі күзетке қойылған күші туралы құнды мәліметтерді жеткізді.

13-ші қаңтарда Қазақ* полкінің 3-ші жүздігінің бөлімшесі дұшпандардың ықпалында болған, Ақышқын бекетіне дейін 3 шақырым жетпей телеграф бағанын бұзды және сонымен Қапал мен Гавриловскийде отырған большевиктер арасындағы телеграфтық қатынасты үзді.

(...) 1-ші қыркүйек 1918 ж. Қазақ* жүздік бөлімшесінің құрамынан үш жігіт большевиктер басып алған Петропавл-Антоновка қыстақтары арасындағы жолды барлауға, сондай-ақ солтүстік қапталдағы күзеттің күшін білуге аттанды. 2-ші қыркүйекте үш жігіттің тек екеуі ғана аман оралды, олар жолдың, сондай-ақ Антоновка ауылының солтүстік қапталы қызылдармен мүлде күзетілмейтінін баяндады. Антоновкаға қатысты едәуір толық ақпарат алуды ниет еткен олар 2-ші қыркүйекте таңсәриден сол ауылға жетуді ойлады. Ешкімге көрінбей сәтті шығып кетеді. Мезгіл әлі ерте болатын. Үшеуі көшемен еркін қозғалып келе жатты. Винтовкалары иықтарында. Олар бір жағдай бола қалғанда аттар дыбыс беретінін біледі. Кенет бір қақпа сықырлап ашылды... Хохол шықты, мүмкін шөпке бара жатқан болар. Біздің бір жігіт Қаймолда Байғұшықов оған жақындап барып, бірдеңелерді сұрастыра бастады. Қалған екеу де тоқтады да, оны кетуге үгіттей бастады. Қаймолда, оларды тындамастан, ауылды атылған дауыспен оятқысы келмегендіктен, винтовкасын алып хохолға сермеп қалды. Өкінішке орай осы уақытта оның аты бір нәрседен қатты шошынып, жұлқынып кетті, оның құлаштап соққан екпіні мақсатына жетпей қалды. Хохол қатты айғайлап жіберді. Қашуға әлі де кеш емес еді, Қаймолданың жолдастары оны қанша шақырса да, ол назар аудармастан кенеттен аттан қарғып түсіп, большевикке бір атылды да, тұншықтыра бастады. Алайда, хохолдың бірінші жан айқайын біреулер естіп, дабыл тұрғызып, барлығы жүгірісіп келді де Қаймолдаға бас салды. Қаймолда олардың қолынан қаза тапты. Басқа екі жігіт ауылдан қатты шауып шығып, көзден ғайып болып үлгерді.

29-ші қыркүйек, қазақ* жүздігінің бір офицері әңгімелейді, таңғы 11-лер шамасында Саратовский ауылының ар жағындағы Ақ Құдыққа және біздің тұраққа жолмен бөлімше келе жатқаны көрінді. Қызылдарға қарсы шыққан екі взводтың жігіттері олармен атысқа кірісті және Антоновкаға қарай Ақ Құдық жолындағы бөлімшені қиратып салды. Сағат 2-лер шамасында қызылдар бізге Ақ Құдық және Аясбай бағының жағынан шабуылдай бастады. Жаяу қатардағы жігіттер тізбегін арттыруға тура келді. Екі сағаттық ұрыстан кейін Черкасский ауылынан бекініс алған қызылдар біздің тізбекті шегіндіре бастады. Сағат 16-лар кезінде Саратовский ауылы қапталынан кенеттен 100 адамнан тұратын қызылдардың күші көрінгенде біздің жағдай қатты нашарлап кетті. Қызылдардың нығаюы 350 адамға дейін жетті. Олардың күші бізден екі есе артық еді. Бірақ біз әлі де берілмедік. Бізде қару да, оқ та аз қалды. Тек винтовкада 10 шақты патрон ғана бар.

Сол уақытта қазақ* жүздігін оқпен қамту маңызды емес еді, бізге шегінетін жер де жоқ, өйткені біздің арт жағымызда биік жарлы ми батпақ орналасқан болатын. Өткелдерді қызылдар басып алды. Өте қиын жағдайға душар болдық. Ол кезде қарулы жігіттердің бір бөлігі қарусыз, бейбіт қазақтарды* жинау, оларды қызылдардың көзінше аттан түсіріп, жаяу қатармен қарсыластың қапталынан шабуылдау жүргізу тапсырмасымен тылға аттандырылған еді. 1-ші взводқа қыстақтарға шегініп, атыс ойығын жасау бұйрығы берілді. 17 сағатта барлығы қыстаққа қарай кері шегінді. Атыс мүлде тоқтады. Қызылдар қыстаққа қарай 1000 қадам арақашықтыққа жақындап, осы жердің кесіп өтетін арықтарына жайғасты. Мүмкін бір сағат өткен шығар. Біз қабырғалардың артында отырдық, әлде бір жақтан көмек күттік, көмек тек қарусыз қазақтар* жағынан ғана еді. Қарусыз адамдардан көмек күтудің өзі күлкілі. Қызылдардың қимылдары да таңғаларлықтай. Бізді қазір-ақ ұстап алар еді. Он патрон ұзаққа апармайтын. Біз қатты қорықтық, үндемей отырдық, біздің үнсіздігіміз қызылдарға сезікті көрінді. Алайда олар баяулады. Бізді алуға батылдары бармады. Сонымен өздерінің сәтті кездерін жіберіп алды. Кенеттен олардың қапталына қарсы 120 адамға дейін күші бар қазақтар* қатары көрінді, әр жердан оқ атыла бастады. Бұл көмекке бейбіт қазақтарды* жинауға кеткен қарулы жігіттердің қаруларынан атылған оқтар еді. Біздің жүздіктің екі взводы қыстаудан шығып, оқ ата бастады. Күтпеген оқиға болды. Қызылдар бізге мықты көмек келді деп ойлап, кері шегіне бастады, жүздіктер атты шабуылға шыққанда Аясбай бағына

қарай қаша жөнелді. Қызылдар қашқанда өздерінің 2 өлген адамын және екі ер-тоқымды аттарын қалдырып кетті. Қазақ* жүздігінде қаза тапқандар болған жоқ».

Ерекшеленген жігіттер марапаттауға ұсынылғанын айта кетейік. 5-ші дивизия командирінің бұйрығымен Мұқаш Бексеев (Арасан болысы, 15-ауылдан) ерлік көрсеткені үшін 4-дәрежелі Георгиевский медалімен марапатталды. 2-ші Жеке Далалық Сібір Корпусы командирі генерал-майор Бржезовскийдің бұйрығымен³² 1919 ж. 2-ші тамызда 250 рубль берілді [39].

1-ші Партизандық Атты Қазақ* полкінің командирі ротмистр Высоккий өзінің бұйрығымен «2-ші жүздіктің жігіті, Малдыбаев Иксатов, Черкасский ауылы маңындағы әскери озаттылығы үшін» 1919 жылғы 11-қарашадан бастап ефрейтордың дәрежесін иеленді [40].

3-ші Партизандық Атты Қазақ* полкінің командирі Поручик Беляниннің 1919 жылғы 23-ші қазандағы бұйрығымен 4-ші жүздіктің жігіттері Ғали Көлектпаев және Рахембай Мусралинов «қызылдарғы қарсы ұрыста дүркін-дүркін ерекшеленгені және ісін мықты білгені үшін ефрейтор дәрежесін алды», сонымен бірге 1919 жылы 30-ші қазанда 3-жүздіктің жігіттері Байбола Акашанов, Әділжан Тимиров, Жалдас Айнақұлов, Қабдулда Жалба, Тұрар Елеуов «ұрыстағы тамаша ерліктері және жақсы білімдері үшін ефрейтор дәрежесін алды» [41].

«Ақтар» мен «Қызылдар» арасында

Жетісуда ақтар әскерінің жеңіліске ұшырауымен, Алаштардың бір бөлігі ұрыспен Қытай шекарасы арқылы өтіп кетті, ал қалған бөлігі қаруларын тапсырып, қызылдардың жағына өтті. Мұндай ауыртпалық Алаштардың бөлігіне де жетті. Тығырықтан шығар жолдың жоқтығын түсінген, Алашорда көшбасшылары қантөгісті болдырмау үшін

³² В.В. Бржезовский (11 (23).07.1869, Ақмола обл. – қыркүйек 1919). Генерал-майор (15.08.1917). Сібір кадет корпусын және 2-ші Константиновский әскери училищесін (1888) аяқтады. 23-ші Шығыс-Сібір полкінің 4-ші батальонының командирі (1904–1905). 20-шы Түркістан атқыштар полкінің (1905–1910), 21-ші Түркістан атқыштар полкінің батальон командирі (1915–1917). Азаматтық соғыс жылдарында Уақытша Сібір үкіметінің Далалық Сібір қосалқы (кейін кадрлық) атыс әскери бригадасының бастығы (18.07.1918 ж. бастап; 02.08.1918ж. лауазымы бекітілді). 1-ші Сібір Далалық кадрлық дивизияның 2-ші Далалық Сібір арм. корпусының бастығы және Омбы гарнизонының бастығы (12.10.1918 ж. бастап). 2-ші Далалық Сібір жеке корпусының командирі (29.12.1918 ж.—13.09.1919 ж.). 1919 жылғы желтоқсан айында Семейдегі бүлік шығарған солдаттармен өлтірілді.

қызылдардың шарттарын қабылдап, қарсыласуды доғару керек деп шешті. Жетісу өңірлерінде М.Тынышпаевтың басшылық етуімен Алашорда белсенділері – ағайынды Төлебаевтар, Үмбетбаев және басқалары қызылдар жаққа берілуге қатысты.

29 ақпан 1920 жылы М. Тынышпаев 3-ші Түркістан атқыштар дивизиясының командиріне ақтардың аумағында жүрген қазақтардан үндеу жіберді: «Біз Жетісудың солтүстік бөлігіне жаңадан келген қазақ* өкілдері, Тынышпаев, Төлебаев, Көлімбаев, қазіргі кезде Ресей республикасымен орнатылған жалпы тәртіппен танысу бойынша ақпанның басында берілген біздің делегат Үмбетбаевтың өтінішін растай отырып, оның өтінішінің барлық бөлігіне кейбір өзгерістерді енгіземіз және келесі түрде ұсынамыз:

- Қазақ* тұрғындарының Черкасский және Тарбағатай аудандарының шаруаларынан жеке және мүліктік қауіпсіздігін, сондай-ақ қарулы бөліктерін шектеу;

- Қазақ* халқына және қазақ* зиялыларына толық саяси рақымшылық жасау, барлық өткенді толықтай ұмытуды тапсыру және орыс халқымен тату көршілік қатынастарды орнату;

- Қазақтардың* қолда бар, сондай-ақ болашақта құрылатын қарулы күштері жалпы бастамада қызылдардың басқаруына бағынады;

- өлкені ақтардан босатудың шұғыл шараларын қолдану;

- РКФСР Конституциясын және барлық әрекет ететін жұмысшы-шаруалар үкіметінің заңдарын қабылдау» [42].

9-шы бригаданың саяси бөлімінің меңгерушісі Баранов: «23 және 24 сәуірде қазақ* халқының басты көсемі – Қоқандық Уақытша үкіметтің бұрынғы төрағасы, суландыру жөніндегі инженер, Жетісу майданын тарату бойынша Колчакпен келісім-шартпен жұмыс істеген, бірақ қазір біздің жаққа берілген Тынышпаевпен әңгімелестім, ол бізге мынаны хабарлады: қашып кеткен қарулы алаштар, қатты күйзеліске түсу, жоқшылық пен нақты жұттың салдарынан, кеңестік биліктің қуаттылығын және заңдарын түсіне келе – барлығы түгелімен Кеңес

³³ Жандосов Ораз, 1899 жылы туды. 1908-1918 жылдары Верный ерлер гимназиясында оқыды. Аттестат алған күні 1-ші Жетісу социалистік қызылгвардия полкіне санитар болып кірді. Ақтар көтерілісінің қатысушысы болды (сәуір-мамыр 1918 жыл), кейін Жетісу (Солтүстік) майданы штабының тапсырмасы бойынша қарсыластар тылында жұмыстар жүргізді. 1919 жылғы маусым айынан бастап 1920 жылғы қараша айы аралығында Түркістан КП мұсылман коммунистері секциясы облыс бюросының төрағасы болды (б). Верный бекінісін басып алу кезінде 1920 жылғы маусымда Д. А. Фурмановтың тапсырмасымен облыс уезіндегі әскери бөлімшелерді басқарды. 1920-1922 жылдары Жетісудың ұлт істері жөніндегі облыс бөлімін басқарды, КП

Республикасының қарамағына өту қажеттігін саналы сезінді. Және қазір сол алаштар жазалау шараларды қолданбайтын және әртүрлі қуғын-сүргінге ұшыратпайтын талаптармен, өздерінде бар қару-жарақтарды тапсыруға дайын. Шынында, оның сөздерінен алаштарға ақылмен адамгершілікпен ықпал еткен кезде барлық қару-жарақтарын алып қоюға және Қапал мен Лепсі аудандарымен ақырғы бейбітшілік өмірге келуге болатыны [...] көрініп тұрды; бұл ретте Тынышпаев өзінің қазақ* халқын экономикалық жақсартудың іс-шаралар жоспарын маған ұсынды, мен сізге қарастыруға жолдап отырмын» [43].

Алаштықтардың бір бөлігі Жайнақов, Тергеусізов, Марсеков ақтармен бірге шекараны кесіп өтті. Алаштық жігіттердің тағы бір бөлігі бұрынғы 3-ші Атты Қазақ* партизандар полкінің командирі Беляниннің бастауымен, 500-ден 1000 адамы бар жүздіктің командирі Мартемьяновпен, 1921 жылы Лепсі уезі аумағында, Селке және Шолақ асулары аудандарында Қытай аумағынан жыл бойы шапқыншылық жасауды жалғастыра берді [44].

Өңірдегі ахуалдың қиындығын түсінген кеңестік билік Қапал және Лепсі уездерінің істері бойынша қашқан қазақтарды* қайтарып алу туралы Төтенше жағдайлар комиссиясын құрды. Комиссияның төрағасына жиырма бір жастағы Ораз Жандосов сайланды³³. 1920 жылдың 1-маусымында ол і Ревәскерікеңестің уәкілі Д.Фурмановқа – «Қазіргі кезде комиссия үгіт-насихат тапсырмаларын орындаумен Сарқандта жүр. Көкөзен шатқалында 9-бригада бойынша меңгеруші шақыртқан, садыр-қаракерей болыстары ру басының партияда жоқ алқа мәжілісінде жүктелген тапсырмалардың маңызы бойынша: ақ әскерге қызмет еткен алаштардың жалпы санының есебімен, қазақ* руларына бөлінген 600 адам: 10 матай болысынан 600 адам және 15 қаракерей болысынан 1500 адам, соңғысының 500 адамы Балқаш маңындағы Сергиопольский ауданы өңірінен, қалғандары 1500 адамға жуығы Қытай шекарасына қазақ* болыстарының бейбіт халқымен Анненковпен бірге айдалғандар болып шықты және

мұсылман коммунистері секциясы облыс бюросының төрағасы болды, Жетісу облысы рев.-әскери комитетін және облыс “Қосшы” одағын басқарды, Түркістан КП ОК-нің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі және БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің 2-хатшысы болды. 1927 жылдың соңынан Қазақстан өлкелік комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Қазақ ауылшаруашылық институтының бірінші директоры, Қазақстанның Мемлекеттік көпшілік кітапханасының бірінші директоры (1931-1932) болды. 1928-1937 жж. – ҚАКСР ағарту халық комиссары, Қазақ мемлекеттік университетінің оқытушысы. 1937 жылы тұтқындалды және өлім жазасына тартылды.

біздің ықпалымызға көнбейді. Садыр-матай болыстарының және екі қаракерей болысының алаштарынан 400 адамға жуығы, өлгендерді, мүгедектерді, денсаулығын жоғалтқандарды және жоғалғандарды қоспағанда, тұтқындалғандар ретінде қазіргі уақытта ең көп дегенде 700 адам бар» [45] деп хабарлайды.

5 ақпан 1920 ж. Түркістан майданының Ревэскерикенесі Жеке Қазақ* атты бригадасын құру туралы бұйрық шығарды – «Жетісу облысы қазағынан* жеке атты бригада құрылсын, оған «Жеке Қазақ* атты бригадасы» атауы берілсін». Бригаданы құру 3 Түркістан атқыштар дивизиясы бастығының бақылауымен жүрді. Құру орталығы болып – Верный қаласы белгіленді [46].

16 ақпан 1920 ж., Түркістан Округінің әскери комиссариатының №10 бұйрығына сәйкес, 4-ші эскадрон құрамның 1-ші және 2-ші Қазақ* атты полкінің құрамында Жеке Қазақ* Атты Бригадасы құрылды. Полктің командирі ретінде Зелендинов және Дунаев, Әскери комиссариаты Мухамедиев тағайындалды. Команда құрамы Ташкенттен жинастырылды, 14 адамнан тұратын Бригада Штабы Ташкенттен 25 ақпанда шықты [47]. Верный қаласына келген соң Жеке Қазақ* Атты Бригадасына 1-ші Түркістан Кавдивизиясының құрамына кіруге бұйрық берілгені және 2-ші Қазақ* кавалериялық Бригадасы³⁴ (Комбриг - С. Әли-бей Эдигей³⁵, Әскери комиссар А.И. Астраханцев) атауы берілгені, оның құрамына бірінші және екінші Қазақ* аттылар дивизиясы – 3-ші және 4-ші Түркістан Қазақ* Кавалерия дивизиясы кіргені туралы телеграмма келді. Оның командиріне 4-ші полктің – Б.И. Рукунджа, 3-ші полктің – Вишневский тағайындалды [48].

Полктің құрамы қызылдар жаққа өтіп кеткен алаштықтардан құрылды. «Садыр-қаракерей болыстары қазақтарының* ру көсемдерінің партияда жоқ мәжілісі» 24 мамыр 1920 жылы Жандосовтың, Мұхамедиевтың, Зелетдиновтың «қазақ-алаш ақ әскерлер бөлігіндегі бұрынғы қазақ* кавалерия бригадасы кадрларын құрғандар қатарынан ерікті қосылудың» қажеттілігі туралы сөз сөйлеуін тыңдаған соң, «қоғамдық-мәжбүрлеп жинау» арқылы

³⁴ 1-ші Қазақ кавалерия бригадасы Орал облысында құрылды.

³⁵ Али-бей Эдигей Сергей Сергеевич, шоқынған ноғай. Ақсүйектерден шыққан. 1877 жылы туды. Ярослав кадет корпусын (1895) және Тверь кавалерия училищесін (1898) бітірді. 1910 жылдары шекаралық күзеттің Каспий сырты округінде Кушка қаласында офицер қызметін атқарды, ротмистр. 1920 ж. қосын бастығы, Қазақ кавбригада бастығы Шымкент қ. 10.11.1920 – 20.04.1921 жж. – 2-ші Түркістан кавалерия дивизиясының бастығы, Украинада Махно көтерілісін басуға қатысты.

«садыр-қаракерей болыстарының 300 алаштықтарды қызылдардың қазақ* бригадасы қатарына тарту» жолымен құруды бекітті. Дәл осындай қаулы 15 мамырдағы 10 матай болысының ру көсемдерінің алқа отырысында қабылданды, олардан «алаштан» 340 адамды таңдап алуға сөз берілді. Бұл ретте комиссия «қоғамдық-рулық мәжбүрлеусіз қаншалықты алаштарды тарту мүмкіндігін есептеуге болмайтынын, тіпті қазақ* халқы Қызыл Армия қатарына қосылуды сана-сезімдерімен толық түсінген жағдайда да қол жеткізе алмайды» деп сендірді [49].

3-ші Түркістан атқыштар дивизиясының, Верный қаласына жайғастырылған негізгі бөлігі 2-ші маусымдағы бұйрықпен Фергана майданына, Қоқандқа басмашылық отрядпен күресу үшін аттанды [50]. Осының бәрі Д. Фурмановтың «Мятеж» атты повестінде баяндалған, Верный қаласындағы бүліншілік пен әскери қақтығыстың себебіне айналды. Көтеріліске шыққандардың ең басты талаптары қазақ полктерін тарату болды.

Маусым айында бұрынғы Алаштардың жігіттерінен Лепсі және Капал уездерінде құрылған 2-ші Қазақ* кавалериялық Бригадасы Черняев³⁶ қаласына ауыстырылып жіберді [51].

1920 жылғы 6-қыркүйектегі бұйрықпен 2-ші Қазақ* кавалериялық Бригадасының командирі С. Әли-бей Едігеге, 3-ші кавалерия полкінің командирі – Вишневскийге және 4-ші кавалерия полкінің командирі - Б.И. Рукунджаға дереу Харьковқа квартирьер ретінде жөнелу тапсырмасы келді. 6-шы қазанда полк командирлерімен бригаданың бірінші эшелоны жөнелтілді. Белгіленген орынға келген соң Бригада Оңтүстік майдан резервінің құрамына кірді. 12-қарашада Бригада Ташкенттен келген 1-ші өзбек кавалерия бригадасы сияқты, 2-ші Түркістан кавалерия дивизиясы болып құрылған құрамға қосылды. Өзбек бригадасы алаштықтар сияқты қызыл биліктің жағына шыққан басмашылар қатарынан құрылған еді. Дивизияны С. Әли-бей Едіге, 2-ші Қазақ* кавалерия Бригадасының командирі – Б.И. Рукунджа басқаратын болып тағайындалды [52]. 1921 жылғы 31-қаңтардағы бұйрықпен 2-ші Қазақ* Кавалерия дивизиясы 3-ші Түркістан бригадасына қысқартылады және 7-ші Кавалерия дивизиясының құрамына қосылды да 7-ші Самара Кавалерия дивизиясына атауы өзгертілді [53].

1921 жылы сәуірдің аяғында көптеген қазақтар Қызыл армия қатарына демобилизацияланды және Жетісуға эшелонмен жөнелтілді.

³⁶ Шымкент қаласы.

«2-ші Түркістан Кавалерия дивизиясының комиссарлық құрамы мен әкімшілік қызметкерлерінің атаулы тізімінде» – «Юсупджанов – қазақ*, взвод командирі. Токин, бұрынғы унтер офицер, қазақ* - взвод командирі. Молдажанов, бұрынғы подпоручик, қазақ* кавалерия полкінің әскери комиссары. Каржау – рев. трибунал мүшесі» деп жазылған.

Токин Хамит С. Сейфуллиннің «Банданы қуған Хамит» әңгімесінің басты кейіпкері Хамиттің прототипі. 1921 жылы демобилизациядан кейін Ақмола уездінің әскери комиссары орынбасары болып қызмет етті.

Молдажанов И.И. «3-ші Қазақ кавалерия полкі» әскери комиссары ретінде тағайындалды, 1921-1924 жылдарғы демобилизациядан кейін Оренбургте және Семейде партия жұмыстарын атқарды. Губерния милиция бастығы, Семей жерді басқару губерниясының меңгерушісі, Павлодар атқару комитетінің төрағасы, «Қазақ тілі» газетінің редакторы қызметтерін атқарды. 1935 жылы ҚАСР қаржы халық комиссарына тағайындалды, 1937 жылы тұтқынға алынып, атылды [54].

Алаш қатарындағы көптеген жігіттер 1937 жылғы қуғын-сүргіннен қашып құтыла алмады. Ал тірі қалғандары, өздерінің қызметі туралы ақпараттарды өте құпия ұстады. Сондықтан ешкім де, соның ішінде ұрпақтары да, Алашорда жігіттері-атақты бабалардың жасаған ерен ерліктері туралы біле бермейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нүрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – А., 1995. – 256 б.; Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Т.1. – А., 2008. – 480 с.; Жұртбай Т. Ұраным Алаш. – А., 2008. – 472 б.; Аманжолова Д.А. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. – А., 2009. – 412 с.; Аккулы С. Алихан Букейханов. Завещание. – Т.2. – Шымкент. 2016. – 628 с.; Алаш. Алашорда. Энциклопедия. Ғ. Әнес, С. Смағұлова. – А., 2009. – 544 б.; Войска Алашской автономии. Фотоальбом. Состав. Б. Мурсалим. – А., – 2015.; Тлешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. Энциклопедия. А., 2014. 528 б; Думан Анаш. Алаш әскері туралы не білеміз? «Егемен Қазақстан», 2013 сәуір.
2. Гражданская война в России и мусульмане. Сб.док. Сост. С.М. Исхаков. – М., 2014. – 816 с.; Симонов Д. Г. Белая Сибирская армия в 1918 году / Новосибирск: НГУ, 2010. – 613-б.; Шулдяков В. А. Гибель Сибирского казачьего войска. 1917–1920., 1-том. – М., 2004; Шишкин В.И. Взаимоотношения Алаш-Орды и Временного Сибирского правительства // Известия УрГУ. Серия 2. 2011, №4, – 110-123-б.; Ивлев М.Н. Гибель Семиреченского казачьего войска (1917-20 жж.). Страницы истории // Альманах «Белая гвардия», №8. – М., 2005, 225-235-бет.
3. Алаш қозғалысы. – Т.1.. – А., 2004. – С.440, 505.
4. «Русская армия», 1919, №138, 2 шілде.
5. «Свободная речь», 1918, №165
6. ГА РФ, ф.176, оп.2, д.36.
7. «Сарыарқа», 19.06.1918.
8. «Свободная Речь», 1918 ж. 3 қыркүйек.
9. РФ ГА. Ф. 176. Оп. 1. Д. 5. б. 7.
10. ГАТО. Ф.Р-72. Оп. 1. Д. 5. б. 5.
11. РФ ГА. Ф. 176. Оп. 1. Д. 1. б. 246-247.
12. РМӘМ. ф.39615, оп.1, д.51. б.6
13. РМӘМ, ф.39615, оп.1, д.18. л.30.
14. РМӘМ, ф.39498, оп.1, д.15. л.51-55.
15. РМӘМ, ф. 39498, оп. 1, д. 2. л. 21.
16. С. Сейфулин «Тернистый путь». – А., 1975.
17. «Новое слово» (№11, 13 наурыз 1919 ж.).
18. РМӘМ, ф.39711, оп.1, д.2
19. АП РК, ф.811, оп.24, д. 161. л.139-140.
20. РМӘМ, ф.39711, оп.1, д.2.
21. РМӘМ. ф.39498. Оп.1. Д.8. Л.1–2.
22. Гольцев В.А. Сибирская Вандея. – М., 2014. – 184-б.
23. «Русская армия», 20 мыр, 1919.
24. РМӘМ, ф.39615, оп.1, д.18. л.30.

25. «Русская армия», №53, 15 наурыз, 1919.
26. РМӘМ, Ф.39615, оп.1, д.42. Л.42
27. Д.А. Аманжолова. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. – А., 2009. – с.212.
28. «Қазақ», 5 қыркүйек 1918, №263.
29. Симонов Д. Г. Белая Сибирская армия в 1918 году / Новосибирск: НГУ, 2010. – 613 с.
30. Д.А. Аманжолова. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. – А., 2009. – 214-б.
31. «Свободная Речь», 8 қазан 1918 ж.
32. РМӘМ, Ф.39615, оп.1, д.25. Л. 8-9.
33. Д.А. Аманжолова. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. А., 2009. – 220-б.
34. Д.А. Аманжолова. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. А., 2009. – 220-б.
35. «Общественная позиция», 15 қаңтар 2015 ж.
36. РФ ГА, Ф. 1701, оп.1, Д.6в. Л.169
37. Б. Нәсенов Халық жаулары. А., 2005
38. «Русская армия», 20 мамыр, 1919.
39. РМӘМ, ф.40213, оп.1, д.1771. п.171.
40. РМӘМ, ф.39930, оп.1, д.1. п.21.
41. РМӘМ, ф.110, оп.3. д.1305. л.44, 54.
42. ҚР ОММ Ф.Р-109. Оп.1. Д.7. Л. 14.
43. ҚР ОММ. Ф.109. Оп.1. Д.15. Л.77.
44. Ивлев М.Н. Гибель Семиреченского казачьего войска (1917-20 жж.). Страницы истории // Альманах «Белая гвардия», №8. – М., 2005, 225-235-бет.
45. ҚР ОММ Ф. 109. Оп.1. Д.12А Л. 118-110.
46. ҚР ОММ, ф. 109, оп. 1, д. 15, л 55.
47. РМӘМ, ф.1111, оп.2, д.151. л.3.
48. Аманжолов К.Р. 2-ші Қырғыз кавалерия бригадасын құру және әскери қимылдар тарихынан // ҚР АХ Хабаршысы, 1987, №1. 36-38 Б.
49. ҚР ОММ. Ф. 109. Оп.1. Д.12А Л. 118-110 об.
50. Д. Өшімбаев, Хлюпин В. Қазақстан: билік тарихы. – А., 2008. – С.193; Туркестанский Краснознаменный. – М., 1976. – 78 б.
51. РМӘМ. Ф.7637, оп.1, д.67. Л.174.
52. Аманжолов К.Р. 2-ші Қырғыз кавалерия бригадасын құру және әскери қимылдар тарихынан // ҚР АХ Хабаршысы, 1987, №1. 36-38 б.
53. РМӘМ, ф.7637, оп.1, д.67. б.126.
54. Қазақстан наркомдары, 1920–1946 жылдар. Биологиялық анықтамалық. – Алматы, 2007.

ҒТАМР
03.06.55

Қайрат Әлімғазинов¹, Евгения Чиликова²

¹Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты директорының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы

²Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Құжаттардың ғылыми жариялануы басқармасының басшысы

**ТАРИХИ ЖАДЫ КЕҢІСТІГІНДЕГІ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ
(Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің материалдарына деректанулық және археографиялық шолу)**

Аңдатпа. Мұрағатшылардың құжаттарды жариялау жұмысының нәтижесінде зерттеушілерге ХХ ғасыр басындағы тың дереккөздер, оның ішінде Алаш қозғалысы тарихына қатысты материалдар қолжетімді болып отыр. Мақалада ҚР Президентінің Мұрағатында сақталған материалдар кешенін қалыптастыру ісіне шолу жасалып, жарияланған құжаттық жинақтардың мазмұны қарастырылған. Сондай-ақ Алаш партиясының қызметі мен Алаш зиялылары туралы мәліметтерді қамтитын сол дәуірдің естеліктерін ғана емес, қуғын-сүргінге ұшыраған Х. Досмұхамедұлы, М. Жұмабаев және т.б. ұрпақтарының бірнеше жылдардан кейін жазылған мемуарлық туындыларын талдауға баса назар аударылған.

Түйін сөздер: мұрағат дереккөздері, естеліктер, Алаш тарихы, құжаттар жинағы.

Қайрат Алимгазинов, Евгения Чиликова
ДВИЖЕНИЕ «АЛАШ» В ПРОСТРАНСТВЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ (источниковедческий и археографический обзор по материалам Архива Президента Республики Казахстан)

Аннотация. В результате работы архивистов по рассекречиванию документов, исследователям становятся доступными новые массивы источников ХХ в., в частности по истории движения «Алаш». В статье дается обзор по формированию комплекса материалов, хранящихся ныне в Архиве Президента РК, раскрывается содержание изданных документальных сборников. Внимание уделено разбору не только воспоминаний очевидцев установления советской

власти, в которых содержатся сведения о деятельности партии «Алаш» и алашской национальной интеллигенции, но и мемуарных произведений, написанных спустя несколько десятилетий потомками репрессированных Х. Досмухамедова, М. Жумабаева и др.

Ключевые слова: архивные источники, воспоминания, история «Алаш», документальные сборники.

Kayrat Alimgazinov, Yevgeniya Chilikova
ALASH MOVEMENT IN HISTORIC MEMORY (Historiographic Overview of Sources from President's Archive of Kazakhstan)

Abstract. As some more documents on Kazakhstan in the X20th century has been declassified, new historical evidence on the Alash movement are available for further scholarly inquiry. The authors overview the complex materials from the President's Archive of Kazakhstan. The analysis is focused on the records of the processes and events relating to the establishment of the Soviet power made by the witnesses and commentators including those providing new information on the activities of the Alash party's and Alash national intelligentsia. The authors also examine the memoires written several decades later by the descendants of K. Dosmukhamedov, M. Zhumabayev and other prominent figures who had been repressed by the Stalin regime.

Key words: archival sources, memoires, history of Alash, collection documents.

Кіріспе. ҚР Президентінің Мұрағатындағы құжаттар ХХ ғасырдың бірінші ширегінің тарихын зерттеуде айрықша деректанушылық қызығушылық тудырады. Мұрағаттың сол кезеңдегі материалдарында тарихи фактілер мен оқиғалар, сондай-ақ өткен тарихқа белгілі бір көзқарас қалыптастырған қоғамдық-тарихи режим туралы мәліметтер сақталған. Осы тұрғыда сол дәуірдің естеліктері деректану жұмыстарында айрықша орын алады. Тоталитаризм дәуірінің ақпараттық субъективтік және идеологиялық өнімі зерттеушілердің назарынан тыс қалып келеді, аталған дереккөздер үлесі жеке басқа қатысты болса да, сол кезеңнің жалпы жай-күйін [1], замананың «рухы мен тынысын» беруге қабілетті, әрі өткенге замандастар көзімен

табиғи көзқарас қалыптастыруға [2] мүмкіндік береді. XX ғасырдың басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінің әртүрлі қырларын зерттеуде аталған мұрағат материалдары ашылмаған ақпараттық әлеуетке ие.

Зерттеу әдістері. Жарияланымның әдіснамалық проекциясын феноменологиялық тәсіл, яғни «өткен адамды түсінуге» талпыну арқылы тарихи фактілер мен оқиғаларға интерпретация жүргізу тәсілі құрайды. Қазіргі деректану ісінде аталған әдіснамалық мектепті А.С. Лаппо-Данилевскийдің ілімі ұсынған [3]. Мұрағат көздеріне шолу археографиялық және тарихнамалық тәсілдерге негізделген. Тарихи мәтіндерді зерттеуде логикалық, тарихи-салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Бұл мұрағат материалдарын зерттеудің проблемалық-бейімделген міндеттерінен туындады.

XX ғасыр бас кезіндегі саяси тарих материалдарын жинау бойынша Партия тарихының қызметі


Қазан революциясы және БКП (б) тарихы бойынша комиссияны – Партия тарихын ұйымдастырумен 1917–1920 жылдары оқиғалар куәгерлерінің естеліктерін жинауға қатысты жүйелі жұмыстар басталды. Орталық Партия тарихы 1920 жылы алдымен Халық оқу-ағарту комиссариаты жанында, кейін 1921 жылы 1 желтоқсаннан бастап БКП ОК (б)-де бөлім құқығында құрылды. Бұл органның міндеті «Қазан революциясы мен тарихы... партиясына қатысты материалдарды жинау және зерттеу» болды [4]. Қазан революциясы мен азамат соғысы тарихына қатысты материалдарды жинау және оларды сақтау талаптары кеңес өкіметін құрушы В.И. Лениннің пікірінше, бұл материалдар кеңестік Ресей туралы контрреволюциялық буржуазиялық өтірікті әшкерелеуде негізгі дереккөз болып табылады [5]. Большевиктік тарихты бас қолдаушы әрі идеологі М.И. Покровский сонау 1920 жылдардың басында-ақ, 1917 жылғы революцияның тарихын және одан кейінгі болған оқиғаларды большевиктердің көзімен жазу қажеттігін айтқан. Оның пікірінше, «С пролетарским периодом русской революции, грозит повториться то, что случилось с демократическим ее периодом. Историю движения 1905–1907 гг. описали не те, кто делал тогда революцию, а те, кто мешал ее делать. У нас есть меньшевистская история первого восстания русской народной массы против романовского режима, есть попытки кадетской истории, – а со стороны большевиков не было даже и попыток сколь-нибудь выдержанных и последовательных...» [6].

Орталық Партия тарихы органының «Пролетарлық революция» журналының бірінші нөмірінің беттерінде Комиссия атынан

М.И. Покровский Партия тарихы сияқты орган болашақ ұрпақ үшін «өткеннің ауқымды дүниесін» – коммунистік партия тарихын сақтау міндетін атқаруға қабілетті екендігін атап өтіп, үндеу жасады. Бұл ретте естеліктерге айрықша құндылық берілді [7]. Большевиктер партиясының тарихы туралы сөз еткенде, құжаттарда көптеген жайттар көрініс таппағаны айтылды. Міне, осы жерде әсіресе «сол кезеңнің психологиялық және эмоционалдық ауанын беретін кез келген естеліктер, сондай-ақ қолымыздағы жекелеген құжаттардың түсініксіз болуы немесе қате түсіндірілуі мүмкін сол тұстағы байланыстар» құнды болып табылады. «Құжатты бірнеше жылдардан кейін қолға алған адамдар емес, оның қалай туғанын көргендер ғана дәл оқи алады» деп топшылағандар да болды. Үндеуде зерттеушілердің ой топшылаулары бытыраңқы деректік фактілер «оқиғаны білмей жазғанның мемуары тәрізді, бұл жай мемуарлардан нашар көрінеді» делінген. Мұндай тұжырым кейінгі бірнеше жылдары тарихи фактілердің шынайылығы критерийлерінің бірі оқиға куәгерлерінің сөзімен оны терістеу немесе растауға әкелді. Алғашқы пролетарлық тарихшылар ерекше назар аударған осы мемуарлар болашақ естелік авторларына маңыздылық берді. Осыған орай тарихи оқиғаларға қатысушыларды тарихи материалдар жинауға қатысу талпынысын күшейтті. Бұл үндеу естеліктерді жүйелі жинаудың бастамасы болды.

Партия тарихының Қырғыз бюросы БКП (б) Қырғыз обкомның 1922 жылғы 20 желтоқсандағы қаулысымен ұйымдастырылды [8]. Саяси қозғалыстар мен партиялар тарихына, оның ішінде «Алашқа» қатысты естеліктерді республикадағы социалистік құрылыстың қарсыластары ретінде большевизмнің саяси оппоненттерінің идеологиялық диверсияларын әшкерелеу мақсатында қолдануды жоспарланды.

Қатысушыларға хаттар жіберілді, естеліктер төңірегінде кештер ұйымдастырылды, Партия тарихы қызметкерлері осы кешке қатысушылардан «тергеу сұхбатын» жүргізді. «Қатысушылардың естеліктерін осындай тәсілмен жазу ең үздігі деуге болады, - делінген редакцияда. – Өйткені азаматтардың көбісі дерлік тартыншақтықтың, сенімсіздіктің, тіпті жай ғана жаза алмауының салдарынан өздері ешқашан мұндай естеліктер жазбас еді» [9]. Сондай-ақ қазақ өлкесіндегі революциялық оқиғаларға байланысты материалдар жинауға айрықша көңіл бөлінді. Осыған байланысты өз естеліктері мен материалдар жіберу өтінішімен С. Сейфуллин, Н. Нұрмақов, Т. Рысқұлов, А. Асылбеков, О. Жандосов, Т. Әйтиев, Ю. Бабаев және тағы басқаларына жазба хаттар жолданды [10].



АП РК. Ф.811. Оп.1. Д.3, 7. Рукопись.

[...] В 1918 г. в июне из г. Омска приехал в г. Атбасар председатель областного комитета Алаш-Орды Джанайдаров Сеильбек с определенными заданиями Колчака для восстановления бывшего Атбасарского уездного исполнительного комитета Алаш-Орды. В восстановленный уездный исполнительный комитет Алаш-Орды были введены Джилкайдаров Ален (председатель). Ансагаев [Абылкасым] (член). Байгарин Казбек. Наряду с этим уездный исполнительный комитет Алаш-Орды своим решением в Атбасарскую уездную чрезвычайную комиссию Колчака выделил в качестве члена Джангазина Карима, а Баржаксина Ахмета назначил начальником уездной милиции [...]

1-сурет. Б. Антуаровтың «Алашордашылар Атбасарда» естелігінен үзінді

Аталған кезеңде бірқатар құжаттық жинақтар жарияланды: «Қазақстандағы азамат соғысы кезеңінен», «Қазақстан Қазан онжылдығына» [11].

1926 жылы қарашада БКП (б) Қазақ өлкелік комитетінің III пленумында қабылданған «Алашорда тарихына» қатысты құжаттар жинағын басып шығару туралы шешім тарихи шешім болды. Пленумда Қазақстанның басқарушы партиялық қызметкерлері арасындағы топтармен күрес мәселесі қарастырылды. Тарихшы мамандардың тапшылығына байланысты құжаттар жинағын құрастырушы үшін партия қызметкерлері Н. Мартыненко (БКП (б) Қазақ өлкелік комитетінің Бас саяси-ағарту комитеті меңгерушісінің орынбасары) мен С. Сейфуллин (1926-1927 жж. БКП (б) Қазақ өлкелік комитетінің Тарих партиясына жетекшілік еткен) тартылды [12].

Азамат соғысы аяқталғаннан кейін С. Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу» тарихи-мемуарлық романын жазды. Бұл туынды оқиғаға қатысушы ретінде автордың естеліктеріне негізделген. Туындының жекелеген тараулары 1922–1925 жылдары барысында «Қызыл Қазақстан» журналында алғаш рет жарияланды. 1927 жылы кітап болып жарыққа шықты. Автор кітаптың алғы сөзінде «Бұл кітапта Алаш туралы көп әңгіме айтылады. «Алаш» туралы әңгімелер айтылғанда, әлгі айтқандай, сол Алашордада болғандарды айыптамақ ниетімен

айтылып отырған жоқ. Тек тарихи мағлұмат ретінде ғана баспа жүзіне шықсын деген оймен айтылды» дейді [13]. Тоталитаризм кезеңіндегі дереккөздерді тарихи-деректік сараптаманың партиялылық қағидатына сәйкес Партия тарихы мемуарлар жазуға негізінен большевиктер тарапынан революцияға қатысушыларды тартты. Алаш қозғалысы қатысушыларының естеліктері мұрағат топтамасында сақталмаған.

Соның нәтижесінде екі кітап жарыққа шықты: 1) А. Богачевтің «Алашорда. 1917–1919 жж. Қазақстандағы ұлттық-буржуазиялық қозғалыс туралы қысқаша тарихи очерк» еңбегі. Очерктен бөлек бұл еңбек 7 құжатты қамтиды (1927 ж.); 2) Н. Мартыненконың құрастыруымен шыққан «Алаш» партиясының қызметіне және Алашорда мемлекеттілігін құруға қатысты құжаттар мен материалдар (1929 ж.). Аталған екі еңбек те кейін сынға ұшырады.

Жинақты құрастырушылар арасында білікті мамандардың жетіспеушілігі және олардың теориялық дайындығының әлсіздігі естеліктерді дайындау және оны шығару жұмыстарына әсерін тигізбей қоймады. Естеліктер жинақтарында еңбек материалдарына қысқаша талдау мен сипаттама беретін редакцияның алғысөздері мен авторлар тарапынан фактілерді растайтын немесе терістейтін дереккөздерге сілтемелер берілмеді. Кейде жинақта жарияланған материалдар сол фактіге қатысты басқа материалдарға қайшы келді. Партия тарихы бөлімдерінің алғашқы жариялаған материалдарында деректік және мемуарлық дереккөздер бір қатарға қойылып, бір-біріне теңестірілді, соның нәтижесінде естеліктер басым түсті. Мемуарлық дереккөздерді қолдану елдегі мұрағат қорының жаңа қалыптасуымен және көптеген құжаттар зерттеушілерге белгісіз болуымен байланысты болды. Соңғы жағдай жарияланған естеліктер бір оқиғаны баяндау кезінде кейде өзара қайшы болуына себеп болды. Осыған орай жинақтағы авторлардың көзқарастарына қатысты редакцияның түсініктемелері тарихи материалдарды білмеуіне байланысты берілмеді. Авторлардың оқиғаларға берген бағасы оқырмандарды шатастырды, оған қоса жарияланған материалдар үзік-үзік сипат алды. 1930 жылдарға дейінгі материалдар шынайылығының критерийі оқырмандардың (баяндалған оқиғалардың куәгерлері) пікірлері болды. 1928 жылы Партия тарихы желісі бойынша БКП (б) ОК-нің Орта Азия бюросының қаулысында аталған эпизодқа қатысушылар тобы арқылы партия тарихы жұмыстарының негізгі бағыттарын өткізу мақсаттылығына арнайы көңіл бөлінді [14].

Осындай қиындықтарға қарамастан, Партия тарихының жергілікті бюросы 1920 жылдардың аяғында құжаттық материалдардың едәуір қорын жинады [15].

Кеңестік биліктің алғашқы онжылдығында жазылған естеліктерге баяндалған оқиғалардың еркін берілуі тән болды. Авторлар ой пайымдарының шектелмеуі революция және азамат соғысы кезеңінде елдің әлеуметтік-саяси өмірінің кейбір қырларын (жергілікті халықтың Ресейдегі революцияларға көзқарасы, азамат соғысына қатысу деңгейі, қазақ халқының орыстармен ұлтаралық қарым-қатынастарының сипаты және т.б.) суреттеу кезінде көрінген негізгі бағыттарды қарастыруға мүмкіндік берді. Естеліктерді жариялау кезінде негізгі сыншы ретінде сол тұстағы оқиғалардың куәгері – өзге мемуаршы шықты. Естеліктерді сыни тұрғыдан талдау [16], археография, сондай-ақ болашақ мемуаршыларға практикалық кеңес беру бойынша [17] алғашқы ғылыми мақалалар 1920–1930 жылдар аралығында шыға бастады. Естеліктер авторларының берген мәліметтеріне сыни тұрғыдан талдау және келтірілген фактілерді мұрағат материалдарымен салыстырмалы талдау аталған мекемені ғылыми зерттеулер деңгейіне шығарды, бұл тарихи оқиғаларды түсіндіру кезінде объективтіліктің жоғары деңгейі туралы айтуға мүмкіндік береді.

1930 жылдардан бастап, «Пролетарлық революция» журналында тарихшыларға белгілі И. Сталиннің хаты жарияланғаннан кейін тарихи өткенге қатысты пікірлер алуандығы бірте-бірте жоғала бастады. Партия ұйымдары Л. Кагановичтің айтуынша, «ең салмақты саланың бірі» тарих саласында жіберген қателіктерге байланысты тарихшылар мен мемуаршыларды айыптау процесін қарастыратын резолюция қабылдады [18].

«Жалған тарихшыларды» анықтау процесі қазақстандық баспасөз беттерінде де көрініс тапты. Мәселен, «Қазақстан большевигі» журналының беттерінде «Алашорда тарихы бойынша очерктер» және «Кеңестердің Жетісудағы алғашқы қадамдары» еңбектеріндегі С. Брайнин мен Ш. Шафионың идеялық ұстанымдары айыпталды. Рецензенттердің пікірінше, авторлар «... қазақ бұқарасы Кеңес билігін орнату жолындағы күреске қатыспады деп айыпталған», осылайша өлкедегі алғашқы Кеңестер кулактар болды деген «сафарлық теорияны» ұстанды [19].

Өз естеліктерін баяндау кезінде редакциялар мен мемуаршылар қаперде ұстайтын арнайы нұсқаулықтар пайда бола бастады. Осындай нұсқаулықтардың бірі ҚР Президентінің Мұрағатында сақтаулы. Ол «естеліктер жазатын партия тарихы мен жолдастарға» арналған. Құжат екі бөлімнен тұрады: 1) «Естелікті қалай жазу керек және партиялық ұйымдар тарихына қатысты қандай материалдар жинау қажет»; 2) «1917–1920 жж. кезең үшін мұрағаттар мен газеттерден қандай материалдар іздеу керек» [20]. Нұсқаулық ережелерді басшылыққа алатын

мемуаршылардан мыналар талап етілді: 1) алғашқы партиялық ұйымдар қандай жағдайда және кімнің бастамасымен пайда болғанын баяндау (кадрлардың келуі немесе орнындағы ойлар), оған не түрткі болды; 2) ұйымдар қандай жағдайда және кімнің бастамасымен біріге бастады...; 3) алғашқы ұйымдар мен одан жоғары тұрған ұйымдардың нақты пайда болған күні, нақты және әлеуметтік құрамы; 4) қандай міндеттер қойылды және олар қалай жүзеге асырылды; 5) партиялық ұйымдардың айналасындағы бұқараға әсері қандай болды; 6) партиялық ұйымдарда қандай қателіктер жіберілді; 7) әсіресе А. Дутов пен А. Колчак билігі кезіндегі астыртын жұмыстар кезеңіндегі (1918-1919 жж.) партия ұйымдарының күресін насихаттау.

Осы сызбаны ұстана отырып, 1918 жылғы контрреволюциялық төңкеріске дейінгі және контрреволюция талқандалғаннан кейінгі алғашқы Кеңестердің қызметін оң бағалауы тиіс болатын. Құжаттағы есте қалатын нәрсе – 6-тармақ, онда большевиктер партиясына тән қоғамдық-саяси өмір процестерінің балама түсінігі алып тасталған. Оған қоса, партияның «бас желіден бас тартуын» баяндауды және көрсетуді талап ету, аталған тармақ «оппортунистер», «оңшылдар», сондай-ақ «буржуазиялық ұлшылдар» сияқты әртүрлі тектегі саяси қудалауға өзіндік негіз дайындады. Осыған байланысты, шын мәнінде, заңдық дәрежеге көтере отырып, өзгеше көзқарасты болдырмады. Әскери қимылдарды суреттеу үшін мемуаршылар мына қағидаларды қатаң сақтауы тиіс болды: 1) революциялық партизандық соғыс қашан, қайда және қалай пайда болды және оны кім басқарды...; 2) күрес қалай дамыды, қандай күштер болды, олардың ұлттық құрамы, партизандық күштердің қарулануы, қарсыластың артықшылығы...; 3) көтерілістік партизандық күштер қанша уақыт тұрды...; 4) айналадағы ауыл шаруалары тарапынан қандай көзқарас болды, әсіресе жергілікті тұрғындар тарапынан...; 5) ақтардың террорлық жекелеген қимылдарын суреттеу, олардың большевиктерді жәбірлеуі... Егжей-тегжейлі берілген «нұсқама» автордан естеліктер жазуға шығармашылық тұрғыдан келуін талап етпеді. Нұсқаулық сұрақтар түрінде құрылған, оған жауап беру кезінде большевиктер партиясының сүзгісі арқылы оқиғаларды «пайдалы» суреттеуге қол жеткізілді. Мұндай естеліктер тоталитаризм дәуіріндегі тарихи зерттеулер үшін деректанулық негіз құрғаны құпия емес.

Құжаттың екінші бөлімінде келтіретін фактілерді анықтап, тексеруі үшін мемуаршыға қажет мұрағат дереккөздерінің нақты тізбесі берілген. «Мұрағат құжаттарынан: партиялық ұйымдар мен жиналыстардың шешімдерін, еңбекшілерге жасаған үндеулерді (онда кеңестік билік

үшін күрес, бұқараны жаулап алу... , меньшевиктердің большевиктермен күресі, жұмыс салтын жақсарту бойынша шаралар) алуға болады». Құжаттардың қажетті көздерінің тізбесінде басқа саяси құрылымдардың қызметі туралы құжаттардың жоқтығы мемуаршыға фактіге басқаша көзқараспен қарау мүмкіндігіне жол бермеді, бұл автордың болып жатқан оқиғаны қабылдауына әсерін тигізбей қоймады.

1931 жылы республикада ҚазЦИК жанынан Марксизм-ленинизм институты құрылды (бұдан әрі – Институт). 1934 жылы Институт, Партия тарихы және БКП (б) Бірыңғай партиялық мұрағат филиалының базасында БКП (б) Қазақ өлкелік комитеті бөлімінің құқығында Қазақстан Маркс-Энгельс-Ленин институты құрылды. Аталған институт партия тарихы жинаған құжат топтамаларының заңды мұрагеріне айналды. 1927 жылы осынау мұра жалпы көлемі 4 мың іс пен іріктелмеген материалдардың (газеттер, бюллетеньдер, басқа да ресми партиялық басылымдар, естеліктер қолжазбалары мен біршама суреттер) 21 теңін құрайтын 3 мұрағат қорын түзді.

Кейін «ауызша тарихты» жинау жұмыстары тоқтатылды. Партия мұрағаты секторы партия және комсомол ұйымдарының, саяси бөлімдердің құжаттарын жинап, сақтады, өңдеді; сұраныс хаттар бойынша анықтамалар ұсынды, зерттеушілердің дереккөздерге қолжетімділігін ұйымдастырды (негізінен жоғарыда аталған институттың қызметкерлеріне). Партияның ғылыми қызметкерлері үстем партияның идеологтері қойған міндеттерге сәйкес революцияға дейінгі қазақ зиялылары туралы контрреволюциялық күшке табиғаты бойынша кертартпа деген пікірді жүйелі түрде қалыптастырды. Сөйтіп, жергілікті қазақ бұқарасының мүддесіне қарсы шықты. Мәселен, «Тарихшы-марксист» журналында С. Брайни мен Ш. Шафиры былай деп жазған: «Борьба с идеализацией алашского движения для полной ее успешности требует от марксиста-исследователя ленинского разграничения между верхушечным движением и действительно массовым национально-революционным движением в Казакстане» [21].

1933 жылы желтоқсан айында Институтта алашордашылардың рөлі мен осы тақырыптағы С. Брайнин мен Ш. Шафирының «Алашорда тарихы бойынша очерктер» атты үшінші кітабын талқылауға арналған жиналыс өтті [22]. Оның мақсаты – тарихи майданда «жеңіліске ұшыраған Алашорда өкілдеріне» теориялық тойтарыс беру. Шараның стенограммасы саяси ықпалдың көмегімен тарихи мәселеге ресми «ең дұрыс партиялық көзқарас» қалыптастырудың үлгісі болды.

Қызмет еткен жылдары Институт бірнеше мәрте қайта құрылды, соның салдарынан оның атауы мен бағыныстылығы да өзгерді. 1994

жылы Кеңес Одағы Коммунистік партиясы мұрағаты қорының бөлігі ҚР Президенті Мұрағатының құрамына енді. Оған дейін қор Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитеті жанындағы Партия тарихы институтының Партия мұрағаты секторы мен Қазақстан Коммунистік партиясының Алматы мұрағатында сақталып келген [23].

Осыған байланысты бүгінде ҚР Президенті Әкімшілігінде 1905–1917 жылдардағы революциялық оқиғалар мен Азамат соғысына қатысушылардың естеліктері, сондай-ақ КСРО, Қазақ КСР партиялық және мемлекеттік мұрағаттарындағы Институт қызметкерлері анықтаған XVIII–XX ғғ. құжаттардың көшірмелері сақтаулы. Мемуарлардан бөлек қорларда «М. Дулатовтың Өскемен уезіндегі саяси жағдай туралы Алашорда өкіметіне баяндама жазбасы» (1918); «Алаш» қозғалысы өкілдерінің қызметі туралы ОГПУ мәліметтері (Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов және т.б.); алашордашыларды тұтқындау жөніндегі телеграф әңгімелердің жазбасы (1922); Бақылау комиссиясы материалдарында алашордашылардың тізімі, «Алаш» қозғалысының қайраткерлері туралы мәліметтер (Ж. Ақпаев, Г. Әлібеков, А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейханов, Х. Ғаббасов, М. Дулатов, С. Қаратілеуов, А. Кенжин, А. Қозбағаров, Р. Марсеков, Ғ. Токтабаев және т.б.) сақталған [24].

Археографикалық құжаттар қорын құру

ҚР Президенті Мұрағаты Алаш партиясының құжаттары мен материалдары бойынша бірнеше басылымдар дайындады. Кеңестік режим кезінде «Алаш» партиясы мен қазақ комитеттеріне қатысты материалдар (1917–1918 жж.) зерттеушілер үшін жабық болатын. Сондықтан «Алаш қозғалысы» көптомдық жобасы үшін құжаттарды іріктеуде барынша мұрағат мәліметтері қағидаттарын ұстанды. Тақырыптар бойынша құжаттарды табылған жеріне қарамастан, бір басылымда жинақтауға талпыныс жасалды: ҚР ПӘ, ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты, Алматы облыстық мемлекеттік мұрағаты, Шығыс Қазақстан облысының Қазіргі заман құжаттамасы орталығы, Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің мұрағаты; Ресей Федерациясы мұрағаттары (РФ Мемлекеттік мұрағаты, Әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты), Ресей мемлекеттік әскери-тарихи мұрағаты, Томск облысы мұрағаты. Еңбекке Мұрағат материалдарымен қатар мерзімді баспасөз басылымдарының мақалалары енді.

«Алаш қозғалысы» 4 томдық басылымының 1-томында қозғалыстың құрылу себептерін ашатын, қазақ халқының өмірін қалайша жақсартамыз деген ұлт зиялыларының ізденістерін, Ресей империясының өмірін демократияландыру күресіне қатысуын, қазақ қоғамының ең прогресшіл күштерінің шоғырлануын, алаштықтардың көпұлтты Ресей зиялылары-

мен демократиялық өзара қарым-қатынастарын көрсететін 1901 жылдың сәуір айынан 1917 жылдың желтоқсан аралығындағы құжаттар мен материалдар жарияланған. Сондай-ақ «Алаш» партиясының бағдарламасы берілген.

2-томда Алашорда өкіметінің өз мақсаттарын жүзеге асыруда (Қазақ автономиясын құру) кездескен қиындықтар сипатталған. Ақтар қозғалысы өкілдерінің арасында одақтастар іздеу, Уақытша Сібір өкіметімен, Қомыш, Түркістан (Қоқанд) автономиясымен, башқұрт ұлшылдарымен, Оралдың әскери билігімен әскери-саяси одақ жасау алашордашыларды қандас бауырларын өлтірген азамат соғысының қатысушыларын жасады. Сол кезеңдегі большевизмнің идеологиялық үстемдігін мойындатқан Қызыл әскердің жеңісі олардың Қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитетпен, демек, кеңестік билікпен одағына әкелді.

3-томда ҚР Президенті Әкімшілігі мен ҚР ҰҚК Мұрағатында сақталған құжаттар басым, ішінара Ресей Әлеуметтік-саяси тарих мұрағатының Ресей Әлеуметтік-саяси тарих мұрағатының құжаттары кездеседі. Том екі кітаптан тұрады, еңбекке 1920–1938 жж. аралығындағы құжаттар енген. Онда бас кезінде кеңестік қазақ мемлекеттілігі мен әлеуметтік-экономикалық құрылымдар құру үшін кең тартылған, кейін КСРО-да әкімшілік-топтық басқару жүйесі күшейген кезінде олардан бас тартқан қазақ зиялылары шоғырының қайғылы тағдыры сипатталған. Оның соңы алашордашыларды аяусыз жазалаумен аяқталды. Томдағы құжаттардың негізгі салмағын сол тұстағы элитаның бір-біріне жазған ашық әрі жабық арыздары құрайды, сондай-ақ республикадағы жағдайдың дамуына байланысты партиялық және кеңестік органдардың реакциясы мен саяси тактикасы туралы ауқымды материалдар берілген. Аталған кезең бойынша жарияланған дереккөздерге қосымша республиканың қалыптасуы кезеңінде елдің ішкі саяси дамуының табиғаты мен сипатын толығымен қайта құруға жол ашады.

Жинақта 1929–1932 жж. аралығындағы тергеулердің хаттамалары жарияланған. Құжаттар арасында М. Әуезов пен Ә. Ермековтің хаттары бар. Хатта ОГПУ-дің жәбірін көрген хаттың авторлары өз көзқарастарынан – «Алаш» партиясы идеологиясынан бас тартады. Коммунистер өз мүддесінен бұқара алдында бас тартуды оппозициялық партияларға қарсы үгіт-насихаттың маңызды бөлшегіне айналдырды. Оның мәні бұқараға ықпалы бар қандай болмасын топтың белгілі өкілдерін қадағалау тетіктерін (бойсұнушылық-пайдалылық-тиімділік типі бойынша қатынастарды құру) қалыптастыру болды. 1934 жылы М. Әуезов пен Ә. Ермековтің өз «қателіктерін» мойындаған хаттары

қазақстандық баспасөз беттерінде жарияланды. БКП (б) Қазақ өлкелік комитетінің қорындағы мәтіндерді анықтаған құрастырушылар сол тұстағы мерзімді баспасөздегі нұсқаларымен салыстырды. Қазақстанның археографиялық тәжірибесінде мұндай тәсіл алғаш рет қолданылды.

Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының қорларында мына тақырыптар бойынша құжаттар қамтылған:

- Ресей Коммунистік партиясының Қырғыз облыстық комитеті;
- Бүкілодақтық Коммунистік партиясының Қазақ өлкелік комитеті;
- Бүкілодақтық коммунистік партиясының Қырғыз облыстық бақылау комиссиясы;
- Бүкілодақтық коммунистік партиясының Орталық комитеті жанындағы Уәкілетті партиялық бақылау комиссиясы;
- Бүкілодақтық компартияның Қазақ өлкелік бақылау комиссиясы;
- Қазақстан компартиясы ОК-нің Саяси зерттеулер институты.

Соңғы 4-том Алаш қозғалысын зерттеу мәселесіне арналған. БКП (б) Қазақ өлкелік комитетінің шешімдері, партиялық-кеңестік басшылардың әртүрлі форумдарда жасаған баяндамалары, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитеті жанындағы Партия тарихы институтының анықтамалары мен хаттары осы жинаққа енген. Алаш қозғалысының тарихына ресми көзқарастар түзілген аталған құжаттардан бірінші тарау құрастырылды. Онда «Ұлттық қозғалысты зерттеу мәселесі қашан қолға алынды, кімнің бастамасымен және кімдер зерттеді, оның нәтижелеріне биліктің көзқарасы қандай болды» деген сұрақтарға жауап табуға болады. Екінші тарауда 1933 және 1989 жылдардағы мәселелер бойынша конференциялар стенограммалары берілген. Бұл конференциялар Қазақстан КП ОК-нің жұмысын идеологиялық тұрғыдан қамтамасыз ететін мекеме қабырғасында өткізілген. Партия тарихшыларының тұжырымдаған көзқарастары ресми саналды. 1985 жылғы «қайта құру кезеңіне» дейін онымен ашық түрде келіспеу ең кемінде кәсіби тарихи қызметпен айналысу құқығынан айрылуды білдірді.

Үшінші тарауда 1918–2007 жылдар аралығындағы мерзімді баспасөз беттеріндегі мақалалар іріктеліп берілген. Жинаққа Алаш идеяларына ниеттестік танытқан тұлғалармен бірге, осы қозғалыстың өкілдері жазған ықшам да айқын материалдар енген. Олардың арасында 1918–1937 жылдары жазылған мақалалар басым, олардың бір бөлігі – библиографиялық тұрғыдан сирек кездесетін материалдар.

1997–2000 жылдары мұрағатшылар партия тарихының «ауызша тарих» тәсілі бойынша материалдар жинау дәстүріне қайта оралды. Жазулы мәтінде «Қайғылы тағдырлар беттері» [25] атты кітапта жарияланған. Айрықша жылнамаға қосымша ретінде отбасы суреттері берілген.

Тарихи дереккөз ретінде фотоқұжаттардың барынша ақпараттылығын беру мақсатында құрастырушылар ХХ ғасырдың бас кезінде саяси еркіндікке барған, сол үшін өз өмірін құрбан еткен ұлт зиялыларының жеке өкілдері туралы ақпаратты жан-жақты толықтырып беруге талпыныс жасаған. Нәтижесінде Ұлттық мұрағат қоры қудалауға ұшыраған Х. Досмұхамедұлы, М. Жұмабаев, А. Сейітов және т.б. ұрпақтарының жеке мұрағаттарынан алынған визуалды дереккөздермен толықты. Жарияланған мемуарлар өз кезегінде зерттеушілерге мәселені биліктің көзқарасын көрсететін мұрағат құжаттарын ғана емес, көз көргендердің естеліктерін зерттеу арқылы дәстүрлі тарихи нарративті еңсеруге мүмкіндік береді.

ХХ ғ. алғашқы ширегінің тарихына қатысты тақырыптық құжаттық жинақтармен қатар ҚР Президенті Мұрағаты сол дәуірдің тарихи тұлғалары бойынша басылымдар шығаруды қолға алды [26]. Жинақтардың алғашқылардың бірі 1937 жылы қуғын-сүргінге ұшыраған, «Алаш» партиясының мүшесі Ә. Әлібековке арналды. Бұл еңбек Ә. Әлібековтің жеке қорындағы құжаттары негізінде түзілді. Құжаттарды 2004 жылы мамыр айында Д. Қонаев Халықаралық қоры бас директорының орынбасары, тұлғаның шөбересі Л. Сейфуллина мұрағатқа табыс еткен. Құрастырушылар «Алаш қозғалысы» еңбегіне енбеген құжаттарды жариялады, атап айтсақ, Бүкілресейлік жоғары биліктің жаңа өкіметін – кеңестік биліктен елді азат ету үшін күреске арналған директорияны құрған, 1918 жылы күз мезгілінде Уфа мәжілісінде табысталған, Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Әскери комитеттің мүшесі Г. Әлібековтің контрреволюциялық қызметі туралы орталық партиялық органға өтініші. Мұндай тәубеге келу өтініштері мен хаттардың кеңестік феномені большевиктердің келуімен жазылды. Бұрынғы партияластарға айтылған сындар билік алдында адалдықты көрсету еді. Құжаттардан бөлек жарияланғандардың арасында Алаш қозғалысы тарихын зерттеушілердің назарын отбасы мұрағатынан алынған суреттер қызығушылық тудыратыны сөзсіз.


«Төтенше комиссар» жинағында екі топтың өкілдері Ә. Жангелдин мен Ә. Бөкейхановтың қарым-қатынасын сипаттайтын құжаттар бар. «Революциядан кейін басқа да көптеген жанұялар секілді біздің үй ішімізде де бәрі күрт өзгерді: «қызылы» да, «ағы» да. Тарих бетбұрысында олардың әрқайсысы қазақ халқының еркін де тәуелсіз болғанын қалады Олар ең алдымен өз мемлекеттілігін құруды көздеді» - деп жазды Шыңғыс – Ә. Жангелдиннің ұлы, А. Кенжиннің немересі [27]. Қалыптасқан дәстүр бойынша БАҚ-тағы құжаттық басылымдармен жұмыс шеңберінде мұрағатшылар фотоқұжаттар жинаудан

бастайды. Мәселен, аталған басылымда 1921 жылғы КАКСР Кеңес наркомы мүшелерінің белгілі суреті жарияланған. Олардың арасында А. Байтұрсынұлы мен Ә. Әлібеков бар. Сондай-ақ 1923 жылғы Қырғыз ЦИК және Кеңес наркомы мүшелерінің өте сирек суреті кездеседі, олардың арасында К. Тоқтабаев пен А. Кенжин отбасының суреті бар (Ш. Жангелдиннің жеке мұрағатынан).

ҚР Президентінің Әкімшілігіне Алаш тарихына қатысты құжаттар құрамы өз идеологиялық қарсыластарының қызметін айыптаған партиялық басқарушы режим органдарының қаулыларынан, ОГПУ, ҰҚК анықтамаларынан, 1920 жылдары мемлекеттік қызметке уақытша қабылданған алашордашылдардың жеке істерінен ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік мұрағаттардан көшіріліп алынған мұрағат дереккөздерінен, мерзімді баспасөз мақалаларының көшірмелерінен, аталған дереккөздермен жұмыс істеуге рұқсат етілген тарихшылар осы мәселелерді талқылауға қатысты мәжілістер, конференциялар мен дөңгелек үстелдер стенограммалары, хаттамаларынан, оның ішінде ең маңыздысы, Алаш қозғалысы қайраткерлерінің отбасылық мұрағатында сақталған фотоқұжаттардан тұрады.

«Алаш қозғалысы» жобасында құрастырушылар төмендегідей құжаттар тобын жариялады (1-диаграмма).

1-диаграмма. Алаш қозғалысының тарихына қатысты құжаттар



Қорытынды. Алаш тарихы және ХХ ғасырдың бірінші ширегіндегі ұлт зиялыларының тағдыры отандық тарихнамада өзекті мәселе болып қала бермек. Осыған орай зерттеулердің дереккөздік базасына және бұрын белгісіз болып келген мұрағат материалдарын анықтап, оны ғылыми айналымға енгізуге қызығушылық толастамай отыр. Осы тұрғыдан ҚР Президенті Мұрағатының қоры зерттеуші тарихшылар үшін қызықты. Мұрағатта сұраныс жоқ мемуарлық дереккөздердің елеулі үлесі сақталған. Сонымен қатар басқа да жазба дереккөздермен толықтырылған дәл осы естеліктер тарихи жұмыстардың ғылыми мазмұнын жаңаша толықтыруы мүмкін әрі сол тұста елімізде болған күрделі әлеуметтік-саяси, партияшілік және этносаяси үдерістерді талдауға мүмкіндік және кешенді түсінік береді. Ол үшін ҚР Президенті Мұрағаты басып шығарған құжаттық жинақтар фактологиялық база болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тартаковский А.Г. Военная публицистика 1812 года. – М.: Мысль, 1967. – 222с.; Он же. 1812 год и русская мемуаристика: Опыт источниковедческого изучения. – М.: Наука, 1980. – 312с.; Он же. Русская мемуаристика XVIII – первой половины XIX вв.: от рукописи к книге. – М.: Наука, 1991. – 286 с.
2. Тартаковский А.Г. Военная публицистика 1812 года. – М.: Мысль, 1967. – 222с.; Он же. 1812 год и русская мемуаристика: Опыт источниковедческого изучения. – М.: Наука, 1980. – 312с.; Он же. Русская мемуаристика XVIII – первой половины XIX вв.: от рукописи к книге. – М.: Наука, 1991. – 286 с.
3. Тартаковский А.Г. Военная публицистика 1812 года. – М.: Мысль, 1967. – 222с.; Он же. 1812 год и русская мемуаристика: Опыт источниковедческого изучения. – М.: Наука, 1980. – 312с.; Он же. Русская мемуаристика XVIII – первой половины XIX вв.: от рукописи к книге. – М.: Наука, 1991. – 286 с.
4. Тартаковский А.Г. Военная публицистика 1812 года. – М.: Мысль, 1967. – 222с.; Он же. 1812 год и русская мемуаристика: Опыт источниковедческого изучения. – М.: Наука, 1980. – 312с.; Он же. Русская мемуаристика XVIII – первой половины XIX вв.: от рукописи к книге. – М.: Наука, 1991. – 286 с.
5. Тартаковский А.Г. Военная публицистика 1812 года. – М.: Мысль, 1967. – 222с.; Он же. 1812 год и русская мемуаристика: Опыт источниковедческого изучения. – М.: Наука, 1980. – 312с.; Он же. Русская мемуаристика XVIII – первой половины XIX вв.: от рукописи к книге. – М.: Наука, 1991. – 286 с.

6. Покровский М.Н. Противоречия г. Милюкова // Интеллигенция и революция. Сборник статей. – М.: Дом печати, 1922. – С.5.
7. Покровский М.Н. Противоречия г. Милюкова // Интеллигенция и революция. Сборник статей. – М.: Дом печати, 1922. – С.5.
8. АП РК. Ф.139. Оп.1. Д.266а. Л.184а.
9. АП РК. Ф.139. Оп.1. Д.266а. Л.184а.
10. АП РК. Ф.139. Оп.1. Д.266а. Л.184а.
11. Казахстан к десятилетию Октября. Сборник статей и материалов. – Кызыл-Орда, 1927. – 76 с.; Из истории гражданской войны в Казахстане. – Кызыл-Орда, 1927; Октябрь в Казахстане. – Алма-Ата, 1930.
12. Казахстан к десятилетию Октября. Сборник статей и материалов. – Кызыл-Орда, 1927. – 76 с.; Из истории гражданской войны в Казахстане. – Кызыл-Орда, 1927; Октябрь в Казахстане. – Алма-Ата, 1930.
13. Казахстан к десятилетию Октября. Сборник статей и материалов. – Кызыл-Орда, 1927. – 76 с.; Из истории гражданской войны в Казахстане. – Кызыл-Орда, 1927; Октябрь в Казахстане. – Алма-Ата, 1930.
14. Казахстан к десятилетию Октября. Сборник статей и материалов. – Кызыл-Орда, 1927. – 76 с.; Из истории гражданской войны в Казахстане. – Кызыл-Орда, 1927; Октябрь в Казахстане. – Алма-Ата, 1930.
15. Казахстан к десятилетию Октября. Сборник статей и материалов. – Кызыл-Орда, 1927. – 76 с.; Из истории гражданской войны в Казахстане. – Кызыл-Орда, 1927; Октябрь в Казахстане. – Алма-Ата, 1930.
16. Казахстан к десятилетию Октября. Сборник статей и материалов. – Кызыл-Орда, 1927. – 76 с.; Из истории гражданской войны в Казахстане. – Кызыл-Орда, 1927; Октябрь в Казахстане. – Алма-Ата, 1930.
17. Казахстан к десятилетию Октября. Сборник статей и материалов. – Кызыл-Орда, 1927. – 76 с.; Из истории гражданской войны в Казахстане. – Кызыл-Орда, 1927; Октябрь в Казахстане. – Алма-Ата, 1930.
18. Казахстан к десятилетию Октября. Сборник статей и материалов. – Кызыл-Орда, 1927. – 76 с.; Из истории гражданской войны в Казахстане. – Кызыл-Орда, 1927; Октябрь в Казахстане. – Алма-Ата, 1930.
19. Казахстан к десятилетию Октября. Сборник статей и материалов. – Кызыл-Орда, 1927. – 76 с.; Из истории гражданской войны в Казахстане. – Кызыл-Орда, 1927; Октябрь в Казахстане. – Алма-Ата, 1930.
20. Казахстан к десятилетию Октября. Сборник статей и материалов. – Кызыл-Орда, 1927. – 76 с.; Из истории гражданской войны в Казахстане. – Кызыл-Орда, 1927; Октябрь в Казахстане. – Алма-Ата, 1930.

21. Брайнин С., Шафиरो Ш. Против идеализации и управленческого понимания исторического прошлого алашского движения // Историк-марксист – 1934 –№2 (36) – С.68. Цитируем по статье Садвокасовой З.Т. Дифференциация представителей казахской интеллигенции / Материалы Международной научно-практической конференции: Алаш и независимый Казахстан: преемственность идей и позиций. 21 ноября 2008. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2008. – С.85.
22. Брайнин С., Шафиरो Ш. Против идеализации и управленческого понимания исторического прошлого алашского движения // Историк-марксист – 1934 –№2 (36) – С.68. Цитируем по статье Садвокасовой З.Т. Дифференциация представителей казахской интеллигенции / Материалы Международной научно-практической конференции: Алаш и независимый Казахстан: преемственность идей и позиций. 21 ноября 2008. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2008. – С.85.
23. Брайнин С., Шафиро Ш. Против идеализации и управленческого понимания исторического прошлого алашского движения // Историк-марксист – 1934 –№2 (36) – С.68. Цитируем по статье Садвокасовой З.Т. Дифференциация представителей казахской интеллигенции / Материалы Международной научно-практической конференции: Алаш и независимый Казахстан: преемственность идей и позиций. 21 ноября 2008. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2008. – С.85.
24. Брайнин С., Шафиро Ш. Против идеализации и управленческого понимания исторического прошлого алашского движения // Историк-марксист – 1934 –№2 (36) – С.68. Цитируем по статье Садвокасовой З.Т. Дифференциация представителей казахской интеллигенции / Материалы Международной научно-практической конференции: Алаш и независимый Казахстан: преемственность идей и позиций. 21 ноября 2008. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2008. – С.85.
25. Страницы трагических судеб: сб. воспоминаний жертв политических репрессий в СССР в 1920–1950-е гг. – Алматы: Жеті жарғы, 2002. – 448 с.
26. Чрезвычайный комиссар: к 125-летию Алиби Джангильдина. Сборник документов. – Алматы: Print Express, 2009. – С.219.

ҒТАМР
03.06.55

Қайырбек Кеменгер

*филология ғылымдарының кандидаты,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының
доценті, «Алаш» ҒЗИ жетекші ғылыми қызметкері*

**АЛАШ БІЛІМПАЗДАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ
ТҮРКІТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аңдатпа. Мақалада Алаш білімпаздарының еңбектеріндегі түркітану мәселелерінің көтерілуі қарастырылған. Автор қазақ ұлттық түркітану мектебінің іргетасын қалаушылардың қатарында Алаш білімпаздары тұрғандығына баса назар аударған. Алаш білімпаздарының еңбектерін зерттей отырып, автор қазақ қоғамының айтарлықтай бөлігінің білім алуға талпыныс жасауына ықпал еткен ХІХ – ХХ ғасырдың басындағы тарихи оқиғаларға талдау жасаған. Осы бағыттағы түркі халықтарының мысалдары да келтірілген

Түйін сөздер: «Алаш» білімпаздары, қазақ түркітануының тарихы, ғылыми жұмыстар, түркі халықтары

Кайырбек Кеменгер

**ВОПРОСЫ ТЮРКОЛОГИИ В ТРУДАХ ПРОСВЕТИТЕЛЕЙ
«АЛАШ»**

Аннотация. В статье рассматриваются тюркологические изыскания в трудах казахских просветителей плеяды «Алаш». Делается акцент на том, что исследователи плеяды «Алаш» стояли у истоков казахской национальной тюркологической школы. Основываясь на изучении их трудов, автор дает анализ исторических событий конца ХІХ – начала ХХ в., пробудивших в широких слоях казахского общества стремление к просвещению. Описываются примеры тюркских народов в данном направлении.

Ключевые слова: просветители «Алаш», история казахской тюркологии, национальная тюркологическая школа, научные труды, тюркские народы.

Kaiyrbek Kemenger
**ISSUES OF TURKOLOGY IN WRITINGS OF MEMBERS OF
ALASH ENLIGHTENMENT MOVEMENT**

Abstract. The article deals with the issues relating to the Turkic studies raised in the writings of the Kazakh enlighteners, members of the Alash movement. The author argues that the scholars, who were members of the Alash movement, laid the foundation for the national school of Turkic studies in Kazakhstan and predetermined its further development.

An analysis is provided of the historical events of the late nineteenth and the early twentieth centuries, which, in the opinion of the author, made unprecedented impact on vast numbers of the Kazakhs in terms of their overall enlightenment. The examples of other Turkic peoples are given in the context of the study.

Key words: *Alash enlightenment movement, history of Kazakhstan Turkic studies, national school of Turkicology, scholarly writings, Turkic peoples.*

Кеңестік заманда саяси қуғын-сүргінге ұшыраған алаш білімпаздарының еңбектері Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана жан-жақты зерделене бастады. Ол ізденістер, көбінесе, қоғамдық және гумманитарлық ғылымдар аясында жүргізілді. Белгілі бір тұлғаның жеке ғылымның бастауында тұрғанын, дамуына қосқан үлесін көрсететін зерттеулер жарияланды. Алайда әлі де тұтас бір ғылымның көшбасында саналуға тиіс есімдер лайықты аталып, еңбектері орынды пайымдалмады. Соның ішінде отандық түркітану ғылымының негізінде тұрған тұлғалар да өз дәрежесінде бағаланбады.

Қазақтың орысша білім алған тұңғыш оқымысты ғалымы Шоқан Уәлихановтан кейін шығыстану ғылымының, соның ішінде түркітанудың қазақ жерінде негізін қалаған зиялылар – алаш білімпаздары болды. Алаш қалам қайраткерлері мақалаларында, ғылыми-зерттеу еңбектерінде түркі халықтары және олар мекен ететін аймақ, қала, мемлекет жайлы құнды мәлімет ұсынды. Түркі халықтарының тарихынан, этнографиясынан, рухани мәдениетінен, әлеуметтік-экономикалық тұрмысынан қызық дерек келтірді. Ағартушылық идеяны жоғары ұстанған алаш оқығандары осылайша өзге жұрттың тарихын, тұрмыс-тіршілігін, мәдени өмірін зерттегенде, алдымен туған халқының мүддесін ойлады. Бұл ізденіс нәтижесінен қазақ халқы сабақ алсын, өзінің болашақ даму жолына пайда көрсін деп есептеді.

Отандық түркітану ғылымының тарихында Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Х. Досмұхамедұлы, Н. Төреқұлұлы, М. Тынышбайұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Шоқайұлы, М. Жолдыбайұлы, А. Мамытұлы, Е. Омарұлы, Қ. Кемеңгерұлы, Т. Шонанұлы, М. Мырзаұлы, Қ. Жұбанұлы, С. Садуақасұлы, А. Байтасұлы т.б. алаш білімпаздарының есімдері аталуға тиісті деп санаймыз.

Түркологиялық зерттеулермен алаш зиялылары не үшін шұғылданды? Сол ізденістен нендей нәтиже күтті? Зерттеулерге мақсатты барды ма? Осы сауалдарға жеке тұлғалардың шығармашылығы арқылы қысқаша тоқталсақ.

Түркітануды тілтанымдық, немесе, филологиялық ғылым деп түсінудің жаңсақ екендігін қазіргі зерттеулер көрсетеді. Осындай көзқарас Патшалық Ресей заманында, Кеңес дәуірінде ғылыми ортада үстемдік етті. Ал алаш оқымыстыларының зерттеулерінде бұл ұстаным аңғарылмайды. Түркологиялық зерттеулермен ерікті түрде шұғылданған олардың еңбектерінде түркі халықтарының тарихы, этнографиясы, фольклоры, мекен ететін аймағы, саяси-әлеуметтік жағдайы, экономикалық-шаруашылық тұрмысы, болашақ тағдыры жан-жақты қарастырылды. Сондай-ақ, алаш зиялыларының еңбектерінде түркі қауымынан шыққан батырлар мен билер, қоғам және мемлекет қайраткерлері, ғалымдар мен оқымыстылар, өз ұлттарының тағдыры үшін күрес жолына барған азаматтар туралы да біршама мағлұмат бар. Осылайша, біз қазіргі дәуірде кешенділік сипатқа ие болған әлемдік түркітану ғылымының болашақ даму бағытын ғасыр бұрын алаш қалам қайраткерлері аңғарғандығын байқаймыз.

Ұлт-азаттық Алаш қозғалысының саяси көсемі, көрнекті ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері **Әлихан Бөкейхан** (1866–1937) еңбектерінде қазақ халқының ғана емес, сонымен бірге, туысқан түркі халықтарының да тарихына қатысты құнды мәліметтер мол кездеседі. Қазақтың тұңғыш кәсіби журналистерінің бірі болып саналатын қайраткер еңбектерінде 80-нен аса газет-журналдың атауы көрсетіледі. Яғни, Ә. Бөкейхан осынша басылымдарды оқыған, олардың бәрін зерттеу жұмысы мен мақалалары үшін пайдаланған деп айта аламыз. Ол газет-журналдардың ішінде Қазан, Уфа, Ташкент т.б. туысқан түркі халықтарының ірі орталықтарында жарияланған басылымдар да бар.

Түркі халықтары ішінен Ә. Бөкейхан: Анадолы түріктері, әзірбайжандар, татарлар, башқұрттар, қырғыздар, өзбектер, хакастар, алтайлықтар туралы мәліметтер жазып қалдырды. Мысалы танымдық «Хакас» атты материалда мынадай дерек келтіреді: «Хакасы являются тюрками. Они проживают вдоль рек Уйыс, Шолым, Абакан, являющих-

ся притоками Оби и Енисея. В Енисейской губернии, в Минусинском уезде, всего в семи волостях сейчас их около 50 тысяч. Отличие в наших языках заключается в том, что в нашем языке есть слова арабского и персидского происхождения, тогда как у них присутствуют слова из монгольского языка» («Темірқазық» журналы, 1923 ж. № 2-3.) [1, 452–453 бб.]. Ә. Бөкейхан хакастардың тұрмыс-тіршілігі, өмір салты, шаруашылық кәсібі, мәдени-ағарту өмірі жайында танымдық ақпарат ұсынады. Хакас жерінен Катанов есімді ғалымның шыққанын, тіпті оның Сағай руынан екендігін жазады.

Отандық түркітану ғылымының бастауында ұлт ұстазы, алаштың рухани көсемі **Ахмет Байтұрсынұлының** (1872–1937) есімі құрметпен аталады. Ол ұлттық қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың, соның ішінде тіл білімі, әдебиеттану, түркітану салаларының негізін қалап, болашақ қазақ ғылымының дамуына өлшеусіз үлкен үлес қосты. Ғылыми-әдістемелік еңбектерімен қалың қазақ арасында оқу-ағарту жұмысын жүргізіп, шәкірт тәрбиелеген А. Байтұрсынұлы ұзақ уақыт бойы тоталитарлық жүйенің жазықсыз құрбаны болып келді. Түркітанушы ғалым Т. Қордабаев алаш ағартушысы жөнінде былай деп пікір білдіреді: «А. Байтұрсыновтың ғасырымыздың бас кезінің өзінде-ақ әйгілі түрколог ретінде таныла бастағаны, академик Самойловтің оны профессор деп атағаны мәлім. Басқа түркі республикаларының көпшілігінде жергілікті халық тілін зерттеушілер орыс түркологтары болғаны, қазір де солар басшылық ететіні белгілі. Ал үстіміздегі ғасырдың басынан бастап, қазақ тілін зерттеуге орыс түркологтарының бірде-бірі араласқан жоқ. Араласпау себебі, олардан аспаса, кем түспейтін А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов сияқты ұлт кадрлары болды. Бұл – мақтанғандық емес, ақиқат шындық. Өз кезінде түркі республикаларында А. Байтұрсыновпен бой теңестірірлік филолог саусақпен санарлықтай ғана болатын» [2, 6 б.].

Қазақ тіл білімі тарихында жазылған тұңғыш іргелі ғылыми еңбек саналатын А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» (қазақ тілінің сарфы) атты кітапшасы Орынбор қаласынан 1914 жылы жарық көрді. Еңбектің «Сөз басы» деп аталатын кіріспе бөлімінде қазақ тілінің ерекшелігі және оның түркі тілдерінің құрамдас бір бөлшегі екендігі айтылады: «Қазақ тілі – түрік тілінің бір тарауы. Дүниядағы жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршек тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл... Біздің қазақ тілі – түркі тілдің бір тарауы болғандықтан, жалғамалы» [3, 31 б.].

А. Байтұрсынұлы, сонымен қатар, ұлттық әдебиеттану ғылымының да негізін қалады. Ғалымның «Әдебиет танытқыш» атты зерттеуінде қазақ әдебиетінің тарихы үлкен екі кезеңге бөлініп қарастырылды: 1)

Діндар дәуір; 2) Сындрар дәуір [4]. Ұлттық әдебиетіміздің эволюциялық даму жолын, көркемдік-жанрлық ерекшелігін, танымдық-эстетикалық белгісін толық сипаттап аша алмаса да, бұлайша екіге бөліп қарастырудың өзін біз осы салада жасалған алғашқы тәжірибе, болашақ ізденістерге бағыт-бағдар деп бағалаймыз.

Қазақ әдебиетінің тарихы, оны дәуірлерге бөлу туралы жалпылама пікір ХІХ ғасырда жасаған орыс оқымыстыларының еңбектерінде, сондай-ақ Ш.Уәлиханов туындыларында кездесті. Ал қазақ тілінде мұндай алғашқы ізденіс алаш дәуірінде жүргізілді. Қазақ әдебиетін кезеңдерге бөлуге талпыныс жасаған алғашқы ғылыми көзқарас «Қазақ» газетінде жарық көрген **Райымжан Мәрсеқұлының** (1879 – өлген жылы белгісіз) «Қазақ әдебиеті жайынан» атты мақаласында ұшырасты [5]. Бұл еңбекті таза ғылыми зерттеу деп танымасақ та, қазақ әдебиеттануында әдебиет тарихын дәуірлерге бөлуге арналған тұңғыш мақала деп білеміз.

Қазақ әдебиеттануы ғылым ретінде қалыптаспаған, ұлттық баспасөз үлгілері енді ғана шыға бастаған кезеңде жазылған алаш оқымыстысы Р. Мәрсеқұлының мақаласында ұлт әдебиеті мынадай үш кезеңге бөлініп қарастырылады. Оның алғашқысы – ескі замандағы қазақ ішіне жазу тарамаған уақыттағы әдебиет, екіншісі – жазу тараған дәуірдегі мұра, үшіншісі – Абайдан кейінгі кезеңдегі әдебиет. Әдебиет тарихын дәуірлеуге қатысты жасалған алғашқы тәжірибе кейінгі уақытта көркемдік-жанрлық тұрғыдан толысқан әдебиетке де, салалана түскен әдебиеттану ғылымына да өз ықпалын тигізді.

Қазақ халқының тарихын ортақ түркілік дәуірден бастап зерттеу керектігін, оны дәуірлерге бөлгенде түркі халықтарына тән кезеңдерді атап отырып зерттеген үлкен оқымысты, мемлекет және қоғам қайраткері – **Мұхаметжан Тынышбайұлы** (1879–1937). Ғалымның төменде аталған еңбектерінде қазақ халқының және бірқатар түркі халықтарының ортақ түркі дәуіріне байланысты кезеңінен деректер ұсынылады: «Отзыв о труде А.П. Чулошникова по истории киргиз-казакского народа», «Материалы к истории киргиз-казакского народа», «Киргиз-казаки в 17 и 18 веках» (дополнение к «Материалам к истории киргиз-казакского народа»), «Историческая справка и племенной состав коренного населения Ташкентского уезда», «Следы древних городов, крепостей, курганов в Сыр-Дарьинской и Джетысуйской губерниях», «Краснореченские развалины и город Баласагын», «О местонахождении древнего города Илан-Балыка (Или-Балыка)», Коксуйские развалины и город Кайлак (Койлык), «Газовая война у монголов в 13 веке» [6].

Алаш дәуірі қалам қайраткерлері ішінде өз еңбектерінде түркітану

мәселелерімен айналысқан ғалым, ағартушы – **Халел Досмұхамбетұлы** (1883–1939). Санкт-Петербург Әскери-медициналық академиясын бітірген қайраткердің түркологиялық бағыттағы зерттеулеріне алдымен «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты кітапшасы мен «Диуани лұғат ит-түрік» деген мақаласын көрсетеміз. Х. Досмұхамбетұлы мұрасын жинап, зерттеген тілші-ғалым Ғ. Әнестің көрсетуі бойынша, аталған еңбектерден басқа бірқатар шығармаларды да анықтауға тістіміз: «Оның сыртында әлі қолымызға түспеген мұралары мен «Түркі тілдері туралы» сынды авторлығы толық анықталмаған мақала әліпби ауыстыру мен термин (пән) аталарын қалыптастыру хақындағы талас-тартыстарда айтылған пікірлерін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Мамандығы дәрігер-ғалым, ең алдымен қазақ (түркі) тілінің құрылымы мен жүйесін, оның фонетикасы мен грамматикасын терең меңгеруімен таңғалдырады» [7, 716 б.].

Ғалым, сонымен қатар, өз еңбектерінде қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, татар, түрік және басқа да түркі халықтарының тарихына, ауыз әдебиетіне, тіліне қатысты маңызды ой-пікірлер қалдырды. Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрік» атты ұлы еңбегі туралы қазақ тілінде тұңғыш зерттеу жазды. Әйгілі сөздіктің Стамбулдан шыққан нұсқасы туралы маңызды дерек келтірді [8, 155-163 бб.].

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, публицист, баспагер, әдебиет сыншысы, лингвист, аудармашы **Нәзір Төрөкүлұлы** (1892-1937) қазақ, өзбек, тәжік, орыс тілдерінде жарияланған мақалаларында қазақпен бірге, түркі халықтарының да тарихы туралы құнды мәліметтер қалдырды. Мысалы орыс тілінде жарияланған төменде көрсетілген еңбектерінде Қазақстан және Орта Азия аймағын мекен ететін халықтардың тарихы жайында қызықты деректер ұсынады: «Кокандская автономия», «Туркестанская автономная республика», «Отзыв на книгу В.Бартолда «История Туркестана», «К вопросу об антирелигиозной пропаганде на Востоке», «Словарь хорезмшахи», «К вопросу о латинизации тюркских алфавитов», «К вопросу о латинском алфавите среди тюрков СССР», «Список народностей СССР», «Выступление Н.Тюрякулова на Первом Всесоюзном тюркологическом съезде», «Доклад Н.Тюрякулова на Первом пленуме Всесоюзного центрального комитета нового тюркского алфавита, заседавшего в Баку» (3–7 июня 1927 г.) [9].

Академик, шығыстанушы ғалым В.В. Бартольдтың «Түркістан тарихы» атты кітабы туралы Н. Төрөкүлұлы мынадай сын жазады: «Небольшая книга В.В. Бартольда представляет собой конспект лекций

по истории Туркестана, читаемых им на историко-филологическом факультете Туркестанского Университета в 1920–1921 гг. ... позволяет читателю, умеющему самому делать выводы, разгадывать многое в настоящем... Другой пробел, на наш взгляд, заключается в том, что академик В.В. Бартольд мало остановился на XV–XIX вв. истории Туркестана. Между тем это полоса (развитие Кокандского ханства) особенно была бы интересна для читателей: она дала бы ему некоторый ключ к пониманию межнациональных отношений в Туркестане, их развитию при свете истории» [9, 39 б.]. Әрі ғалым, әрі мемлекет қайраткері болған Н. Төрекұлұлы жеке аймақтың тарихын жіті зерттеу қажеттілігін жақсы түсінді. Себебі тарихты терең танығаннан кейін ғана адамдар арасында бүгінгі күн қарым-қатынасын, әсіресе түрлі ұлттар арасындағы қилы байланыстарды салиқалы жүргізуге болады деп білді.

Алаш оқымыстысы **Қошке Кемеңгерұлы** (1896–1937) Ташкентте Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқыған жылдары түркологиялық бағытта ізденіс жасады. Шығыстану факультетінің түркітану кафедрасында А. Шмидт, М. Гаврилов, А. Дубсон сынды белгілі шығыстанушы мамандардан білім алды (1928–1930). Ғалымның түркі халықтарының тарихы туралы жазған негізгі еңбегі – «Бұрынғы езілген ұлттар» кітабы (1924) [10, 77–128 бб.]. Мәскеудің «Күншығыс» баспасынан жарық көрген зерттеуге Ә. Бөкейхан редакция жасады. Кітапта: қазақ, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, түркімен, татар, башқұрт, қарашай-балқар, чуваш, саха т.б. түркі халықтарының тарихынан деректер беріледі. Еңбектің құнды жері – оның мазмұнынан Ресей Империясының отарына түскен аймақтар туралы қазақ ғалымының көзқарасы байқалады. Сол аймақтар өз азаттығынан қалайша айырылды? Оған нендей тарихи жағдайлар себеп болды? Азаттық үшін күрес жолы қалай жүрді? Ресей құрамында ол ұлттар қанша уақыт өмір сүрді? Бұратана халықтардың қосылғаннан кейінгі замандағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы қалай өрбіді? Болашақта ол ұлттарды не күтеді? Осы сынды сұрақтарға Қ.Кемеңгерұлы жауап іздейді.

«Қазақ қызметкерлерін басқа ұлттармен таныстырайын деп жазып отырмын. Бұл кітаптың төрт аяғы түгел толық жазылмаса да, жоқтан бар жақсы. Аз да болса пайдасы тиер деген үміттемін» [10, 81 б.], – деген ескертуінде автордың туған халқының болашағына жанашырлығын байқаймыз. Өзге халықтардың үлгісімен танысқан қазақ қызметкерлері осы кітаптан туған халқының даму жолына ғибратты мысалды байқайды деп сенеді.

Қазақ тіл білімінің ғылым ретінде қалыптасуына зор еңбек еткен белгілі ғалым, профессор, түркітанушы – **Құдайберген Жұбанұлы**

(1899–1938). Ленинградтағы Шығыстану институтында білім алған Қ.Жұбанұлы сол жерде көрнекті түркітанушылардың дәрістерін тындады. Ол араб, парсы, орыс, түрік, моңғол тілдерін меңгерген. Академик А.Н.Самойлович жетекшілік еткен «Түркология семинарийіне» түскеннен кейін КСРО Ғылым академиясы Тіл және ойлау институтының аспирантурасына ауысып, осында Н.Я. Марр, Н.И. Мещанинов, А.В. Богородицкий сынды белгілі лингвист ғалымдардан оқыды. Ғалымның түркологиялық бағытта жасаған еңбектері осы күні біршама зерттелді. Ол жөнінде қысқаша былай түйіндеуге болады:

Қ. Жұбанұлы бірнеше түркі тілдерін біліп қана қоймай, сол тілдерде жазылған көркем шығармаларды оқып, түркі халықтарының классик ақын-жазушыларын талдаған. Оны ғалымның «Абай қазақ әдебиетінің классигі» атты зерттеуінен байқаймыз. Еңбек 1934 жылы жазылғандықтан, оның ішінде әдеби мұраға байланысты идеологиялық-таптық көзқарастың барын түсінеміз. Алайда осы зерттеуден біз оның авторының қазақ әдебиетінің ғана емес, сонымен бірге, туысқан түркі әдебиетінің де білгірі екендігін көреміз. Өзбек, қырғыз, түрікмен, қарақалпақ, татар, башқұрт халықтарының әдебиетіне шолу жасап, татар әдебиетіне кеңірек тоқталады: «Татарстанда Абаймен бастас екі-ақ адам бар еді. Мұның бірі – Чиһабуддин Маржани, екіншісі – Қаюм Насыри. Еділ бойын басқан ескі фанатизм тұманының арасынан алғаш сәуле берген, татардың жаңа өсіп келе жатқан жас буржуазиясына мәдениет жөнінен жол ашпақшы болған XIX ғасырдың соңғы жарымындағы татар жанашырлары осы екеуі болған» [11, 171 б.].

Түркі халықтарының басым бөлігі XX ғасырдың басында үлкен империялардың отар аймағына айналды. Ол – тағдырдың жазуы еді. Түркі халықтарының ішінде саны жағынан екінші, мекен аймағы тұрғысынан бірінші орында болған қазақтар да сондай күн кешті. Біздіңше, алаш оқымыстылары түркі халықтарының тағдыр-талайын түсіне отырып, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын зерттеп, олардың отарлық қамытын кию негізін танығысы келді. Сол отарлықтан қалай құтылудың амалын іздеді. Отарлықтан құтылып, өркендеген халықтар қатарына қосылуды арман етті. Қазақ халқының тарихын, тұлғаларын қарастырғанда, қазақпен туысқан тілегі бір, тағдыры ортақ түркі халықтарының да өткені мен бүгінін зерттеуді өздеріне мұрат санады. Ол ізденістердің қазақ үшін үлкен пайдасы болатындығына сенді. Себебі қазақ халқымен тұрмыс жағдайы бір, тағдыры жақын туысқан жұрттар да барын алаш зиялылары көрсеткісі келді. Азаттық үшін күрес жолында бірлесіп жеңіске жетудің мүмкіндігі бар деп

ескертті. Сол күрестің негізгі амалы өзге халықтардағыдай жұрттың санасын оятып, ағартушылық жұмысын кеңейту екендігін айтты. Осы уақытта алаш ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров: Ана жерде татар тұр, // Баскалармен қатар тұр, – деп жазды. Туысқан татар халқының мәдениетке, оқу-білімге жақындығын айта отырып, сол жағдайды қазақпен салыстыра келіп, ақын өлеңінде туған халқының намысын оятуды көздеді. Бұл идея ХХ ғасырдың басында алаш қайраткерлерінің зерттеулерінде көрініс тапты. Алаш оқығандарының еңбектеріндегі түркі халықтарының тағдырына жанашырлық, болашағына алаңдаушылық, ағартушылық көзқарас қараңғылық ұйқысындағы қазақ қоғамына әсер етті. Қазақ намысын оятатын соның бір көрінісі мысалға келтірілген ақын өлеңінде айшықталды.

Қазіргі таңда отандық түркітану ғылымының бастауын сөз еткенімізде, туған топырағымызда түркологиялық ізденістердің алғашқы қарлығаштарын атағанымызда алаш білімпаздарының осы бағыттағы пікірлері мен пайымдауларын қаперден шығармауға тиістіміз деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Букейхан Алихан Нурмухамедұлы. Полное собрание сочинений в 7 томах. – Астана: «Сарыарқа», 2010. – 576 с. – VI том.
2. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Рауан, 1991, – 256 бет.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2008. – 172 б.
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
5. Жұмағұлов А. Қазақ әдебиетінің төркіні мен тарихын дәуірлеу. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Астана, 2007.
6. Тынышбаев М. История казахского народа. – Алматы, Қазақ университеті, 1993. – 224 с.
7. Әнес Ф. Көрнекті түркітанушы. Кітапта: Түркі дүниесі. Ғылыми-көпшілік альманахы / Бас редактор – Ш.Ибраев. – Алматы: Интелсервис, 2013. – 836 бет.
8. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 бет.
9. Түрякулов Н. Многотомное собрание сочинений. – Алматы: «Ел-шежире», 2007. 2-том. – 240 с.
10. Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Алаш, 2005. – 320 б.
11. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2010. – 256 б.

ҒТАМР
03.06.55

Дінмұхамед Абдраханов

*«Ғылым ордасы» РМҚ, сирек кездесетін кітаптар музейінің
кіші ғылыми қызметкері,
гуманитарлық ғылымдар магистрі
(Алматы қ., Қазақстан)*

АХМЕТТАНУ. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақала Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 145 жыл, Ахмет әліппесінің 105 жылдығы және Алаш Ордасының 100 жылдығына орайластырылып, қайраткердің тұлғалық қасиеттері мен артына қалдырған еңбектерінің маңыздылығы туралы өрбиді. Отандық тарих ғылымындағы жіті зерттеуді қажет ететін ХХ ғасырда ел тәуелсіздігі үшін күрескен Алаш қайраткерлерінің ғылым саласындағы еңбектері айтылады.

Түйін сөздер: *Ахмет Байтұрсынұлы, Алаш, Алаш қайраткерлері, тарихи тұлғатану, халық ағартушылық, тіл білімі (филология), әдеби шығармалар.*

Динмухамед Абдраханов

АХМЕТТАНУ. ОСОБЕННОСТИ АХМЕТА БАЙТҰРСЫНОВА КАК ИСТОРИЧЕСКОЙ ЛИЧНОСТИ

Аннотация. Ахмет Байтұрсынов является одним из политических лидеров казахского народа, основателем структуры казахского языка, тюркологом, переводчиком, общественным и государственным деятелем, который оставил после себя множество знаменательных трудов для развития казахского государства. Данная статья посвящена 145-летию Ахмета Байтұрсынова и 105-летию алфавита Ахмета, а также 100-летию движения «Алаш Орда».

Ключевые слова: *Ахмет Байтұрсынов, Алаш, Алаш Орда, общественные и государственные деятели, филология, литературные произведения.*

Dinmukhamed Abdrakhanov
АХМЕТТАНУ; ОН АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ АС
HISTORICAL FIGURE

Abstract. Ahmet Baitursynov was one of the political leaders of the Kazakh people, the founder of the science of the Kazakh language, the Turkologist, translator, public and state figure. He was the author of numerous works that are of great significance for the history of the state of Kazakhstan. This article is dedicated to the 145th anniversary of Ahmet Baitursynov, to the 105th anniversary of the Ahmet alphabet and to the 100th anniversary of the Alash Orda movement.

Key words: *Ahmet Baitursynov, Alash, Alash Orda, public and state figures, philology, literary works.*

Кіріспе: Қазақ тарихын зерттеп, халық үшін еңбек еткен тұлғалардың өмір жолын, еңбектерін таныта – білу отандық ғылымның маңызды мәселелерінің бірі. Жіті зерттеуді, жан-жақты зерделеуді қажет ететін тарихымыздың бір тармағы. Әсіресе, XX ғасырда ел тәуелсіздігі үшін күрес жүргізіп, қазақ рухани мәдениетін дамытуға тырысқан зиялы қауымның өмірі мен қызметін зерттеу – қоғам сұранысы мен заман талабынан туындаған ғылым саласы. Аталған кезеңдегі ұлт зиялыларының ішінде Ахмет Байтұрсынұлының орны ерекше. Ол – қазақ халқының саяси лидерлерінің бірі, ғалым, ақын, жазушы, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері, ағартушы, этнограф, фольклорист, түркітанушы, әдебиетші, тілші.

Зерттеудің нәтижелері: Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы қаңтар айының 28-інде (15-і) қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданындағы Сарытүбек ауылында дүниеге келді [1]. 1895–1909 жылдар аралығында Қостанай, Ақтобе қалаларындағы орыс-қазақ мектептерінде мұғалім болып, Қарқаралыдағы қалалық училищесін басқарады [2]. Ахмет Байтұрсынұлының саяси ортаға белсене араласа бастауы 1905 жылдан бастау алады. Жергілікті басқару мәселелері, сот ісі, білім беру жүйесін жақсарту, құқық, жер мәселелерін қамтитын Қарқаралы петициясының авторларының бірі болды. 1909 жылы халық арасына іріткі салды, автономия идеясын таратты деген жаламен Семей қаласының түрмесіне жабылады. 1910 жыл бостандыққа шығып 1910 жылдан 1917 жылға дейін Орынбор қаласына қоныс аударады. Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш зиялыларымен

бірігіп «Қазақ» газетін шығарады. 1917 жылға дейін шығып тұрған ресми емес «Қазақ» газеті халық қамын ойлаған, прогрессшіл бағытта болып, қазақ халқының санасын оятуда теңдесіз роль атқарды.

1917 жылы құрылған «Алаш» партиясы мен Алашорда мемлекетінің құрушыларының бірі болған. Рухани көсем. 1920 жылы Ахмет В.И.Ленинге хат жазып Совет үкіметінің қазақ жеріндегі бастапқы қадамдарын сынға алған. Казревком мүшесі ретінде Қазақстан және Ресей шекарасын бөлісуге белсенді ат салысады. 1922–1925 жылдар арасында ҚазССР білім істері басшысы, ғылыми-әдебиеттік комиссиясының басшысы қызметтерін атқарды. Сонымен қоса 1921–1928 жылдар аралығында ағартышулық жолында қазақ тілі, қазақ әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерін халық ағартушылық институттарда сабақ берді.

1929 жылы Алашорданың басқа өкілдерімен бірге Алматы қаласында тұтқындалып, Мәскеудің Бутырь түрмесіне қамалды. Қарулы көтеріліс ұйымдастырмақшы болды деп айыпталып, ату жазасына кесілді. 1931 жылы ату жазасы 10 жылдық лагерь қамауына алмастырылып, 1932 Архангельск қаласына жөнелтілді. 1934 жылы мерзімінен бұрын бостандыққа шығып Алматы қаласына қайта оралды. Бірақ 1937 жылдың 8 қазан күні қайта қамауға алынады. Ахмет Байтұрсынұлы 1938 жылы 8 желтоқсанда жалған жала жауылып репрессия құрбанына айналды.

Ахмет Байтұрсынұлының жұмыстарының ішінде аса маңыздылар қатарынан саналатын ағартушылық бағытта жүргізілген еңбектері. Халықтың саяси, мәдени, тарихи ортада тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуының басты тірегі – туған тілі мен сауаттылығы. Қазақ тілі байырғы заманнан бері өзінің көпқырлылығымен, ауызекі және жазба мәдениетінің байлығымен ерекшеленетін тіл. Қазіргі таңға дейін толық шешілмеген тіл мәселесін дамыту мақсатында Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл ғылымы мен әдістемесінің негізін қалады. Қазіргі таңда Байтұрсынұлы жасаған бүкіл терминдер қазақ тіл білімінің метатұғыры болып қалыптасып, тілдік тәжірибеде қабылданған, уақыт сүзгісінен өткен, қазақ тіл білімінің төл ерекшелігін танытатын құндылыққа айналған.

Ғылыми-теориялық еңбектерін алғашқы әліппелердің бірі болып саналатын 1912 жылы «Оқу құралы» атты оқулығынан басталады. «Оқу құралы» 1925 жылға дейін бірнеше басылымнан шықты. Қазақ тілінің бірқатар жүйесін, грамматикалық негіздерін қамтыған «Тіл құралы» еңбегі үш бөлімнен тұрады, олар: морфология (1914),

фонетика (1915) және синтаксис (1916). Тіл білімінің терминологиясы, сөйлем мүшелері, сөз таптары, сөз жүйесі және тағы да басқа грамматикалық материалдар толығымен осы Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде қамтылады. Мұғалімдер жұмысына арналған «Тіл жұмсар» еңбегі, қазақ тілін оқыту процессін ұйымдастырудағы негізгі бағыттауыш болып табылады [3].

Қазақ жазу ілімі ғылымының бастауы Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде алғаш қалыптасып, негізделді. А. Байтұрсынұлының жазу ілімі саласындағы еңбегі қазақтың төл жазуы – төте жазуды жасауымен, оның фонематикалық ерекшелігін толық ашуымен, әрбір әріптің қазақ дыбысының табиғатымен сәйкес келуін ескергендігін айту қажет. Қазақ жазу ілімі теориясында әріп санының фонема санымен бірдей болуы, қазақ жазуының толыққанды жетілгендігінің көрсеткіші болып табылады. Бұл тұжырым Ахмет Байтұрсынұлы еңбектері арқылы қалыптасты. Әріптің фонемадан аз болуы түркі тілдеріндегі сингармонизм заңының сөздің негізгі құрылымы мен мағыналық ерекшелігін аша алу қасиетімен байланысты. Дауыстылардың бірыңғай жуан-жіңішкелігі сөздің барлық буындарында сақталатындықтан, көп таңбадан гөрі, сөздің алдына дәйекші белгісін қою арқылы жазу экономиясына жетуге болатынын табуы – Ахмет Байтұрсынұлының реформаторлығы ретінде танылады. Қазақ тіліндегі жиырма төрт түрлі дыбысты таңбалаудың өзіндік ерекше жолы мен жүйесін ұсынған ғалым «қ» мен «ғ» дыбыстарының ылғи жуан, «к» мен «г», «е»-нің ылғи жіңішке айтылатынын ескерте отырып, былай деп жазады: «Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, .. онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дәйім жуан айтылатын «қ» мен «ғ»-ны қосқанда дәйім жіңішке айтылатын «к» мен «г», «е»-лерді қосқанда, бәріне 43 белгі (харіп) керек» [4, 324], [5].

Бұл сілтеме қазақ тіл білімінің филологиялық тұрғыдан, тарихи тұрғыдан, мәдени тұрғыдан толықтай Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде қамтылғандығын көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынұлының көркем әдебиет саласындағы шығармаларының да маңызы өте жоғары. Ең алғашқы кітабы 1909 жылы жарық көрген «Қырық мысал» кітабы. «Қырық мысал» Абай, Эзоп, Лэфонтен, Крылов еңбектеріне негізделіп, отаршылдық саясатқа қарсы және ұлт санасындағы жалпы жағымсыз қасиеттерді қарастырып, адамзатты терең ойлы мысалдарымен жақсылыққа шақырады. Ахмет қаламынан шыққан мысалдар қазақ әдебиетінің баға

жетпес мұрасына айналған. 1911 жылы мысал кітап «Маса» жарық көрді. Сонымен қоса «Қазақтың бас ақыны» атты Абай Құнанбаев тұлғасын зерттеуге арналған туындысы, халық ауыз әдебиетінен алынып, Ахмет Байтұрсынұлының өңдеуімен жазбаға түсірілген 1923 жылы Мәскеу қаласында басылып шыққан «Ер-Сайын» кітабы, қазақ тарихының 400 жылын қамтитын «23 жоқтау» кітабы әдеби құндылығы жоғары еңбектердің қатарынан болып табылады.

Қазақ халқының тұрмыстық жағдайы мен мәдениет көрсеткішін дамыту мақсатында шаруашылық, экономика, саяси сауаттылық және басқа да мемлекет жүйесінің маңызды салаларына арналған жұмыстары қазіргі таңға дейін өз құндылығын жоғалтпаған. Дәлел ретінде келесі еңбектер тізімін қарастыру маңызды:

– Мұсылман «бюро» үкіметтерінің кеңес мәжілісі. Қазақ-қырғыз съезді. Әйелдердің сайлауға қатынасулары. 4-ші кітап. – Орынбор 1917;

– Алаш қаласындағы ауыл шаруашылық қауым ұйымының ісі жайында баяндаған есебі. – Алаш 1924;

– 1924–1925 жылда бірыңғай ауыл шаруа салығы салынатын заттардың есебін алу тақырыпты жоба. – Семей 1925;

– 1929–30 жылы Семей округінде астық және май беретін мәдени өсімдіктерді дайындау туралы Округтік сауда бөлімінің тағайындаған бәсіне қосымша. – Семей 1929;

– 1927 жылы Семей губерниясында, Қазақстан ОАК мен Халық комиссарлар Кеңесінің Қаулысы бойынша егіндік-шабындық жерлерді теңестіріп бөліп беру жұмысын жүргізетін уездік бес кісілік комиссияларының өкілдеріне аманат (Наказ). – Семей 1927;

– 1929–30 жылы Семей округінде жүнге шарт жасау туралы материалдар жинағы – Семей 1929; С. Ержанұлының «Болыста ақша-салық жұмысы». – Семей, 1927.

Ахмет Байтұрсынұлы еңбектері кең ауқымды. Сол сияқты Алаш арыстарының басым көпшілігі елді ілгерлету мақсатында ғылым мен ағартушылық саласына тартылып, ғылыми негізделген бірқатар шығармалар қалдырды. Мысалы, Міржақып Дулатұлы 1922 жылы Ташкент қаласында «Есеп құралы» еңбегін бастырды, Халел Досмұхамедұлы «Табиғаттану», «Адамның тән тірлігі» (Қазақша-орысша жаратылыстану сөздігі), «Қазақ әдебиетінің тарихы» және көптеген басқа еңбектері қалды. Мұхаметжан Тынышпаев «Ақтабан шұбырынды», «Материалы по истории киргиз-казахского народа», «Киргиз-казаки в XVII и XVIII веках: Историческая справка и племен-

ной состав населения Ташкентского уезда», Санжар Асфендияровтың «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі», Темірбек Жүргеновтың «Қазақстанда сауатсыздықты жою жұмысы туралы» атты еңбектері және тағы басқа Алаш қайраткерлерінің ғылыми ағартушылық жарияланған еңбектері бар. Бұл еңбектер қазақ тілінің академиялық ғылыми тілін қалыптастыруға үлкен септігін тигізді. Ең бастысы олардың ғылыми шығармашылығы отандық ғылымда алаштану ғылымының қалыптасуына негіз болды.

Өткен ғасырды 80-жылдары Алаш қайраткерлері ақтала бастаған тұста олардың еңбегі қарқынды түрде зерттеу нысанына алынды. Отандық ғылымның бір саласы Алаштануда – Ахметтану бағыты қалыптасты. Әрбір іргелі зерттеулердің ауқымы нәтижесі бойынша Ахмет тұлғасының жаңа қырлары ашылып, жаңа тұжырымдарға себеп болды. Ахмет Байтұрсынұлының саяси көзқарастары болсын, қазақ тіл біліміне қосқан үлесі болсын, әдеби-мәдени бағыттардағы еңбектері болсын, халықтың даму жолына арналған өте үлкен мұра саналды.

Десе де, Ахметтану және оның әдеби, ғылыми шығармашылық мұрасын таныту – қайраткердің өмір сүрген кезеңнен бастау алады [6]. Бұл тұжырымның дәлелі, Ахмет Байтұрсынұлының өмірнамасын, шығармаларын жан-жақты танытатын М. Дулатұлы, Т. Шонанұлы, Е. Омаров, С. Сейфуллин, М. Әуезовтің жазған мақалалары. 1922 жылы Орынборда шығатын «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамы еңбектері» атты басылымында М. Дулатұлының «Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынов», Е. Омаровтың «А. Байтұрсынұлының ғалымдық қайраткерлігі» мақалалары жарияланған болатын. Ғалымның үзеңгіліс замандасы Телжан Шонанұлы да 1923 жылы тұлғаның ғылыми қайраткерлігі туралы «Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында» деген орыс тілінде ғылыми мақала жазған [6]. Сонымен қоса, өзге ұлт өкілі А. Самойлович, Е.Д. Поливанов, Н.Ф. Яковлев, А.Н. Кононов деген ғалымдар да зерттеулері барысында Ахмет тұлғасына жеке тоқталған болатын. 1919 жылы А.Н. Самойлович «Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы» деген ғылыми мақала жазса [7], 1924 жылы Е.Д. Поливанов «Қазақ-қырғыздың жаңа (Байтұрсыновтық) емлесі» атты мақаласын [8], 1928 жылы Н.Ф. Яковлев «Әліпби құрылымының математикалық жүйесі» туралы ғылыми мақалаларын жарыққа шығарды [9]. А.Н. Кононов 1974 жылы БАҚ беттеріне Ахмет Байтұрсынұлы тұлғасына бағытталған ғылыми анықтамалық-мәліметтер береді.

Тәуелсіздік кезеңдегі Қазақ тіл білімі мен әдебиеттануда Ахметтану мәселесі қазақ ұлттық ғылымында бағыты белгілі дербес сала болып қалыптасып жетті. Қайраткердің шығармалары Таңдамалы жинақтарда бірнеше мәрте басып шығару ісі Ахметтану саласында тиянақты атқарылған өзекті мәселелердің бірі болды. Отандық ғалымдар Ә. Шәріпов, Р. Нұрғалиев, С. Дәуітов, А. Мектепов, Ғ. Әнесов, А. Ісімақова, Г. Пірәлиева және т.б. ахметтанушы ғалымдардың мақалалары мен еңбектері баспасөз беттерінде үздіксіз жарық көріп жатты. Ғалымның шығармашылық мұрасы 1989–2009 жылдар аралығында 20 жылдың ішінде 21 мәрте басылып шықты [10].

Нәтижелерді талқылау: Ахмет Байтұрсынұлының тұлғасы мен еңбектері тек ғылым мен ағартушылық саласынан тыс, ұрпақ тәрбиелеу мәселелерінде де маңызды.

Телжан Шонанұлы Ахмет Байтұрсынұлының халқына жасаған қызметін 1923 жылы жарық көрген «Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында» ерекше тоқталып өтіп, Ахмет еңбегін : «... қиын кезеңде Ахмет алғашқы болып дауыс көтеріп, қазақ мектебін бір жағынан, дүмше молдалардан, екінші жағынан патша миссионерлері ықпалынан құтқару үшін қызмет етті» – сөдерімен бағалап өткен [11]. Сәбит Мұқанов 1932 жылы жарық көрген «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» кітабында: «...Ахметтің Октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сінді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес» – деп Ахмет Байтұрсынұлының тіл-әдебиет салаларындағы еңбектерін атап өтті [12].

Бұл айтылғандар Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінің жаңаша бағытта, қазіргі заман талаптарына сай көзқараспен зерттеуді қажет ететіндігін және зерттеу нәтижесінде тіл білімі, тарих, халық әдебиеті салаларын дамытуда бағалы мәліметтердің қайнар көзі болып табылатындығының дәлелі болса керек.

Қорытынды: Қорыта келгенде, Ахмет Байтұрсынұлы тұлғасы мен еңбектері жаңаша бағытта, қазіргі заман талаптарына сай көзқараспен зерттеуді қажет ететіндігін және зерттеу нәтижесінде тіл білімі, тарих, халық әдебиеті салаларын дамытуда бағалы мәліметтердің қайнар көзі болып табылатындығын ескере кеткеніміз жөн. XX ғасырда ел тәуелсіздігі үшін күрес жүргізіп, қазақ рухани мәдениетін дамытуға

тырысқан зиялы қауымның өмірі мен қызметін зерттеу арқылы, тарихи тұлғатану бағытын тың деректермен толықтырып, маңызды салаларға жаңа көзқарастар қалыптастыруға мүмкіндік ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
2. Источник: <http://e-history.kz/ru/biography/view/20>© e-history.kz
3. <http://old.el.kz/m/articles/view/>
4. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - Алматы, Ана тілі, 1992, – 324-бет.
5. «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің көшбасшысы» Б.Салқынбай – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы (<http://webcache.googleusercontent.com/search?q=cache:http://group-global.org/kk/publication/5361-ahmet-baytursynuly-kazak-til-biliminin-koshbasshysy>)
6. <http://old.el.kz/m/articles/view/>
7. Самойлович А. Түрік халықтарының әдебиеті // Шығыс әдебиеті. Бас. I. – Петербор, 1919.; А.Б.Байтұрсынов. Қысқа биографиялық анықтама. Қолы: А.С. // Әдеби энциклопедия. (Жауапты ред.: В.Фриче). – Мәскеу, 1930., 1-том, – Б. 305-306.
8. Поливанов Е. Қазақ-қырғыздың жаңа (Байтұрсыновтық) емлесі // Ортаазиялық мемлекеттік университеттің бюлетені. Басылуы. 7. – Ташкент, 1924., – Б. 35-43.
9. Яковлев Ф. Әліпби құрылымының математикалық жүйесі // Шығыстың жазуы мен мәдениеті. I-кітап. – Мәскеу, 1928., – Б. 41-64.
10. <http://old.el.kz/m/articles/view/>
11. Телжан Шонанұлы. «Ахмет Байтұрсынұлы халық ағарту және әдебиет саласында». 1923 жыл.
12. Сәбит Мұқанов. «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті». 1932 жыл.

ҒТАМР
03.06.55

Меліс Сатаев

*Есік гуманитарлық–экономикалық
колледжінің оқытушысы
(Есік қ., Қазақстан)*

ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның ғасырлар бойы тәуелсіздік жолында жүріп өткен жолы қарастырылған. Қазақ хандығы құрылған кезеңнен бастап, әр кезеңде жоңғар шапқыншылығынан, ресей патшалығы мен кеңес одағының отарлау саясатынан мемлекеттілікті сақтап қалу үшін жүргізілген үздіксіз күрес және бүгінгі тәуелсіздік жағдайындағы мемлекетімізді нығайтып, әлемнің белді бір мүшесіне айналдыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жан-жақты талданған.

Түйін сөздер: *тәуелсіздік, отарлау саясаты, ұлт-азаттық көтеріліс, Алаш қозғалысы, Қазан төңкерісі, Кеңес Одағының саясаты, нәубет, тың игеру, Желтоқсан көтерілісі, Қазақстанның сыртқы саяси жетістіктері.*

Меліс Сатаев

САГА О НЕЗАВИСИМОСТИ

Аннотация. В настоящей статье исследуется ряд проблем, связанных с вековым стремлением Казахстана к независимости. Автором уделено внимание особенностям образования и становления Казахского ханства, последствиям джунгарского нашествия, колониальной политики царского правительства и Советского Союза. Определены этапы развития Казахстана как независимого государства. Проанализированы проведенные конституционные, экономические, политические и социальные реформы. Исследованы особенности и достижения внутренней и внешней политики страны за годы независимости.

Ключевые слова: *независимость, колониальная политика, национально-освободительные восстания, движение «Алаш», Октябрьская революция, политика Советского Союза, политические репрессии, освоение целины, Декабрьское восстание 1986 г., внешнеполитические достижения Казахстана.*

Melis Sataev INDEPENDENCE SAGA

Abstract. The article traces Kazakhstan's centuries-old path to the independence from the formation of the Kazakh Khanate and the consequences of the Dzungarian invasion to the colonial policy of the Tsarist Russia and the Soviet Union. The author identifies the stages of Kazakhstan's movement towards obtaining its independent statehood.

The contemporary history of independent Kazakhstan is analyzed in terms of constitutional, economic, political and social reforms that have been conducted. The significant features and achievements in the domestic and foreign policy over the years since gaining the independence have also been discussed.

Key words: *independence, colonial policy, national liberation uprisings, Alash movement, 1917 October Revolution, Soviet policy, political repression, virgin lands campaign, 1986 uprising, foreign policy achievements of Kazakhstan.*

Кіріспе. Қазақ хандығының пайда болуы Қазақстан жерінде XIV–XV ғғ. болған әлеуметтік-экономикалық және этникалық-саяси процестерден туған заңды құбылыс. Өндіргіш күштердің дамуы, көшпелі ақсүйектердің экономикалық қуатының артуы, феодалдық топтардың тәуелсіздікке ұмтылуы, осы негізде Әбілхайыр хандығы мен Моғолстан арасындағы тартыстың өршуі, әлеуметтік қайшылықтардың үдеуі XV ғасырдың 2 жартысында бұл мемлекеттердің құлдырап ыдырауына апарып, жаңа мемлекеттің пайда болуына алып келді.

XV ғасырдың екінші жартысында іргесі қаланған Қазақ хандығы XVI–XVII ғасырларда одан әрі күшейіп, саяси–экономикалық жүйесі тұрақталып Орталық Азия аймағындағы қуатты елдердің біріне айналды. XVIII ғасырдың бас кезінен Қазақ хандығы сыртқы саяси жағдайдың одан әрі шиеленісуінен туындаған ауыр күйзелістерге ұшырады.

Қазақ хандығымен Жоңғар хандығы арасындағы қантөгіс бірден-бірге шиеленіскен және қантөгісті күреске айналды. 1723–1727 жылдар қазақ халқының есінде ең ауыр қасіретті-қайғылы жылдар есебінде қалды.

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Сауран Айналған» сияқты сөз тіркестері пайда болып, халықтың мұң-зарын, жаппай

қырғынды бейнеледі. 1726 жылғы Буланты өзені бойындағы, 1729 жылғы Аңырақай шайқасында қазақ жасақтары Жоңғар әскерлерін ойсырата жеңеді [1].

1745–1755 жылдар аралығында жоңғарлар өз ішіндегі хан тағы үшін болған таластардан әбден әлсірейді. Абылай хан бұл жағдайды жақсы пайдаланып, жоңғарлар қолында қалған қазақ жерлерін түгел қайтарып алды. Жан алып, жан-беріскен соғыс бір ғасырдан аса уақытқа созылды.

Абылай хан өз тұсында қазақтың игі жақсыларының – билердің, шешендердің, батырлардың, жыраулардың басын қосты. Барлық мәселені бірігіп, ақылдасып шешті. Бүкіл қазақтың басын біріктірді. Соның нәтижесінде қазақ халқы елін де, жерін де тұтас сақтап, тәуелсіз халық болып қалды.

Жүз мыңдаған ерлердің өмірін қиған соғыста қылыштың жүзі, найзаның ұшы, ақ білектің күшімен жеңіске жеткен қазақ елі, алдағы уақытта болатын қауіптерден қорғану мақсатында көрші Ресей империясының қол астына кіруді дұрыс деп тауып, 1731 жылдан кіші жүз ханы Әбілқайырдың бастауымен аталмыш империяның қол астына өте бастады. Бұл процесс ХІХ ғасырдың 50-ші жылдарына дейін созылғаны тарихтан белгілі.

Ресей патшасының отарлау-бодандау саясаты шұрайлы жерлерден қазақтарды ығыстырып, шекараға әскери бекіністер салып, қазақ даласында хандық билікті жою сияқты озбырлық іс-әрекеттерден көрініс берді. Бұған деген наразылық, алаш ардақтылары С.Датұлы, И.Тайманов, К.Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістерден көрінді [2].

1917 жылғы Қазан революциясын қазақтар ерекше қуанышпен қарсы алды. Алайда кеңес өкіметі бұратана халықтардың ұлттық-халықтық мүддесіне сәйкес келетін проблемаларды шешпеді. Солақай саясаттың кесірінен 2 млн бір жүз мың қазақ аштан өліп, жүз мыңдаған қандастарымыз алыс-жақын шетелдерге кетуге мәжбүр болды.

XX ғасырдың 30-40 жылдарда қазақ ұлтының мақтанышына айналған бір топ азамат Сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болып атылды. Түрмеге қамалды. Жазалау шаралары ғылым, әдебиет пен өнердің даму барысын төмендетті.

Ұлы Отан соғысына қатысқан 700-мыңға жуық қазақтардың тең жартысы соғыста өлсе, дәл осындай көлемдегі адамдар елге жарымжан-мүгедек болып оралды [3]. Әкімшілдік-әміршілдік жүйе кезінде қазақ мектептері, балабақшалары жабылып, ұлттық салт-дәстүрмен әдет-ғұрыптарымыз ұмытыла бастады. Қазақ тіліне деген

құрмет азайып, өз ана тілін білмейтіндердің саны көбейді. Қазақтың жерін әртүрлі деңгейдегі ядролық қарулар сынайтын тәжірибе алаңына айналдырды.

Ұзақ жылдар бойына қордаланған саяси-әлеуметтік ұлттық проблемалар 1986 жылғы желтоқсан оқиғасында көрініс берді. Алайда билік басындағыларға бұл ұнамады. Оқиғаның соңы трагедиялық жағдайларға соқтырғаны белгілі. 1986 жылғы Алматы қаласындағы желтоқсан оқиғасы Кеңес Одағының құрамына кіретін ұлт аймақтарда ұлттардың тәуелсіздікке ұмтылуына дем, рух беруші ретінде тарихта қалды. Осы оқиғадан кейін Кеңестер Одағының сол күйінде қалмайтыны белгілі болып қалды. Халықтар достығының алдыңғы шебі саналып келген аймақтардың бірінен соң біріне әр қилы айыптар тағыла бастады. Біреулері жаппай ұрлық-қарлықтың елі ретінді Шиге шаншылып, екіншілері көршілерімен жерге таластырылып, үшіншілері жершілдік-топшылдық салғыласуға ұрындырылып, халықтар достығының Лабораториясы саналып келген Қазақстан бір күннің ішінде «Қазақ ұлтшылдығының ұясы» атанып шыға келді.

Колбиннің «Үшінші октябрь» Қазақстанды біржолата қазақтық сипаттан айыруды көздеген ең соңғы, ең шешуші майдан еді. 1991 жылы тамыз айында Мәскеуде болған бүліктен кейін КСРО мемлекеті ыдырауға айналды. Қазақстан жоғарғы кеңесі 1991 жылы 16-шы желтоқсанда Қазақстанды тәуелсіз Республика деп жариялады [4].

Екі жүз жылдай Ресейдің отары, жетпіс жылдан астам Кеңес өкіметінің бұғауында болған Қазақстан егеменді ел болды. Жоғарғы Кеңестің 16-желтоқсанда қабылдаған құжаттарында Республиканың қоғамдық-саяси өмірінде болатын өзгерістердің негізгі бағыттары аталып көрсетілді. Олар елдің демократиялық-құқықтық мемлекет екендігі, ел шекарасының біртұтастығы, Республикадағы қазақтар мен басқа ұлттардың қадір-қасиетін нығайту, мәдениетімізді, дәстүр мен тілімізді қайта жаңғыртып дамыту. Сондай-ақ тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, Қазақстан мемлекетті тәуелсіздікті сақтау мақсатында өзінің қарулы күштерін құрды.

Зерттеудің нәтижелері. 1991 жылдың 29-тамызында Президент Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен Семей ядролық сынақ полигоны жабылып, ядролық қарудан бас тарту жөнінде батыл шешім қабылданды.

1992 жылы маусымда Республиканың жоғарғы кеңесі Мемлекеттік жалау мен Елтаңбаны, сол жылы желтоқсанда әнұранның жаңа мәтінін бекітті. 1993 жылы 15 қарашада өз валютасы – теңгені айналымға шығарды. Ал, 1995 жылғы тамыздың 30-ында Республика халқы тәуелсіз елдің Конституциясын қабылдады. Онда Қазақстан

Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп көрсетілді. «Білім туралы» Заңның қабылдануы білім беру жүйесін дамытуға, көптеген елдермен тәжірибе алмасуға олармен халықаралық ағарту саласындағы байланыстарды жақсартуға мүмкіндік берді. Елімізде, Конституцияға сәйкес әрбір ұлттың өз тілін, мәдениеті мен салт-дәстүрін дамытуға жағдай жасалып отыр. Осындай мақсатпен құрылған 40 жуық мәдени орталық, бүгінгі таңда елімізде жұмыс істейді [5].

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы күнінен бастап адам құқы мәселесін бірінші орынға қойып, халықаралық ұйымдармен тығыз байланыс орнатып, сөз бостандығы мен жалпы азаматтық сектордың дамуына бірқатар конвенцияларды заңдастырып үлгерді. Еліміз іс жүзінде адам құқықтары саласындағы халықаралық құжаттардың бүкіл әмбебап пакетіне, атап айтқанда, 43 пакті мен конвенцияға қосылды. Бұдан байқайтынымыз адам құқы мәселесіне тәуелсіздігіміздің алғашқы жылынан емес, алғашқы күнінен бастап жоғары деңгейде ерекше назар аударылып отырғаны.

Тәуелсіз Қазақстанның экономикасында жасалған алғашқы және негізгі өзгерістердің бірі – мемлекеттік меншікті жекешелендіру. Осы мақсатта тиісті реформалар жасалып, заңдар шығарылды. 1991–1992 жылдары экономиканың барлық саласында шағын және орта бизнес пайда болды. Мемлекет оларды қолдады, жеңілдіктер берді.

Парламентаризм саяси-құқықтық құрылым ретінде – мемлекеттегі демократиялық бастаудың қалыптасуы мен дамуының негізгі қозғаушы күші. Мемлекеттік билік органдарының жоғарғы басқару жүйесінде Қазақстан Парламенті ерекше орын алады. Парламент – маңызды саяси шешім қабылдарда заң арқылы халықтың мүддесін көздейтін еліміздің ең жоғарғы өкілді органы. Еліміздің жоғарғы өкілді органы өз тарихында тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде бір палаталық құрылымнан жоспарлы түрде заң шығару қызметін жүзеге асыратын қос палаталық кәсіби Парламентке дейінгі қалыптасу жолынан өтті [6].

Қазіргі таңда қоғамдағы демократиялық процестер барысында Парламент өкілеттігін кеңейту мен бақылау функциясын күшейту, оның қызметінің саяси тиімділігі мен пәрменділігін арттыру жолдарының кейбір мәселелерін одан әрі дамыту, орнықтыру жөнінде жұмыстар атқарылуда.

Қазақстан Парламентінің қоғамдағы рөлі мен беделін арттырудың негізгі алғышарттарының бірі – бақылау функциясын күшейтудің құрамдас бөлігі ретінде өзі қабылдаған заңдарға ресми түсінік беру құқығына ие болуы. Бұл заң шығарушы органның мәртебесі мен жауапкершілігін арттырады.

Қазақстан Республикасы дүние жүзі мойындаған әлемдік қауымдастықтармен ұйымдардың тең мүшесі. Оның тәуелсіздігін 130-дан асатын ел мойындады. Бүгінгі таңда еліміз Әлемнің 140 елімен дипломатиялық қарым-қатынас жасауда. Қазақстанның беделді халықаралық ұйымдармен қатынасы барған сайын ұлғая түсуде. Олар Біріккен Ұлттар ұйымы, Еуропа қауымдастығы, халықаралық Валюта қоры, ЮНЕСКО, Бүкіл әлемдік ислам конференциясы т.б. барлығы бүгінде Қазақстан 60-қа жуық халықаралық ұйымдарға мүше [7].

Еліміз тәуелсіздігінің 25 жылдығында халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналды. Осы қысқа мерзімде Қазақстан өзінің ерекше даму моделін таңдап, әлемдегі бейбітшілік пен бірліктің бірден-бір үлгісі бола білді.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап көрсеткендей: «Тәуелсіздік – тұрақты және қауіпсіз келешекке деген зор сенім». Осымен қатар еліміз халықаралық саясатта бірқатар тың идеяларды ұсынып, әлемнің дамуына зор үлесін қосты. Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымындағы төрағалық, Астана саммиті, Ислам Ынтымақтастығы Ұйымындағы және Шанхай Ынтымақтастық ұйымындағы жетекшілігіміз осының нақты дәлелі.

Дүние жүзіндегі қазақтардың саны қазір 15 млн астам, оның 12-миллионы Қазақстанда тұрады. Қалғандары әлемнің 40-тан астам елдерінде өмір сүруде. Тәуелсіздік алған 25 жылда Қазақстанды әлемнің үлкенді-кішілі мемлекеттері таныды [8]. Оның беделі уақыт өткен сайын өсуде. Туған елінің тыныштығын, адамзаттың қауіпсіздігін ту еткен президентіміз Н.Ә.Назарбаев АҚШ-тың Ресейдің, Францияның, Қытайдың мемлекет басшыларымен ұзақ та, күрделі келіссөздер жүргізіп, Қазақстанның тәуелсіздігіне қарсы күш қолданбау шартын жасауға қол жеткізді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік тізгінін қолына ұстаған күннен бастап халықаралық саясаттың негізгі бағыттарын дұрыс анықтағандықтан, халықаралық саясатта өзінің лайықты орнын алып отыр.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2050» Стратегиялық жолдауында таяудағы жылдарда әлемдегі бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына Қазақстанның қосылатыны жайлы мәлімдеме жасаған болса, біздің елдің табиғи және адам ресурстары, соңғы жылдардағы экономикалық саладағы жетістіктеріміз бұл идеяның іске асатынының нақты дәлелі. Қазақстан бүгінде Еуразиялық аймақта көшбасшы елге айналды.

Саяси жүйесі тұрақтанып, экономикасы күннен күнге өркендеуде. Әлемді шарпыған экономикалық дағдарыстан шығудың елімізде іргелі бағдарламасы жасалып, ауқымды жобалардың жүзеге асып жатқаны баршаға мәлім. Қазақстан 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына, 2011 жылы, Бүкіл Әлемдік Ислам конференциясына төрағалық жасап, әлемнің 56 мемлекетінің басшыларын жинап саммит өткізсе, 2011 жылы Қысқы Азиаданың алауы бізде жағылып, жалауы желбіреді [9].

Бүгінгі таңда еліміз Әлемдік саясатқа белсене араласып, күрмеуі қиын саяси мәселелерді шешуге атсалысуда. Астанада ашылатын ЭКСПО-2017 көрмесіне қатысуға Әлемнің көптеген елдері ынталы болып отырғаны белгілі. «Болашақтың энергиясы» деген тақырыпта өтетін Халықаралық ауқымдағы көрме еліміздің асқақ абыройы, ұлы мақсаттарға апарар киелі жол басы десекте болады.

Бүгінде Қазақстанда «100 – нақты қадам» – Ұлт жоспарын жүзеге асыруға бағытталған кең көлемді жұмыстар жүргізілуде. Қазақстан жаңа 2017 жылды Біріккен Ұлттар Ұйымы қауіпсіздік кеңесінің мүшесі ретінде бастады.

2017 жылғы Елбасымыздың тарихи үндеуі Әлем назарын Қазақстанға бұрынғыдан да көбірек аударып отыр деуге ғылыми негіз бар – аталмыш үндеу Қазақстан Республикасының тарихында жаңа кезеңді бастап берді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасын өз қолымен қалап қоймай, оны осы жылдар ішінде орын алған бірнеше Бүкіләлемдік дағдарыстардан аман алып шығып, әлем таныған абыройлы – еңселі мемлекетке айналдырды. Қазақстанның соңғы 25 жылда қол жеткен табыстары ел Президентінің, халықтың зор беделі екені даусыз

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тынышбаев М. Ақтабан шұбырынды – Алқакөл сұлама. – Алматы: Санат, 1995. – 37 б.
2. Бекмаханов Е.Б. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20–40 жылдарында. Алматы, 1994. – 18 б.
3. «Казахстан в период Великой Отечественной войны Советского Союза». Сборник документов и материалов, Т. 2. 1943-1945 гг. Алма-Ата, 1967. – 157 с.
4. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 21 б.

5. Конституционная реформа – новый этап в развитии Казахстана: материалы «круглого стола». – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2007. – 151 с.
6. Сейлеханов Е.Т. Политическая система Республики Казахстан: опыт развития и перспективы: монография. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2009. – 296 с.
7. Казахстан в современном мире: реалии и перспективы. Научное издание. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2008. – 348 с.
8. Казахстан сегодня: монография / Под. ред. Б.К. Султанова. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2009. – 416 с.
9. Казахстан и ОБСЕ: монография / Под. ред. Б.К. Султанова. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2009. – 288 с.

ҒТАМР
03.06.55

Құндызай Ерімбетова

*Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты*

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ: ТАРИХ ҒЫЛЫМЫ

Аңдатпа. Мақала ХХ ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстандағы ғылымның, оның ішінде тарих ғылымының дамуы мәселесіне арналған. Автор қазақ тарихының даму кезеңдерін нақтылап, бірқатар еңбектердің жазылу тарихына тоқталып өткен. Әсіресе, Қазан төңкерісі мен ХХ ғасырдың 40-шы жылдары арасындағы Қазақстандағы тарих ғылымының дамуын, оның ішінде Алаш зиялыларының еңбектерін атап көрсеткен. Сонымен қатар, Кеңес үкіметі кезеңіндегі ғылыми мекемелердің құрылуы мен тарих ғылымының дамуы тұрғысындағы зерттеу бағыттарын да қарастырып өткен.

Түйін сөздер: *Қазақ тарихы, тарих ғылымының дамуы, ғылыми мекемелердің құрылуы, Алаш зиялылары және ұлттық тарих.*

Құндызай Ерімбетова

ФОРМИРОВАНИЕ НАУЧНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ В КАЗАХ- СТАНЕ: ИСТОРИЧЕСКАЯ НАУКА

Аннотация. Статья посвящена проблемам развития науки в целом и в частности исторической науки в 20–40-е гг. XX в. в Казахстане. Автором были определены несколько периодов развития исторической науки, а также рассматривается история выпуска некоторых исследовательских работ. В особенности был изучен период после Октябрьской революции и до 40-х гг. XX в., в частности акцентировано внимание на труды деятелей алашской интеллигенции. Кроме того, рассматриваются история создания научных учреждений и направления изучения истории в контексте развития исторической науки.

Ключевые слова: *история казахов, развитие исторической науки, образование научных учреждений, алашская интеллигенция и национальная история.*

Kundyzai Erimbetova
ESTABLISHMENT OF HISTORY AS ACADEMIC DISCIPLINE
IN KAZAKHSTAN

Abstract. The article deals with the problems of scholarly development in the 1920–1940s in Kazakhstan with particular emphasis made on history. The author traces several stages the history in Kazakhstan underwent as an independent discipline. The article also focuses on a number of research papers that are especially significant in the context. The period from the 1917 October Revolution and up to the 1940s is discussed in more details with special attention given to the writings of the figures from the Alash intelligentsia. In addition, the author studies the establishment and development of the academic institutions, schools and subjects in the context of overall development of historical science in Kazakhstan.

Key words: *history of the Kazakhs, development of historical science, academic institutions, Alash intelligentsia and history of the nation.*

Ел тарихы – келешек ұрпаққа қалдырылатын асыл мұра. Қазақ тарихының сақталуына бірден-бір әсер еткен факторлар: шежіре жазу және оны сақтау дәстүрі (халық ауыз әдебиеті), Мұхаммед Хайдар Дулаттың, Қадырғали би Қосымұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің мұралары және басқа да тарихи жазбалар, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу. Қазақ тарихына қатысты шетелдік деректердің (қытай, моңғол, батыс еуропалық және басқалардың) жарыққа шығуы, тарих және тарихи зерттеулер дәстүрінің тереңде жатқанын көрсетеді. Елімізде шежірелік деректерден бастап, тарих саласындағы академиялық жүйенің құрылуы, зерттеу жұмыстарындағы ұстанымдық өзгерістер кезеңінен өтті. 1888 жылы Омбыдан шыға бастаған «Дала уалаяты» газетінің ағартушылық-танымдық рөлі ерекше болды. Қазақ тарихын зерттеумен арнайы айналысатын академиялық ғылыми мекеменің ұйымдастырылуы кеңестік кезеңде жүзеге асырылды. Қазақ тарихы қағидалық және тақырып жағынан алғанда да жылдар бойы КСРО тарихының құрылымдық тақырыбы аясына басыбайлы болған-ды. Әлемдік-тарихи эволюциялық дамудың бір бөлшегі екендігі де еске алынбады, қалай да кеңестік дәуірмен байланыстыру үрдісі қалыптасты.

Қазақстан тарихы мен этнографиясын зерттеумен көптеген кәсіби ғалымдар (Ш. Уәлиханов, Н. Пржевальский, В. Козлов, К. Богданович,

И. Мушкетов, Н. Северцев, П. Семенов-Тяньшанский) қызығушылық танытты немесе өздерінің еңбектерінде құнды мәліметтер қалдырды. 1925 жылға дейін қазақ тарихының тарихи кезеңдері мазмұндалған зерттеу жұмыстары қолға алынбады. Мұнан бұрын В. Вельяминов-Зернов, А. Левшин, академик В. Бартольд, Н. Аристовтардың мұрағаттық материалдар арқылы патша өкіметі мен оның саясаты аясын қамтитын жеке жазылған жазбалары ғана болған-ды. Ұлттық намысты оятуда Ы. Алтынсарин, Сұлтанғазы Уәлиханов сияқты дала ұлдары із қалдырды. Алаш қайраткері Халел Досмұхамедов 1923 жылы Әбубәкір Диваев жинаған «Кенесары-Наурызбай» жырын Ташкент қаласында жеке кітап етіп шығарып, өзінің «Таймаұлы Исатайдың қозғалысы туралы қысқаша мағұлмат» еңбегін жазады. Сырым, Исатай, Кенесары бастаған қозғалыстардың халықты «орыстың ... құшағынан құтқару» мақсатын көздегені жөніндегі тұжырымын бекітеді. 1923 жылы Ташкентте «Баян батыр» поэмасы жарық көрді. Бұл кезең ауыз әдебиеті арқылы ата тарихты тану өріс алған мезгіл болатын. Осы сәтте «Қазақ тарихынан» атты бес бөлімнен тұратын (дін, діл, мәдениет, әлеуметтік жіктелу, қарсы қозғалыстар, шаруашылық, кәсіпкерлік және тарихи тұлғалар мәселелері қозғалады) кітапты, 1922 жылы Омбы қаласында Қошке Кеменгерұлы жазып бітірген болатын. Кітап 1924 жылы Мәскеуде Нәзір Төрекұлұлы басқаратын «Күншығыс» баспасынан басылып шығады. Қазақ үшін басты мәселелердің бірі – қарашекпенділерді далалық жерлерге қоныстандырудағы патша өкіметінің саясатының ішкі мазмұнын ашып көрсетеді. Қазақтың қарапайым ғана емес, бай-ауқаттыларының иеліктерін ығыстыру арқылы орыстар мен қазақтар арасындағы теке-тірестерге жол беру, шоқындыру, қазақтың рухын жер қылу мүдделеріне сай іс-әрекеттерін ашық жариялайды. Қоныстанушыларға қатысты «келімсектер» ұғымын дәйекті түрде бекітіп, патша үкіметінің оларды қызғыштай қорыған әрекеттерінің себептерін негіздейді (Кеменгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Алаш, 2005. 50 б.). Қошке Кеменгерұлы зиялылардың басты мақсаты «қара тұрмыстың кіріне былғанып, саясат сандалына түсу емес», уақытты өткізбей халықты алға сүйрейтін стратегиялық жаңғырту тұжырымдамасы аясындағы тірліктердің келешекке көп пайда келтіретініне болжам жасаған алаш азаматы. Бұл заманауи кезеңде де өзектілігін жойған жоқ.

Кеңес үкіметі мен Компартияның езілген ұлттардың кеңестік республикасына теңгермелік саясатына шүбә келтірмеген зиялылар Қазақ мемлекеттілігінің тарихын жазу қажет деп тапты. Солардың бірі, 1925 жылы 30 мамырда И. Тоқтыбаевтың алғы сөзімен, Мұхамеджан

Тынышпаевтың «Қырғыз-қазақ халқының тарихы» еңбегі жарық көрді [9]. Әрине бұл академиялық басылым болмағанмен, қазақ халқы құрамындағы рулардың пайда болуы, үш жүзге бөлінуі және ерекшелігі, қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты өзекті мәселелерді сол кезеңдегі ауқымды материалдарды пайдалана отырып, жазып шығады. Шоқан Уәлиханов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Халел Досмұхамедовтың еңбектері және басқа да экспедиция материалдары ғылыми айналымға енгізілді. Осы тұста айта кету керек, алаш ұлдары Қошке Кеменгерұлы,



Телжан Шонанұлы да «Қазақ тарихына» қатысты еңбектерінде, қазақтың басты дауы – жер мәселесіне қатысты азаттық күрестер алғышарттарын аша түсті. Бұл ғылыми тарихи танымға ұмтылыстың алғашқы қадамы болатын. Қалай дегенмен де, Қазан төңкерісінен кейін академиялық ғылыми орта қалыптастыруда ғылыми-зерттеу жұмыстар қолға алына бастады. 1925 жылы Ленинградта В.В. Бартольдтың «Еуропа және Ресейдегі Шығысты зерттеу тарихы» жарық көрді. Әсіресе, 1926 жылы Қызылорда қаласындағы Қазақстанды зерттеу қоғамы басып шығарған А.Ф. Рязановтың «Қазақ халқының ұлттық тәуелсіздігі үшін қырық жылғы күресі (1797–1838)» еңбегінің ерекшелігін сонда, бұдан бұрын ұлттық тәуелсіздік тақырыптары тек қазақ баспасөз басылымдарында кең өріс алса, енді іргелі зерттеулерде қолданыс табады. Алаш қайраткерлерінің идеялық бағдары тұмшаланып, тарихи саяси баға беру дәстүрімен жазылған А.К. Бочаговтың 1917–1919 жылдар аралығындағы ұлттық-буржуазиялық қозғалыс туралы «Алаш-Орда» атты қысқаша тарихи очеркі Қызылорда қаласында жарық көрді. Кезінде бұл шығын еңбекті жазған автордың тұжырымдарына қатысты (Б. Сүлейменов, М. Қозыбаев, К. Нұрпейісұлы, М. Қойгелдиев, Х. Әбжанов, Д. Аманжолова және басқа сараптамашылар тарапынан) ғылыми сараптама берілген болатын. 1925 жылы Санжар Асфендияров КСРО Орталық Атқару Комитетінің (ОАК) төрағасы А.С. Енукидзенің орынбасары және Комитеттің Төралқасы жанындағы Ұлттар істер жөніндегі бөлімнің меңгерушісі қызметіне тағайындалады. Атқару билік жанын құрылған көптеген арнайы комиссиялар мен комитеттердің қызметіне басшылық жасады немесе тікелей араласқан болатын. Мысалы, 1926

жылы Төралқа жанындағы Жұмысшы әйелдердің еңбегі мен тұрмысын жақсарту комиссиясының төрағасы және аптасына бір рет шығарылатын ОАК-ның баспа органы – «Власть Советов» журналының редакциялық алқасына мүше болды [1]. 1926 жылы қараша айында РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұлов компартия көсемдерінің рұқсатынсыз ұйымдастырған ұлт қайраткерлерінің «құпия кеңесіне» қатысады. Онда Орталық пен ұлттық республикалар арақатынасы мәселесі талқыланып, Мәскеудің шовинистік саясаты сыналған болатын. Мұнысы үшін кейін «саяси сенімсіздер» қатарында жазаға тартылады. Бірақ, дәл осы кезең С. Асфендияровтың тарихи-саяси көзқарасы бекіген болатын. Сол сияқты жұмысшы әйелдердің еңбегі мен тұрмысын жақсарту комиссиясында қызмет атқара жүріп, академик Анна Панкратовамен тығыз байланыс құрғанын пайымдауға болады. Осы кезеңде Кеңестік жүйені негіздеуде, Одақтың ұлт аймақтарында жалпы ғылыми ортаны орталықтандыру жұмысы қолға алынған болатын. Сталиндік биліктің бекуімен, кеңестік партиялық идеологиялық көзқарастар қағидасы орнықты. 1930-шы жылдардың басындағы ғылыми зерттеу тарихнамасында алаш қайраткерлерінің атқарған қызметтері «түпкілікті реакциялық» сипатта орын алды. 1950-ші жылдары тіпті тарих бетінен ысырылды десе де болады.

КСРО-ның орталық ғылыми мекемелері аясында, зерттеудің кеңестік бағытымен айналысатын Қазақстандық филиалдары ашылып, жергілікті мамандар даярлау қолға алынды. Негізінен Қазақ КСР ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми мекемелерінің көпшілігі сталиндік бесжылдықта құрылған-ды. Осы жылдары КСРО-ғы индустриаландыру және оның қорғанысын нығайтуда Қазақстанның бай пайдалы, кенді мекендерін игеру үшін, кең көлемде зерттеу жүргізу қажеттілігі артқан болатын. Бұл мақсатта республикалық ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік (Қазақ геологиялық басқармасы, Қазақ сирек металдарды іздестіру, КСРО ҒА Қазақ филиалының Геологиялық секторы, Гурьев ғылыми-зерттеу мұнай станциясы, ғылыми мекемелер мен өндірістерде ғылыми зертханалар) ұйымдар жұмыс атқарды. 1931 жылдан бастап Экономика ғылыми-зерттеу институты мал шаруашылығы саласын зерттеумен айналысады. 1935 жылы ашылған академик Вильямс атындағы Қазақ жер шаруашылығы институты да (КИЗ) ауыл шаруашылығы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысымен шұғылданды. Қазақ КСР-да қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми-зерттеулердің орны ерекше. Қазақстанда академиялық ғылыми мекемелердің қалыптасуы 1932 жылдан, яғни осы жылы КСРО Ғылым академиясының

Қазақстандық базасының құрылуымен бастау алады және БК(б)П ОК жанындағы. Маркс-Энгельс-Ленин институтының Қазақстандық филиалы (маркстік-лениндік идеяны насихаттаумен, олардың шығармаларын қазақ тіліне аудару жұмыстарымен айналысады) ашылады.

Қазақстанның академиялық ғылымының дамуына маңызды үлес қосқандардың бірі С.Д. Асфендиаров болатын. Ол КСРО ҒА филиалында академиктер А.Н. Самоилович пен Б.А. Келлермен президиум құрамына енді және оның төрағасының орынбасары қызметін атқарады. Бұл уақытта Санжар Асфендиаров Одақ ауқымындағы білім беру мен ғылыми зерттеу жұмыстарына қызу араласып, тәжірибе жинаған болатын. 1925 жылы БОАК (ВЦИК) Президиумы мүшесі және оның хатшысының орынбасары жұмысын атқарды. Ол КСРО ОАК жанындағы Шығыстану институтымен тығыз байланыс жасап, Мәскеу университетінде оқытушы қызметін бірге алып жүреді. Шетелдік Шығыс елдерінің өкілдерімен жиі кездесетін. Орыс, ағылшын, неміс, француз және шығыс тілдерін толыққанды меңгерген бірегей тұлға болып қалыптасты. 1926–1928жж. ММУ профессоры және Мәскеу Шығыстану университетінің ректоры лауазымында жұмыс атқарады.

Егер тарихшы Анна Панкратова профессор ғылыми деңгейін 1928 жылы алғанын ескеретін болсақ, Санжар Асфендиаровтың бұл мезгілде ғылыми ортада шығыстанушы ретіне танымалдығы тағы да дәйектеледі. Тіпті ол 1927 жылы Н.Н. Нариманов атындағы Шығыстану институтының директорлығы қызметіне тағайындалады. 1928-1931 жылдары Қазақ мемлекеттік университеттің тұңғыш ректоры. Профессор Санжар Асфендиаров, КСРО ҒА Қазақ филиалындағы ғылыми кеңес беру және үгіт жасау комиссиясының, тарихи-археологиялық комиссиясын, қазақ сөздігі комиссиясын басқарды, сонымен қатар Қазақ ұлттық мәдениеті ғылыми-зерттеу институтының Тарих секторының меңгерушісі қызметін атқарды. 1933 жылы оның құрамында тарих, археология, әдебиет және фольклор, тіл, бейнелеу және музыкалық-хореографиялық өнер салаларын зерттеумен айналысатын Қазақ ұлттық мәдениеті институты ашылған болатын. Осы институттың құрамында тарихи-археологиялық сектор жұмыс атқарады. Мәскеу және Ленинградтық ғалымдардың қатысуымен қазақ халқының мәдениеті тарихына қатысты материалдар жинақтауға археологиялық экспедиция жүргізіледі. Мұндай қазақ халқының рухани байлығын жинақтаушы экспедицияға белсенді қатысқан А. Диваев, А.В. Затаевич, А.Х. Марғұлан болатын. Төңкеріске дейін Қазақстандағы

археологиялық жұмыстар бойынша, материалдар жинау мен жинақтау, ескерткіштерді тіркеу және оларға сипаттама беру қолға алынған болатын. Бірақ бұл жүйелі түрде жүргізілмегендіктен Қазақстанның археологиялық картасындағы «ақтандақ» беттер айқындалды. Тарихи кезеңдермен байланыстырылып, ғылыми жоспарлы түрде ұйымдастылды және зерттеу хронологиясы ерте тас ғасырынан басталды. Қазақстанның ежелгі ескерткіштерін зерттеу саласында кеңестік археологтар ішінде алғашқылар болып археологтар М.П. Грязнов пен Б.Н. Граков 1926–1928 жылдары Қазақстанның батыс өңіріндегі қола ғасырының қорғандар тобына қазба жұмысын жүргізген болатын. Сонан соң, 1929 жылы Б.Н. Ждановтың басшылығындағы геологтар Солтүстік Қазақстан аумағында қола дәуіріне жататын мәдениеттер ошағын ашса, 1930 жылдары КСРО ҒА ИИМК және КСРО ҒА Қазақ филиалының ғылыми экспедициясы Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда А.Н. Бернштамның басшылығымен [2] зерттеу нысандары қолға алынды. 1920–1930 жылдар аралығы республикадағы тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуының алғашқы кезеңі болатын. Бұл мезгілде дәстүрлі ұғымдық қағидаттар мен маркстік тұрғыда түсіндіру тарапынан қайшылықты күрестер орын алды. 1921–1941 жылдар аралығында шыққан, тұңғыш кеңес өкіметінің «Пролетарская революция» тарихи жураналын, Октябрь революциясы және Коммунистік партия тарихы жөніндегі Комиссиясы (Истпарт) шығарды. Осымен бір мезгілде шыққан бұрынғы саяси айдауда және жер аударылған тұрғындар қоғамының «Каторга и ссылка» журналы жарық көрді. Журнал XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы Ресей тарихының қатысты деректер, құжаттар мен естеліктер жариялануымен құнды болғанмен, 1935 жылы жабылады. 1922–1941 жылдар аралығында мұрағаттық құжаттар жарияланатын «Красный архив» журналы шықты. Сол сияқты «Архивное дело» (1923–1941жж.), «Печать и революция» (1921–1930), «Новый Восток» (1922–1930жж.) журналдары шығарылды. Ғылыми әдебиеттерде Қазақстан тарихы мәселелерін зерттеуде маркстік-лениндік методологияның түпкілікті бекітілгені айшықталып отырды. Дәл осы тұста, С.М. Киров атындағы Мемлекеттік университеті, Абай атындағы Педагогикалық институты, Заң институты, Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапхана, республикалық және облыстық мұрағаттар ашылып, онда мамандар қызмет атақара бастайды. 1925 жылы партияның қоластына, оның ішінде «буржуазиялық» тарихшыларды да біртұтас біріктіруге бағытталған, «Тарихшы-марксистердің қоғамы» құрылады.



ҚазМУ ғимараты

Бұл қоғамның отандық және дүниежүзі тарихы бойынша материалдарды басып шығаратын орган ретінде, 1926 жылы «Историк-марксист» журналы шыға бастайды. 1937 жылы тарихшы-марксистер қоғамы жойылған кезде, журнал КСРО ҒА Тарих институтының басылымына айналды. Ол 1941 жылы 6-шы нөмірі шығады, одан әрі соғыстың басталуына орай, «Исторический журналмен» біріктіріледі. Оның редакциялық алқасын бұрынғы «Историк-марксист» журналының бас редакторы Е. Ярославский басқарды. 1931 жылы тарихшы-марксистер Қоғамының басшылығымен алғашқы ғылыми-көпшілік тарихи журнал «Борьба классов» жарыққа шықты. 1931 жылы И.В. Сталиннің «Пролетарская революция» журналына жолдаған хатына сәйкес, «Историк-марксист» – ғылыми ортаға бағытталған, тарихтың жалпы мәселелерін қамтитын, «Пролетарская революция» – тап күресі мен партия тарихы бойынша әдістемелік журнал, «Борьба классов» барлық мәселелер бойынша бұқаралық басылымға айналды. 1937 жылдың қаңтар айында «Борьба классов» журналының орнына, «Исторический журналдың» тұңғыш нөмірі жарық көрді. Яғни көпшілікке арналған азаматтық тарих мәселелері бойынша ай сайын шығарылды және тұрақты «Мектепті тарихты оқыту» атты бөлімі ашылды. «Исторический журнал» КСРО ҒА Тарих институтына берілгеннен кейін, ғылыми-көпшілік емес, ғылыми-академиялық басылымға айналды [3].

Осылайша, таптық идеология бекіді. Шетелдік тарихшылардың шығармалары, тарих ғылымындағы мектептер мен бағыттар жөнінде мәліметтер берді. Ресейде бұрынғы дворяндық және буржуазиялық тарих ғылымына маркстік тұрғыда өң берген 1923 жылы М.Н. Покровскийдің «Таптық күрес және орыстың тарихи әдебиеттері» кітабы мен 1927-1930 жылдары аталған ғалымның жетекшілігімен «Таптық өңдегі орыс тарихи әдебиеттері» атты екі томдық мақалалар жинағы болатын. Кезінде ол сынға да ұшырады. Тарихи оқиғаларды таптық тұрғыда түсіндіру өріс ала бастады. Ал бұл уақытта Қазақстанда біртұтас ғылыми тарихи зерттеулер жүргізілмеген болатын. 1940-1950 жылдары қазақ тарихына қатысты тарихи оқиғалардың жеке көріністері ішінара сипатталды. «Жеке басқа табыну» кезеңінде өлкенің төңкеріске дейінгі тарихына қатысты мәселелерге қалам тартылды [4]. Ел мүддесін ойлаған партия және мемлекеттік қызметкерлер, зиялы қауым өкілдері (С. Асфендияров, И. Кабулов, Г. Тоғжанов, С. Сейфуллин, О. Жандосов, А. Самойлович) өздерінің хал-қадірінше қазақ тарихына ат салысуды парыз санады. Кейін олардың еңбектері тарихнамадан орын алды. Мұндай қадамға 1920 жылдары Қазақ республикасының құрылуы, этносаяси шекараның айшықталуы, қазақ халқының орналасу аймағының айқындалуы түрткі болды және жол ашты. Тарихи тақырыптарға арналған баспасөз беттерінде мақалалар жарияланып тұрды.



Алматы қ. Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі үйі.

Қазақ тарихына қатысты олардың баяндамалары көпшілік қауымның қызығушылығын тудырды. Қазақтың тапсыз қоғамы мен Қазақстандағы кеңес үкіметінің заңсыздығы жөніндегі «теориясын» насихаттаушы мектеп те кең өріс алған болатын. Яғни, 1920–1930 жылдың аралығы қазақ тарихын таптық тұрғыда түсіндіру мектебі де басымдық ала бастаған мезгіл. 1930 жылдың ортасынан бастап, қазақ халқының тарихына қатысты Михаил Порфирьевич Вяткин ізденістер жүргізді. Ол – Қазақстанның төңкеріске дейінгі деректану саласына өз үлесін қосқан бірегей тұлға. Оның тырнақалды еңбектерінің бірі, 1936 жылы «Путевые записки лекаря Зибберштейна», «Сказки XVIII в. как источник для истории Казахстана». Оның жетекшілігімен және белсенді кірісуімен жазылған, екі томдық «Қазақ КСР тарихы бойынша материалдар жинағында» қызықты да ауқымды мұрағаттық деректер ғылыми айналымға қосылды. 1920–1930 жылдары Ресей империясының сыртқы саясатын бағалауға қатысты, кеңестік тарих ғылымында М.Н. Покровскийдің «сауда капитализмі» тұжырымдамасы басылымдылыққа ие болды. Мұндай помещиктер мен саудагерлер мүддесі тұрғысынан қарастырылған тұжырымды А.М. Панкратова, М.В. Нечкина сияқты және басқа да оның шәкірттері қолдаған болатын. Аталынған тұжырым бойынша Ресей империясы құрамына өзге халықтардың қосылуы, патша өкіметінің отарлық саясаты мәнінде қарастырылды, сондықтан да бұл саясаттың тіршіліктегі және әскери нысандары да өзге халықтарға жасалынған «шегіне жеткен қаскөйлік» ретінде бағаланды. 1933 жылдың желтоқсан айында Қазақстандағы Марксизм-ленинизм ғылыми зерттеу институтында алаш қозғалысына қатысты өткізілген ғылыми талқылау қорытындысы бойынша, Алшорданың ұлттық азаттық органы ретінде және 1917 жылғы қазан төңкерісіндегі ұлттық буржуазияның алған орны мен рөлі теріске шығарылды. Ресейге қосылу үрдісінің негізгі қозғаушы күші – экономикалық фактор болып есептелінді, сауда капиталы, өтімді нарық пен шикізаттың жаңа көздерін іздестіру. М.Н. Покровский Ресейдің Орта Азияға жылжуын, күштеп жаулап алу ретінде қарастырды. Осылайша, «Түркістан нысаналы түрде орыс отарына айналды» деген қорытынды жасайды. Өзге тарихшылар тарапынан М.Н. Покровскийдің «шегіне жеткен қиянат» тұжырымы сынға ілігеді.

Идеологиялық күрес қатар жүрді. Тек 1960 жылдардың ортасында ғана қуғын-сүргінге ұшырағандар шығармалары ақталып, олардың тарихи әдебиеттері мен тарихнамалық көзқарастарын жүйеге келтіру талпынысы жасалды [5].



Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сборник I (V в. до н.э. - XVIII в. н.э.). Под редакцией профессора С.Д. Асфендиарова и профессора П.А. Кунте. Казакское краевое издательство. Алма-Ата. 1935.

1935 жылы шыққан тарихи деректер кең көлемде пайдалана талданған тұңғыш толыққанды ғылыми еңбек «Қазақстан тарихы (ежелгі кезеңнен 1917 жылға дейін)» очеркінен бұрын, С.Д. Асфендиаров пен неміс профессоры, коммунист-иммигрант П.А. Кунте редакциясымен бірлескен Қазақстанның өткен тарихына қатысты деректер мен материалдар жинағы басылымнан шығады. Оның 2-ші томы 1936 жылы шығады. Бірақ бұл жинақ ғылыми айналымнан шығарылып, тіпті 1938 жылы тиым салынады және құпия кітаптар қоймасынан орын алады. 1936 жылдан бастап Тарихи-археологиялық сектор Тарих секторы болып өзгертіледі.

Бұл Сталиндік «партия ұсынады, халық сайлайды!» ұранымен басталып кеткен, партия мүшелері құрамын «халық жауларынан» тазарту кезеңі болатын. 1936 жылы Сталин, Киров және Жданов «КСРО тарихы бойынша оқулық конспектісі» ескертпесінде орыс патшалығы «халықтар түрмесі» және «халықаралық жандарм» ретінде сипатталған болатын. Қазақ тарихында шағын болғанмен де тарихтан орын алған, 1936 жылы Қазақ Өлкелік баспасы шығарған С. Асфендиаровтың «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі» еңбегі. Он бөлімнен тұратын бұл еңбектің идеялық маңызы өзекті. Сонымен қатар «Қазақстан – патшалы Ресейдің отары», «1916 жылға дейінгі қазақ бұқарасының азаттық үшін күресі», «Миссионерлік-ағартушылық саясат», «Көтеріліс пен қазақтарды жаппай мобилизациялау кезіндегі байлар мен ұлттық интеллигенцияның рөлі», «Тыл» жұмысындағы кедейшілік және басқа тараулар тақырыптарының өзі, ол кезең үшін батыл іс-қимыл болса, қазіргі кезеңде зерттеу тақырыбы нысандарын белгілеп беріп отыр. Патшалы Ресейді әлемдегі ең ірі отарлаушы империя ретінде ашық мәлімдей отырып, деректермен негіздеуі, ігелі ғылыми зерттеудегі алға ұмтылыс болатын.

Араға жыл салмай, 1937 жылы «КСРО тарихы бойынша орта мектептің

3 және 4 сыныптарына арналған үздік оқулығына арналған байқау бойынша үкіметтік комиссиясы қазылар алқасының Қаулысында» [6] Ресей құрамына қосылған өзге ұлттардың қосылуына қатысты біржақты баға берілуіне келіспейтіндіктерін білдірді. Олар мұндай ұзақ тарихи үрдісті жаулап алу көзқарасымен ғана қарастыру дұрыс еместігін айтады. Сонымен бірге Украина мен Грузияның Ресейге қосылуы мәселесін қозғай отырып, оны Ресей тарапынан жасалған «шексіз қастандық» деуге келмейтіндігін айтады. Оқулық авторлары оқиғаларды нақты тарихи жағдайларға қатыссыз алғандығы көрсетіледі. Мысалы, Грузия алдында Парсы шахына немесе Түрік сұлтандығына жұтылу, ал Украина алдында пандық Польша немесе Түрік сұлтандығына жұтылу немесе Ресей өкіметіне өту таңдау баламалары алдында тұрғаны ескерілмегенін алға тартты. Осындай жағдайда бұл халықтардың Ресей құрамына қосылуы басқа мемлекеттердің билігіне өтумен салыстырғанда, болмашы қастандық болып табылатынын көрсетті.

Мұнан кейін, 1937 жылы сталиндік жаңа «төменгі ауқымды қаскөйлік» тұжырымдамасын жасау басталды. Қазақстанның Ресейге қосылуы мәселесін зерттеуге және «төменгі ауқымды қаскөйлік» тұжырымын жасауға М.П. Вяткин және Н.Г. Аполлова үлкен үлес қосты және алғашқы ғылыми айналымға қосқан М.П. Вяткин болатын. 1939 жылдың мамыр айында Ленинградта КСРО ҒА Қазақ филиалымен біріге отырып, Қазақстан тарихы бойынша 4 томдық оқулық жазуға кіріседі. I және II том бойынша тарау авторлары бекітілді. Ол бойынша «Қазақ ақсүйектерінің орыс бодандығын қабылдауы» тарауы Н.Г. Аполловаға бекітілді. Оның ойынша, XVIII ғасырдың басында қазақ қоғамында оларды Ресеймен жақындауға қажеттілікке әкелген объективті жағдай қалыптасқан. Н.Г. Аполлова өзіне жүктелген «Орыс бодандығын қабылдау» тарауының жоспарын құрады: «XVIII ғасырдың 20-жылдары Жоңғарлармен күрестің ушығуының әсерімен, старшиналардың Ресейге көзқарасының өзгеруі. Бұл күресте қазақ ханы Тәукенің Ресейден көмек іздеуі және қазақ сұлтандары Қасым мен Әбілқайырдың орыс бодандығын қабылдауға талпыныс жасауы» [7]. Н.Г. Аполлова Хандық биліктің әлсіреуі, «қаралар» санының өсуі, Жоңғармен күрестің ушығуы мен түркімен, Бұқара, Хиуамен қарым-қатынастардың шиеленісуіне байланысты, Кіші жүз ханы - Әбілқайырдың Ресейге мойын бұруына тура келгенін негіздейді. Бұл жерде Әбілқайыр хан мен Бөкенбай батырдың рөлі, және Кіші жүздің старшиналары мен халықтың түрлі топтарының Ресей бодандығына қатынасты көңіл-күйлері көрсетіледі.

Н.Г. Аполлова қазақтарды орыстардың бодандауын патша өкіметінің қазақ даласын отарлауы және өздерінің әсерін нығайту бағытында жасалған үрдіс ретінде (И.И. Крафт бойынша) қарастыруды, қате көзқарас ретінде қабылдайды. Және Қазақтардың Ресейге бодандануын – «төменгі ауқымды қиянат», Ресейге қарағанда артта қалған ел ретінде, Жоңғарларға жұтылу немесе Ресей бодандығын қабылдау арқылы, алға жылжудың үлкен мүмкіндік жолдарына шығу» баламалы таңдау алдында болғандығын алға тартады. Жалпы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері бойынша зерттеу жұмыстарын талдау, әр кезеңде қарама-қайшылықтар мен пікірталасқа ұласып отырды. М.П. Вяткин мен Н.Г. Аполлова Қазақстанның Ресейге қосылуының алғышарттары, барысы және нәтижесін жан-жақты зерделеуге мәселені кең ауқымды қарастыру мақсатын қойған-ды. Қазақстандағы антропология, археология, этнография, демография, тарих, социология, саясаттану және басқа ғылыми білімдер толыққанды тәуелсіздік алған 1991 жылға дейін, «Орталық» жоспары мен нұсқауы төңірегінде ғана жұмыс атқарды. Дегенмен, 1940 жылы КСРО ҒА Қазақ филиалы Хабаршысында жарық көрген М. Вяткиннің «XVIII ғасырдың ортасындағы Қазақ қоғамы» атты еңбегі өзекті және заманауи кезеңде де тарихшылардың сараптамалық айналымнан шыққан жоқ. 1941 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы құрамында Тіл, әдебиет және тарих институты құрылып, оның өмірге келуіне Н.Т. Сауранбаев (институттың бірінші директоры), Әлкей Марғұлан, С. Аманжолов сияқты ғалымдар ат салысты. 1937 жылы С. Асфендиаровқа «халық жауы» ретінде негізсіз айып тағылған болатын. Бұған дейін қазақ интеллигенциясының бірінші толқыны Алаш




партиясының өкілдері (Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов және басқалар) қуғынға ұшыраған-ды. «Қазақстан тарихы (ежелгі кезеңнен 1917 жылға дейін)» очеркінің екінші бөлімін аяқтауға мұрша берілмейді және оның қолжазба нұсқасы із-түссіз жоғалады. С. Асфендиаров 1912 жылы Петербург әскери-медициналық академиясын тамамдаған-ды. Шығыс тілдерімен қатар, орыс, ағылшын, неміс, француз тілдерін меңгерді. Ол 1926-1928 жылдары Мәскеу университетінің профессоры, Мәскеудегі

Шығыстану институтының ректоры, 1928–1931 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік университетінің тұңғыш ректоры (тарих кафедрасы меңгерушісі қызметін қоса атқарды). XX ғасыр басында М. Тынышбаев, Т. Рысқұлов, С. Аспандияров, Г. Сафаров, С. Сәдуақасов, Ә. Бөкейханов, М. Шоқай, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов және басқа да зиялылардың қазақ тарихы мен мәдениеті, тарихи танымы мен тағылымы аясындағы ой-тұжырымдары мен ізденістері академиялық отан тарихының қағидалық негізіне әсер етуші фактор болып қалыптасты. С.Ж. Аспандияров 1931–1933 жылдары Қазақ АКСР денсаулық сақтау халық комиссары және халық ағарту халық комиссарының орынбасары қызметін атқара жүріп, республикада жоғары оқу орындарын құруға бастама жасайды. Қазақстанның академиялық ғылымын дамытуға маңызды үлес қосады. Аса мән беруге тұрарлық, 1935 жылы Қазақ Халық-ағарту Комиссариты Оқуәдістемелік бөлімінің Қазақ халқы тарихы мәселелері «Конспекты для учебника по истории Казахстана для средних школ» бойынша даярлаған сызбалық жобадан патша өкіметінің отарлау саясатының мәнін ашуға негізделгені көрініс тапқан. Онда: Патша өкіметінің халықтар түрмесі ретінде: жерді отарлау, құқық нормаларымен санаспау, қазақ ұлтшылдығының халыққа жат мәнін ашу, сайлау жүйелеріндегі мәдениетсіздік (пәре алу, бір-бірін айдап салу, алдап-арбау), ұлт аралық өшпенділікті қоздырмау, қоныс аудару саясаты, Қазақ АКСР-ның құрылуы және Ортазиялық межелеу (1920–1925жж.), Қазақстан социалистік қайта құрылыстар мен 1925–1933жж. Ұлы бетбұрыс кезеңі, Қазақстанның 1933–1935жж. қайта өрлеуі және басқа. Мәтінді құрастыру Тимофеев, Брайнин, Кабуловтарға жүктелген. Қазақстандағы бүкіл ұлт-азаттық көтерілістердің тарихын жазу: Асфендияров, Вяткин, Алманов, Хокolkовтарға жүктелген (ҚР ОММ. 81-қор, 3-тізбе, 800-іс, 1-42пп.). Қазақ тарихи білімінің қалыптасу кезеңінде, оған кеңес үкіметі тарапынан жасалған қиянат жөніндегі профессор Б. Берлібаевтың пайымдары мен еңбегін атап өткен жөн. С. Асфендияровтың ұлт-азаттық көтеріліс тақырыбын жазуға мүмкіндік болған және «сабақты ине сәтімен» келген уақыт болса керек. Кейін қуғын-сүргінге ұшыраған Санжар Аспандияров, 1956 жылы ақталғаннан кейін де, оның тарихи-рухани мұралары арнаулы қоймада сақталынады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ішінара С.Ж. Асфендияров жөнінде газет, журнал беттерінде мақалалар және Қазақ энциклопедиясына материал жарияланады. 1989 жылы ғалымның 100 жылдығына шағын жинақ шығарылды. Ал 1993 жылы профессор

А.С. Тәкеновтың жалпы редакциясымен С.Ж. Асфендиаровтың кітабы екінші, 1998 жылы үшінші рет баспадан жарық көреді [8]. С.Ж. Асфендиаровтың басты тұжырымы Орталық және Орта Азия халықтары өте ерте кезеңде аң және балық аулау, жабайы аңдарды қолға үйретіп, ауыл шаруашылығын меңгерген кезеңде-ақ, алғашқы қауымдық қоғамдық даму сатысынан өтіп кеткендігін алға тартады: «...Кочевое скотоводство представляет собой уже такую форму хозяйства, которая образовалась в силу общественного разделения труда на земледелие и скотоводство это могло произойти на том уровне, при котором уже обладал значительными средствами производства». Сонымен қатар көшпелі халықтар феодализмінің ерекшелігі ретінде көптеген рулық қалдықтар мен оның сақталуын атап өтеді. Көшпелі халықтарда рулық құрылыс немесе «тайпалық мемлекет» ғана өмір сүрді деген пікірді теріске шығарады. Кітаптың кейбір мазмұны социализм идеясы төңірегінде бүгінгі өлшеммен қателіктерге құрылса да, қазақ тарихын әлемдік тарихтағы маңызды орны бар Орталық және Орта Азия тарихындағы «көшпелі халықтың» мәселелерімен байланыстыра қарастырған алғашқы ғылыми еңбек болатын. С.Ж. Асфендиаров жүздеген жылдар «көшпелі халықтардың» басқа елдер тарихындағы (Орта Азия, Қытай, Таяу Шығыс, Орыс және басқа) атқарған маңызды рөлін көрсетуге ұмтылыс жасайды. «Халық» ұғымының өзін биологиялық емес, әлеуметтік түсінік ретінде қарастыруды ұсынады. Әрине субъективті ойлары да орын алған (мысалы, М. Тынышпаевқа қатысты). «Қазақстан тарихы (ежелгі кезеңнен 1917 жылға дейін)» очеркінде шартты түрде патшалыққа дейінгі және Қазақстан – Ресей империализмінің отары ретінде бөліп, қазақ тарихының тәуелсіздік кезеңін, отарлық даму кезеңі және кеңестік кезең түрінде береді. Дәл осы кезеңделу 1943 жылғы М. Әбдіхалықов пен А. Панкратованың жалпы редакциясымен шыққан «Қазақ КСР тарихында» негізге алынды. КСРО Ғылым академиясының Тарих институты 1940 жылы XVIII–XIX ғасырларға қатысты «Қазақ КСР тарихы бойынша материалдар» жинағын жарыққа шығарса, 1941 жылы Қ(б)КП ОК жанындағы МЭЛИ Қазақстандық филиалының ғылыми қызметкерлерінің қатысуымен (Н. Тимофеев, М. Ахинжанов, Н. Бураханов, Т. Губа, О. Кузнецова) жоғары мектепке арналған Қазақ КСР бойынша оқу құралы шығады. Бұл еңбектер таптық тұрғыда жазылғанмен де, кейбір тұстарда сол кезеңге қатысты мәліметтердің зерттеушілер үшін маңызы зор. Қазақстандағы ғылыми ойдың қалыптасуы мен насихатталуы бойынша мамандар арасында жергілікті

ұлт өкілдерінің салмағы кемшім болғанына қарамастан, осы жылдары республикада отыздан аса ғылыми-зерттеу ұйымдары жұмыс атқарды. Бұл республикада ғылыми әлеуеттің дамуындағы алғашқы қадамдар болатын. КСРО ҒА-ның Қазақ филиалының Тіл, әдебиет және тарих институтына қатысты, Қазақ КСР Халық комиссарлар Кеңесінің 1944 жылғы 6 желтоқсандағы 689-шы Қаулысына сәйкес, 1945 жылдың 14 тамызы күні өткізілген КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалы Президиумының отырысы болып өтті.



Оның шешімі бойынша Тарих, этнография және археология институты мен Тіл және әдебиет институты жеке өз алдына шаңырақ көтерді. 1960 жылдың 26 желтоқсанындағы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1080-ші Қаулысына сәйкес, 1961 жылдың 31 қаңтарындағы Қазақ КСР ҒА Президиумының қаулысымен – Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институтына Ш.Ш. Уәлиханов есімі берілді. 1940-1950 жылдары қазақ елінің революцияға дейінгі тарихы мен қазақ халқының этногенезі мен мемлекеттіліктің қалыптасуы, қоғамдық ойлар тарихы, Қазақстанның Ресейге қосылуы, өлкедегі ұлт-азаттық көтерілістер сипатына қатысты маңызды мәселелерді зерделеу қолға алынған болатын. Мұндай өзекті тақырыптарды мойнына алған алғашқы толқындар – М.П. Вяткин, Н.Г. Апполова, Е.Б. Бекмаханов, Т.Е. Елеуов, А.Х. Марғұлан, С.Н. Покровский, Б.С. Сүлейменов, В.Ф. Шахматов, С.В. Юшков және басқалар болатын. М.П. Вяткиннің төңкеріске дейінгі Қазақстан тарихын зерделеген, «Қазақ КСР тарихының очеркі (ежелгі кезеңнен 1870 жылға дейін)», 1941 жылы жарық көрді. Мұнда Қазақстан тарихы бойынша әдебиеттер мен деректерге сыни шолу жасалды, ізденісті қажет ететін зерттеу жұмыстарының бағыттары берілді және тарихи үрдістің жаңа кезеңделуі ұсынылды. Кітаптың тағы ерекшелігі, автор Қазақстанның Ресейге қосылуын еркін және күштеу сипатын да теріске шығарды.

XVIII ғасырдың 30-40-шы жылдардың басында қалыптасқан сыртқы саяси және ішкі жағдайларға нақты талдау жүргізе отырып, М.П. Вяткин белгілі бір тоқтамға келеді: «Қазақстан алдында Ресейге немесе Жоңғар бодандығын таңдау баламасы тұрды» [9, 131-132]. Сонымен бірге жасалған бұл таңдауды былайша негіздейді: Ресей

боданы болу – бұл алға жылжудың мүмкіндігі, Жоңғар боданы болу – бұл артта қалу. Сондықтан да «Қазақстанның, XVIII ғасырдың 30-жылдарындағы нақтырақ айтқанда, оның солтүстік-батыс бөлігінің Ресейге бағынуын шегінен шыққан емес, төменгі ауқымды жасалған қиянат ретінде, баға беру керектігі» жөнінде пайым жасаған болатын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Толығырақ қараңыз: Санджар Джафарович Асфендиаров. Материалы к биобиблиографии. Сост.: Р.Б. Сүлейменов, Х.М. Абжанов. – Алма-Ата, «Наука» АН КазССР, 1989; Асфендиаров С. История Казахстана (с древнейших времен).-3-е издание. Под ред. проф. А Такенова. – Алматы, «Санат», 1998; Асфендиаров Санжар. Шығармалары. Төрттомдық шығармалар жинағы (Құрастырушы және баспаға даярлаған, жауапты шығарушылар: Х.М. Әбжанов, А.Ә. Жүнісбаев). – Алматы: «Ел-шежіре», 2014ж. – 224-бет.
2. Бернштам А.Н. Памятники старины Таласской долины. – Алма-Ата, 1941 // «Известия АН КазССР», серия археологическая, 1948, вып. 1; Древний Отрар // «Известия АН КазССР», серия археологическая, 1948, вып. 3 және басқалар.
3. Вайнштейн Л.О. Романтическая историография в Германии (1940); И. Зильберфарб. Фашистские фальсификаторы истории Французской революции (1939); А.Л. Сидоров. Исторические взгляды Н.А. Рожкова (1929); Д.З. Мануильский. О положении и задачах исторической науки по проблемам Запада (1931); Ф. Гурьевич. Средневековая немецкая империя в фашистской историографии (1936); А. Бокшанин. Первые шаги исторической науки (древнегреческие историки V в. до н.э). 1940; Е. Косминский. Фашистская фальсификация истории средних веков (1942); К. Волков. Фальсификация истории японского средневековья военно-фашистской кликой (1938) // Вопросы истории. № 1, 1956г., с.4-5 және басқа.
4. «История Казахской ССР». – Алма-Ата, 1943; Панкратова А.М. Основные вопросы истории Казахской ССР // «Большевик Казахстана», № 10, 1943; М.П. Вяткин. Очерки истории Казахской ССР. – Алма-Ата. 1941; Е.Б. Бекмаханов. Некоторые итоги и очередные задачи историков Казахстана // «Вестник АН КазССР», 1947, № 10.
5. Нусупбеков А.Н. Развитие исторической науки в Казахстане за годы Советской власти. // «Известия АН КазССР. Серия истории, археологии и этнографии. Вып. 2. 1958; С.Н. Покровский, Нусупбеков А.Н., Шахматов В.Ф. Историческая наука в Казахстане в советский период // «Наука в Казахстане за 40 лет

- Советской власти». – Алма-Ата. 1957; Развитие исторической науки в Казахстане // «Наука Советского Казахстана. 1920-1960». Алма-Ата. 1961; Нусупбеков А.Н. О разработке истории социалистического и коммунистического строительства в Казахстане // «Историография социалистического и коммунистического строительства в СССР». – М., 1962г.
6. КСРО тарихы бойынша орта мектептің 3 және 4 сыныптарына арналған үздік оқулығына арналған байқау бойынша үкіметтік комиссиясы қазылар алқасының Қаулысы //«Правда» газеті. 22 тамыз 1937 жыл.
 7. РҒА РТИ СПб филиалы мұрағаты. 267-қор, 1-тізім, 40-іс.4-п.// Дюсебаев Н.К. Актуальные проблемы истории Казахстана в трудах М.П. Вяткина. // Вестник Томского государственного университета. 2012. № 4(20). – С. 58–59
 8. Санджар Джафарович Асфендиаров (Материалы к биобиблиографии). Составители: Р.Б. Сулейменов, Х.М. Абжанов. – Алма-Ата, изд. «Наука» Ан КазССР, 1989; С.Д. Асфендиаров. История Казахстана (с древнейших времен), 2-ое издание. Под ред. проф. А.С. Такенова: Учебное пособие. – Алма-Ата, «Қазақ университеті», 1993. – 304с.
 9. Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. – М.: Л. 1941. – С.368

Авторларға арналған нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1.1. ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ-де шығатын «Қоғам және Дәуір» ғылыми-сараптамалық журналында қазақ тіліндегі ғылыми мақалалар жарияланады.

1.2. Журналдың Интернет-сайттағы мекенжайы – www.kaziss.kz, kisi.kz.

2. Қолжазбаны беру тәртібі

2.1. Редакциялық алқа мақаланы журналға жариялауға шешім шығаруы үшін, авторлар редакцияға:

- мақаланың қолжазбасын;
- сырттан 1 пікір ұсынуы керек.

2.2. Редакция электронды пошта арқылы editor@kisi.kz мекенжайына жіберілген мақаланың қолжазбасын қабылдап, қарастырады.

Мақала мәтіннен, қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі аннотациялардан, суреттер, кестелер, әдебиеттер тізімінен тұрады және олар бір файлда рәсімделеді.

Жеке бетте авторлар, сондай-ақ редакциямен хат алмасуға жауапты автор жөнінде мәліметтер (аты-жөні, тегі, байланыс телефоны, электронды поштасы) көрсетіледі.

3. Қолжазбаны рәсімдеуге қойылатын талаптар

3.1. Мақалалардың көлемі:

- **эксперименттік мақала** 8 беттен 20 бетке дейін, 4-6 суреттен (кестеден) тұруы;
- аннотациялар, кестелер, суреттер мен әдебиеттер тізімін қоса алғандағы **шолу сипаттындағы мақаланың** көлемі 15-35 беттен, суреттер немесе кестелердің саны тоғыздан аспауы (3 сурет 1 бет болып есептеледі);

- **теориялық мақала** 10 беттен 20 бетке дейін, 4-6 суреттен (кестеден) тұруы керек.

3.2. Мәтіндік файлдар Word форматында (6.0 және ең соңғы нұсқалары), Times New Roman қарпімен, 14 pt көлемінде, 1.0 жол аралығында басылуы қажет.

3.3. Ғылыми мақалалар төмендегідей бөлімдерді қамтуы тиіс:

Кіріспе – соңғы он жылда жүргізілген зерттеу тақырыбына ұқсас немесе жақын отандық және шетелдік еңбектер қарастырылып, қойылған мәселе қысқаша баяндалады, зерттеудің мақсаты тұжырымдалады.

Зерттеудің әдістері – жаңа әдістер кеңінен сипатталады; бұрын жарияланған және белгілі әдістерді авторы мен/немесе әдістің атын көрсетіп, әдебиеттер тізімінде беру жеткілікті.

Зерттеудің нәтижелері – негізгі теориялық және эксперименттік нәтижелер, нақты мәліметтер, табылған өзара байланыстар мен заңдылықтар беріледі. Бұл ретте қолданыстағы теорияларды, сондай-ақ практикалық мәні бар мәліметтерді теріске шығаратын жаңа нәтижелер мен жаңалықтарға басымдық беріледі.

Нәтижелерді талқылау – отандық және шетелдік үздік баламаларымен салыстыру жүргізіледі. Зерттеудің пікірталас тудыратын тұстары мен автордың оларды шешу көзқарасы суреттеледі.

Қорытынды – жұмыстың нәтижелерін шығару, жаңашылдығы мен өзектілігін негіздеу, алынған нәтижелерді қолдануға қатысты ұсыныстар.

Зерттеудің қаржыландыру көздері – ведомство, қорлар мен жекелеген адамдар және тағы басқалары әдебиеттер тізімінің алдында беріледі. Қаржыландыратын ұйымдардың атаулары толық жазылады.

Әдебиеттер тізімі мәтінде көрсетілген сілтемеге сәйкес нөмірленеді. Библиографиялық мәліметтер 7.1-2003 мемлекеттік стандартына сәйкес рәсімделеді.

Ескерту. Әдебиеттер тізіміне нормативтік құжаттар, статистикалық жинақтар мен газет мақалалары кірмейді. Олар мәтінде көрсетілген жерде дөңгелек жақшаға алынып жазылады. Электрондық журналдардан басқа интернет-сайттарға сілтеме жасауға болмайды. Өзіне сілтеме жасау жалпы тізімнің 20-30 пайызынан аспауы керек. 10-15 жылдан бұрынғы әдебиет көздері тізімнің ауқымды бөлігін құрауы тиіс, әсіресе қолданбалы сипаттағы мақалалар үшін.

3.4. Кестелер араб сандарымен нөмірленіп, тақырыбы көрсетіледі. Баған тақырыбында сандық өлшемдері (бірліктер) қойылуы керек.

3.5. Суреттер (кестелер, сызбалар және т.б.) қара бояумен орындалуы керек. Түрлі түсті иллюстрациялар материалдың түсінікті болуы үшін ғана алынады. Суреттерге қысқаша тақырыптық түсіндірме беріледі. Суреттердің тақырыптары иллюстрациялар ішінде орналастырылмайды. Графика типтеріне қарамастан, дюймі 600-ден төмен емес, рұқсаты бар суреттер алынады. Суреттердің ең үлкен көлемі – 120 × 210 мм. Сканерден өткізілген немесе Интернеттен алынған графикалық материалдар басуға жіберілмейді.

1. Қолжазбаның құрылымы

Қолжазба төмендегідей тәртіпте беріледі:

- 1) **ғылыми-техникалық ақпарат мемлекетаралық рубрикаторы коды (МҒТАР)** бірінші беттің сол жақ жоғарғы бұрышына қойылады;
- 2) **авторлардың аты-жөні, тегі;**
- 3) **жұмыс орнының – мекеме, қала, елдің атаулары;**

Ескерту: мақалада бірнеше автор болса, келесі тәртіппен рәсімделеді:

Д.К. Тоқтаров¹, Е.М. Жұмағұлов¹, Д.Б. Айдарбекова², С.Н. Дәрібеков³

¹Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (Қарағанды қ., Қазақстан)

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ., Қазақстан)

³ Nazarbayev University (Астана қ., Қазақстан)

4) **Мақаланың тақырыбы** мейлінше қысқа, ақпараттық сипатта және қысқартусыз болғаны дұрыс;

5) **Мақаланың аннотациясы** мақала жазылған тілде беріледі.

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРДЫҢ АННОТАЦИЯЛАРЫ

Негізгі талаптар

Авторлық түйіндеменің негізгі мақсаты мен міндеттері

Авторлық түйіндеме ғылыми сипатқа ие үлкен жұмыс көлемінің қысқаша түйіндемесі болып табылады. Оқырман мақаланың аннотациясынан зерттеудің мәнін түсінуі керек.

Авторлық түйіндеменің құрылымы, мазмұны мен көлемі

Авторлық түйіндемеде жұмыстың мәнді фактілері баяндалады. Мақаланың құрылымын қайталайтын (кіріспе, жұмыстың мақсаты мен міндеттері, әдістері, нәтижелері мен қорытындыдан тұратын) аннотацияның құрылымына рұқсат етіледі.

Жұмыстың нәтижелері мүмкіндігінше дәл және ақпараттық тұрғыда сипатталуы керек. Негізгі теориялық және эксперименттік нәтижелер, нақты мәліметтер, табылған өзара байланыстар мен заңдылықтар келтіріледі. Бұл ретте қолданыстағы теорияларды, сондай-ақ практикалық маңызы бар мәліметтерді теріске шығаратын жаңа нәтижелер мен жаңалықтарға басымдық беріледі.

Қорытындыда мақалада сипатталған ұсыныстар, пікірлер мен болжамдарды келтіруге болады. Авторлық түйіндемеде мақаланың тақырыбындағы мәліметтер қайталанбауы керек және жалпылама сөздерді қолданбаған дұрыс (мысалы, мақала авторы ... қарастырады). Сондай-ақ онда құжаттың негізгі мазмұнын құрмайтын тарихи анықтамалар, бұрын жарияланған және белгілі ережелер берілмейді.

Авторлық түйіндеменің мәтіні қысқа әрі дәл және екінші реттік ақпараттан, жалпылама сөздерден, мәні жоқ тұжырымдардан ада болуы керек.

Авторлық түйіндемеде басылым нөміріне (мақаладағы әдебиеттер тізіміне) сілтеме жасалынбайды. Авторлық түйіндеме мәтінінің көлемі басылым мазмұнына сәйкес анықталады (мәліметтер көлемі, олардың ғылыми құндылығы мен/немесе практикалық маңызы), бірақ 120-150 сөзден кем болмауы тиіс.

6) кестелер, суреттер, әдебиеттер тізімінен тұратын **мақала мәтіні**.

7) **мақала туралы өзге екі тілдегі мәліметтер** (авторлардың аты-жөні, тегі, тақырыбы, түйіндеме, кілт сөздер).



Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 16 маусымдағы Жарлығымен құрылған. 2014 жылдың сәуір айынан ҚР Президентінің Жарлығымен Астана қаласына көшірілді.

Қазақстан Республикасының Президентінің жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының құрылған күнінен бастап оның негізгі мақсаты — мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде Қазақстан Президентінің және елдің басқарушы органдарының қызметін ғылыми-талдаулармен қамтамасыз ету.

ҚСЗИ кәсіби ғылыми-талдау орталығы болып табылады. Дүниежүзілік талдау орталықтарының индекс-рейтингі қорытындысы бойынша ҚСЗИ қауіпсіздік, қорғаныс және сыртқы саясат салалары бойынша үздік топ-100 қатарына енген. Институт ең үздік мемлекеттік «ақыл» орталықтарының қатарына еніп, әлем бойынша 57-ші орынды иемденген.

Қазіргі таңда институтта саясаттану, тарих, экономика және әлеуметтану секілді салалардың таныма мамандары саналатын – ҚР ҰҒА екі мүше-корреспонденті, сегіз ғылым докторы мен кандидаты, бір Ph.D қызмет атқарады.

ҚСЗИ өзінің 24 жылдық қызметі барысында институт сарапшыларының қатысуымен халықаралық қатынас, ғаламдық және аймақтық қауіпсіздік мәселелері бойынша 250-ден астам кітап басып шығарған. Институт үш мерзімді ғылыми-сараптамалық журнал басып шығаруда: «Қоғам және Дәуір» тоқсандық ғылыми-сараптамалық журналы, «Казakhstan-Спектр» тоқсандық ғылыми журналы және «Central Asia's Affairs» тоқсандық сараптамалық журналы (ағылшын тілінде). Үш тілде жүргізіліп отыратын сайты және Facebook әлеуметтік желісінде өз парақшасы бар.

Институт өзінің негізгі зерттеу бағыттары бойынша семинарлар, ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер, халықаралық форумдар өткізіп отыр. Сарапшылар арасында Орталық Азия аймағының қауіпсіздігіне арналған ҚСЗИ-дың 2003 жылдан бері өткізіліп келе жатқан жылсайынғы конференциясы қызығушылық тудырып келеді.

ҚСЗИ-дың ғылыми басқосуларына Қазақстан өңірлерінің сарапшылары ғана емес, сонымен қатар, Орталық Азия елдерінің, АҚШ-тың, Германияның, Жапонияның, Иранның, Қытайдың, Ресейдің, Түркияның, Францияның және басқа да мемлекеттердің ғалымдары белсене қатысады.

ҚСЗИ негізінде Қазақстанның жетекші жоғарғы оқу орындарының студенттері мен шетелдік сарапшылар үнемі тәжірибеден өтіп отырады.

Бүгінгі таңда институтта қызметкерлердің кәсіби және ғылыми өсулері үшін барлық қажетті жағдайлар жасалынған.

ҚСЗИ туралы толық ақпаратты төмендегі мекен-жайдан алуға болады:

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана,
Бейбітшілік көшесі, 4
Тел.: +7 (7172) 75-20-20
Факс: +7 (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz, www.kaziss.kz



Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан

Казахстанский институт стратегических исследований (КИСИ) при Президенте Республики Казахстан создан Указом Президента Республики Казахстан 16 июня 1993 года. В апреле 2014 года Указом Президента Республики Казахстан КИСИ был передислоцирован в город Астану.

С момента своего возникновения основной задачей Казахстанского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан как государственного научно-исследовательского учреждения является научно-аналитическое обеспечение деятельности Президента Казахстана, руководящих органов страны.

КИСИ является профессиональным научно-аналитическим центром. По итогам Всемирного индекс-рейтинга аналитических центров (http://repository.upenn.edu/think_tanks/10/) КИСИ вошел в топ-100 лучших исследовательских центров в сфере безопасности, обороны и внешней политики. Институт вошел в список лучших государственных «мозговых» центров, заняв 57-е место в мире.

В настоящее время в институте работают два члена-корреспондента НАН РК, восемь докторов и четыре кандидата наук, один Ph.D – специалисты в области политологии, истории, экономики, социологии.

За 24 года деятельности институтом было издано более 250 книг по международным отношениям, проблемам глобальной и региональной безопасности. В КИСИ издаются три журнала: «Қоғам және Дәуір» (на казахском языке), «Казахстан-Спектр» (на русском языке), «Central Asia's Affairs» (на английском языке). Институт располагает собственным сайтом на трех языках: казахском, русском и английском, а также ведет аккаунты в социальной сети Facebook.

В КИСИ ежегодно проводится большое количество международных научных конференций, семинаров, круглых столов. Особый интерес у экспертов вызывают ежегодные конференции КИСИ, проводимые с 2003 года и посвященные проблемам безопасности и сотрудничества в Центральной Азии.

В научных форумах КИСИ принимают участие эксперты из Казахстана и стран Центральной Азии, а также ученые из Германии, Индии, Ирана, Китая, Пакистана, России, США, Турции, Франции, Японии и др.

На базе КИСИ постоянно проходят стажировку и преддипломную практику студенты ведущих казахстанских высших учебных заведений, а также зарубежные эксперты.

В настоящее время в институте созданы необходимые условия для профессионального и научного роста сотрудников.

Более подробную информацию о КИСИ можно получить по адресу:

Республика Казахстан, 010000, Астана,
ул. Бейбитшилик, 4
Тел.: +7 (7172) 75-20-20
Факс: +7 (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.
www.kisi.kz, www.kaziss.kz



The Kazakhstan Institute for Strategic Studies Under the President of the Republic of Kazakhstan

The Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan (KazISS) was established on June 16, 1993 by the Decree of the President of Kazakhstan. In April 2014, the President Nazarbayev of Kazakhstan issued the Executive Order to relocate the KazISS to Astana.

Since its foundation, the mission of the KazISS as the national research institution is to provide analytical support to the President of Kazakhstan and to the government bodies of Kazakhstan.

The KazISS is a professional research and analysis center that is listed among the top 100 in the field of security and ranked the 57th as a government affiliated think tank according to the Global Go To Think Tank Index (http://repository.upenn.edu/think_tanks/10/).

The KazISS enjoys a reputation of the leading think tank of Kazakhstan due to its highly professional pool of experts. The KazISS currently employs two Corresponding Members of the National Academy of Kazakhstan, eight Doctors of Science, four Candidates and a PhD who specialize in such disciplines as economics, political science, sociology and history.

During the twenty-four years of its functioning, the KazISS has published more than 250 books on the issues of international relations, global and regional security. The Institute issues three journals: the *Kogam zhane Dayir* in Kazakh, the *Kazakhstan-Spectrum* in Russian and the *Central Asia's Affairs* in English. The KazISS has a trilingual website in Kazakh, Russian, and English as well as the Facebook account.

Special interest has been triggered by a great number of international conferences, seminars and round tables held by the KazISS on regular basis on the issues of security and cooperation in Central Asia.

The KazISS is the basis for professional training and internships for students of the leading Kazakhstan universities and fellowships for both Kazakhstan's and foreign scholars. The KazISS is keen to provide all conditions necessary for further professional development of its researchers.

For any further information, contact us:

4, Beybitshilik St.
Astana, 010000
Republic of Kazakhstan
Tel: +7 (717) 75-20-20
Fax.: +7 (717) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz, www.kaziss.kz